

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Восточно-Казахстанская область**

|                             |    |
|-----------------------------|----|
| Адылгазинова Назиля .....   | 3  |
| Алимханова Алима .....      | 13 |
| Амангелді Ақылбек .....     | 15 |
| Амангулова Айдана .....     | 18 |
| Асқарұлы Нұрбол .....       | 19 |
| Ахметвалиева Рената .....   | 21 |
| Аюпов Азамат .....          | 23 |
| Әшөкова Ажар Оразқызы ..... | 25 |
| Байқалова Айдана .....      | 28 |
| Бижуманова Айдана .....     | 31 |
| Газизова Салия .....        | 34 |
| Думанбек Назерке .....      | 37 |
| Дүйсенбенова Самал .....    | 39 |
| Дюсенова Еркежан .....      | 41 |
| Ерболова Инабат .....       | 44 |
| Ержанова Азиза .....        | 48 |
| Ержанова Ұлжан .....        | 51 |
| Жарқын Дидар .....          | 56 |
| Жәмсап Ақерке .....         | 58 |
| Каниева Жансая .....        | 61 |
| Кимадиева Лаула .....       | 64 |
| Қажыбекова Тамирис .....    | 68 |
| Қалибекова Ақерке .....     | 71 |
| Қарпықова Сымбат .....      | 73 |
| Қарсыбаев Жарқын .....      | 77 |
| Қасымбекова Аяулым .....    | 80 |
| Қозыкенова Балауса .....    | 83 |
| Мағауянова Аида .....       | 86 |
| Машарупова Балнұр .....     | 89 |
| Мерхатқызы Меруерт .....    | 91 |

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

|                            |     |
|----------------------------|-----|
| Мухамадиев Дамир.....      | 94  |
| Мұрат Баян.....            | 95  |
| Нұрсабет Диляра.....       | 98  |
| Отан Балдырған.....        | 100 |
| Ранджабар Али.....         | 104 |
| Рүстемова Махаббат.....    | 106 |
| Сағаткенов Шыңғыс.....     | 109 |
| Сейлханова Алтынай.....    | 113 |
| Синегуб Вероника.....      | 116 |
| Синицкая Анжелика.....     | 118 |
| Талапбек Мария.....        | 120 |
| Тоқтарғазынова Раушан..... | 126 |
| Толқын Ынтымақ.....        | 129 |
| Түрленбаева Зарина.....    | 132 |
| Үмбетова Мадина.....       | 135 |
| Файзоллин Мағжан.....      | 139 |
| Хамитов Диас.....          | 141 |
| Шәріпханова Динара.....    | 144 |

**Адылгазинова Назиля**

10-сынып, «Әуезов атындағы орта мектебі» КММ,  
Шығыс Қазақстан обл., Көкпекті ауд., Тассай ауылы  
Жетекшісі: Мухаметкалиева Гульмира Нуржановна

### **Менің отбасымның тарихындағы Ұлы Отан соғысы**

Ешкім де ұмытылмайды,  
Ешнәрсе де ұмытылмайды

Қазақстан Республикасының елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазақ халқына өзінің 2014 жылғы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» жолдауымен таныстырмас бұрын: биылғы жыл тарихи оқиғаларға толы жыл деп, Қазақ хандығының - 550 жылдығы болса, Абайға - 170 жыл, Ата Заңымызға - 20 жыл, Тәуелсіз елдігімізге - 23 жыл, Қазақстан Республикасы Ассамблеясына - 20 жыл, Ұлы Жеңіске - 70 жыл деген. Ұлы Жеңіс Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы елдері үшін ғана емес, сонымен қатар әлем халықтары үшін де үлкен оқиға.

Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жүздеген қала мен елді мекендерді тып-типыл етті. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарының тарихындағы қасіретті бет қана емес, сонымен қатар ол халықтарымыздың теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр-қайратының, бірлігінің дәлелі.

Соғыста қазақстандықтардан жасақталған әскери бөлімде ата-бабаның ежелгі қаһармандық дәстүріне адал бола білді. Сол бір сұрапыл да отты жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек еткен тыл қаһармандарының ерлік істері де ешқашан ұмытылмақ емес.

1941жылы 22-маусымда гитлерлік Германия КСРО-ға опасыздық пен шабуыл жасады. Сол күні кеңес үкіметі халықты Отан қорғауға шақырды. Үкіметтің елге арналған үндеуі: «Біздің ісіміз әділ. Жау талқандалады. Біз жеңіп шығамыз!» - деген сөздермен аяқталды.

Сөйтіп соғыс әр үйге, әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды. Мен Ұлы Отан соғысы жеңісінің қарсаңына украин қызы, ауылымның келіні, жерлесім офицер Момуканов Даут атамыздың жары, төрт баланың анасы, немеренің әжесі, туыстай сіңісіп және құдайдың өзі қалап берген, менің мақтан тұтатын қабырғалас көршім болған Ұлы Отан соғысының ардагері Момуканова(Титаренко) Меланья Тимофейқызы жайлы әңгіме қозғағым келеді. Менің мақсатым: ауылымыздың бір көшесіне ардагер апамыздың есімі берілсе деймін. Ауылымыздың мәдениет үйінде бірінші наурыз күні «Қазақстан Республикасы Ассамблеясына 20 жыл» мерекесіне ауыл тұрғындары әр түрлі ұлттардың дәстүрлі ұлттық киімін киіп, биін билеп, салт – дәстүрлерін көрсетіп, концерттік бағдарлама ұйымдастырған еді. Сол іс-шара аяқталысымен мен Меланья Тимофеевна апамыздың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

ұлдарын осы мерекемен құттықтағым келіп, барып едім. Есіктен кірген сәттен-ақ апамыздың Мереке есімді ұлы менің құттықтауыма ризалығын білдіріп, дастархан басына шақырды. Оны бүгінгі мереке қатты толғандырғаны сонша, Мереке ағай анасы Меланья Тимофеевнаны есіне түсіріп: анамыз тірі кезінде, бізді, туған жері Украинаға апарып тұратын. Өзінің жастық шағын, Ұлы Отан соғысы кезінде көрген қиын –қыстау уақыттарын айтып беретін, - деп үнсіз қалды. Мен ағайдан анасының соғыс кезіндегі сәттері, ерліктері туралы айтып беруін өтіндім.

Сонда Мереке аға: - дүниеден өткен Меланья анашымның айтуы бойынша, 1922 жылы 22 қаңтарда Украина Республикасына қарасты Кировогра облысының Чигринский ауданы маңындағы Голоковка селосында дүниеге келген. Осы елді мекенде орта мектепті бітірген. Кейіннен Донецк облысы Сталин қалашығының екі жылдық медбикелік мектебін бітірді. Оқуды бітіре салысымен Донецк облысы Горловка селосының емханасына жолдамамен балалар бөлімінде медбикелік міндетті атқарады.

1941 жылдың 30 шілде айында 100/23 нөмерлі командасына Горловка аудандық әскери бөлімшесінің бұйрығымен медбикелік мамандығы бойынша жіберілді.

Кейіннен 3429 нөмерлі жедел емдеу әскери госпиталіне медбике болып қабылданады. 1942 жылдың 1 мамыр айында Ростов – на – Дону қаласының жедел емдеу әскери госпиталінде әскери серт беріп, күндіз – түні шайқас алаңынан жарақатпен түскен солдаттарды емдеуге қабылданды.

Дон өзенінің бойында жаумен арпалысқан әскерге емдік көмек керек болғандықтан, совет әскері бекітіліп қоныстанған Махачкала қалашығына жедел емдеу госпиталіне жарақатпен түскен әскер толы эшелонды поездбен, ал емге қажетті дәрі –дәрмекті машинаға тиіп болған соң, Тихорецк қалашығына жол тартқан. Бір қарағанда бәрі тыныш болған сияқты, бірақ «Батайск» теміржол өткелінде поезд жаудың ауа зеңбірекшілерінің оғына түседі. Теміржол өткелінің жарылыстан күл паршасы шыққандықтан поезд тоқтап қалды. Өрт өршелене түсіп, жарақаттанған әскерлі вагондарды жалмай бастады. Бұйрық бойынша өртеніп жатқан вагондардан жаралыларды аман алып қалу болды. Соңымыздан келе жатқан дәрі – дәрмекпен толы көлікті жарақаттанғандарға босатып, көліктегі жабдықтың көзін құрту болды. Көлікпен Нальник қаласына жетген.

Жол бойы жау ауа зеңбірекшілері атқылап, мазаларын алды. Госпиталь құрамындағы 12 адам қаза тапты. Жарақаттанған әскерді құтқару кезінде өзі аяғынан жараланды. Жаяу шаршап шалдықса да жараланғандарды Махачкала қаласына жеткізді.

Санитарлық басқару кадрлар комиссиясы апамыздың денсаулығын қараған кезде жүрегінде ақау бар екенін анықтады.

Жарақат алғаннан кейін медицина комиссиясының шешімімен Приморск өлкесінің Камень – Рыбалов селосына медбике міндетіне жолданды. Сол

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

селода өзінің болашақ жарын, біздің жерлесіміз Момуканов Даутпен кездеседі. 1946 жылы 24 тамызда некеге отырып, ол кездегі Большевик (қазіргі Тассай ауылы) совхозына келеді. Ұзақ жылдар бойы ауылдағы ауруханада фельдшер болып қызмет етеді, - деп ағамыз, Меланья апаның баласы күрсіне жасқа толы көз жасын бір сығып алғаннан кейін, әңгімесін жалғастыра алмады.

Меланья Тимофейқызы туралы бар білгенім, естігенім осылай аяқсыз қалады ма? – деген ой мазалай бастаған сәтте есіктен Меланья апамыздың қаладан бірнеше күн бұрын келген ұлы Олег ағамыз мән жайды бірден түсініп, ағасының аяқталмай қалған әңгімесін ары қарай жалғастырды.

Олег ағай - анасы аяқ асты сырқаттанып қалған сәтте қасында болған адам. Оның айтуы бойынша: өмірінің соңғы күндерінде анам ауылымыздың қадірлі ақсақалы Беккожин Кеңес атамызды үйге шақырып, келешек ұрпақ, сендер бейбіт өмір тыныштығын әр қашан қадірлеп, қастерлей білсін, оның бізге оңай жолмен келмегенін, соғыста көрген қиындықтарымыздан хабардар болсын, ет пен сүйектен өткізер, әрбір басқан қадамдарын ой - санадан таразылар деп, өз қолымен, өзі туралы шағын автобиографиясын жазған, соғыс кезіндегі құжаттарын, ордендері мен медальдарын аманат қылды. Беккожин Кеңес ақсақал аманатты ауылымыздың Әуезов атындағы мектебімізге қарасты өлкетану мұражайына өткізген.

Анамыздың өлер алдындағы тілегі дүниеден өткеннен кейін мұсылмандық салтпен Момуканов Даут әкеміздің және қызы Тамараның қасына жерлеуін өтінеді.

Анамыздың жеке өмірінде қаншама қиын қыстақ күндер болды: жолдасы, әкеміз Дауттан ерте айырылса, қадірлі ұстаздың бірі, оқушының сүйікті мұғалімі, анамыздың сүйкімді де, ерке қызы Тамара қайтыс болса, жазылмас дерттен анасының өлімінен екі күн бұрын дүниеден кіші ұлы Владимир озды.

2009 жылы 17 сәуір айында Меланья Тимофейқызы денсаулығының нашарлығынан дүниеден өтті. Мұсылмандық жолмен әкеміз, жолдасы Момуканов Дауттың қасына жерленді.

Анамыз көзі тірісі кезінде Большевик совхоз тұрғындарының денсаулығының сақталуында елеулі еңбегі үшін «Үздік денсаулық сақтау» жұлдызымен мадақталады. Сондай – ақ «Ерлігі үшін», «Ұлы соғыстың II дәрежелі», жеңістің мерейтойлық медальдарымен (1965,1975,1985,1995,2004 жылдары), Украина президентінің атынан «Фашистік жаудың босатылу жеңісіне 60 жыл», Маршал медалі «Григорий Жуков» медальдарымен марапатталды.

Олег ағай ардагер анасы туралы естеліктерін осылайша аяқтады да, Мереке ағамызға бір қарап қойып: - ертең ата-анамыздың бейітіне барып, молданың құран бағыштап беруін сұрайық, - деді. Ал мен ағаларыма басымды иіп, ризалығымды білдіріп, үнсіз шығып кеттім.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Міне, осы сәттен бастап мені әртүрлі ойлар мазалай бастады. Неге осы апамыздың ерлігі үшін ауыл көшесінің бірі Момуканова Миланья Тимофееқызының есімімен аталмасқа?

Бүгінде әйел-ардагер Миланья Тимофееқызының дүниеден өткеніне алты жылдай өтті.

Осы мәліметтерден кейін, меніңше «Ұлы Отан соғысы» деген тақырыптың өзі ерекше тақырып. Ерекшелігінің өзі соғыс туралы көп жазылғанымен, біз тек ол туралы шығармалардың атын атайтын болсақ, бір кітап жетпейтін тәрізді. Бұл тақырыптың ерекшелігі ешқашан тыңдарман қауымды бей жай қалтырмайды, себебі ескі жараның беті ашылған сайын жан жүрегінді түршіктіреді. Ерекшелігі сонша естеліктер мен тарих парақтары бір-біріне сіңісіп, ұмытылмастай бірігіп кеткен. Қазіргі заман адамдары соғыс атаулының не екенін білмейді, әлемде соғыстың болуын қаламайды. Өйткенмен де ол соғысты жауға қарсы шыққан сол замандағы Меланья әжеміздей жастарда қаламаған, соғысқа кетіп бара жатып, ертеңгі таңды, табиғаттың сұлулығын, бала-шағасын соңғы рет көріп тұрғанын, «өлім» атты ажал аузына түсемін деп ойламаған. Соғыс бізден алыстаған сайын біз соғыста тыныштық үшін жанын қиған халықтың ерлігін кеңінен танып, біле бастаймыз. Әсіресе, қан майдандағы солдаттардың өмірін есімізге алсақ, жүрегімізді қылышпен сермеп өткендей сезімде боламыз.

Әлемде соғыс болмасын. Тыныштықты сақтап қалу өз қолымызда, достар!



Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.



Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.



Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.




Бала-шағасы



Меланья Тимофейқызы отбасымен



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**



Жеңіс ардагерлерімен бірге



Меланья Тимофейқызы



Момуканов Даут

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**



Меланья әжеміздің қайтыс болар алдындағы суреті



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**



Автобиографиясы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Алимханова Алина**

9 сынып, «№39 орта мектебі» КММ Өскемен қаласы

Шығыс Қазақстан облысы

Жетекшісі: Жигитекова Алтынай Ерсеновна

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмас !

Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,  
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас  
Ел үшін жаннан кешіп, жауды қуған  
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас  
Ер жауын зерттеп, өрт боп, тынбай жортқан,  
Ерлерді ұмытса да ел , бел ұмытпас  
Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан  
Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас  
Арқаның селі, желі, шөлі, белі  
Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас!  
Мағжан Жұмабаев

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 71 жыл толады! Жеңіс күні – бұл мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке.

Сұм соғыстың зардаптарын, жан түршігер оқиғалар, сол қанды кезенді еске түсіріп, елестететін газет – журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар, тарих сабақтары аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді.

Көптеген қазақ отбасы бұл сұм соғыстың зардабын шекті. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап , жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты.

Соғыс майданына азаматтарын қимай аттандырып жатқан отбасын да қорқыныш пен үрей билейтін. Әйел – аналарға да бұл кезең оңай болған жоқ . Бар ауыртпалық өздеріне түсіп , таң атқаннан түнге дейін Отан үшін , майдан үшін еңбек етті.

Бұл көп қасірет әкелген соғыс менің де туыстарымның жанына ауыр тиді. Менің үлкен атам Сәбит Рембеков соғыс майданында отыз сегіз жасында қаза тапқан. Оның артында әйелі мен алты баласы қалған. Менің әжем сонда 7-8 жаста екен , бірақ ол әкесінің кеткен күні әлі көзі алдында... Сол соғыстан менің ержүрек атам қайтпады.

Ұлы Отан соғысы басталғанда менің атам Қасымхан Алимханов он төрт жаста болатын . Ол қаршадай кезінен тылда жұмыс істеді. Тылда да жұмыс өте ауыр еді, адамдар күніне он сегіз сағат жұмыс істейтін. Олар майдандағы солдаттарды өз қамқорлығына алды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Бейбіт өмір үшін тынбай еңбектеніп , қасық қаны қалғанша күресті. Осының бәрін маған атам әлі күнге дейін айтып отырады. Мұндай қиыншылақтарды басынан өткерген атам биыл 9 мамырда 90 жасқа толады. Мен аталарымды мақтан етемін.

Сол сұрапыл соғыс кезінде адамдар өз өмірлерін аямай біздің бейбіт өмір сүруімізге жол берді. Бәрімізге тарих болып қалған сол жылдардың тауқыметін біліп есімізге алып жүрейік. Біз, жастар, мұны ұмытпайық! Соғыс ардагерлеріне тағзым етейік.

Қазір біздің еліміз аман , тыныш , тәуелсіз мемлекет.

Біздің Отанымыздың әрқашан бейбітшілік пен тәуелсіздікте болып, көркейіп өсе беруі үшін біздің борышымыз – жақсы оқу, тынбай еңбек ету, жақсы өмір сүру.

**Амангелді Ақылбек**

**9 сынып. "Шығыс Қазақстан  
облысы, Семей қаласының білім бөлімі"  
Мемлекеттік мекемесінің "Шаған кенті № 24  
жалпы негізгі білім беретін мектебі"  
Жетекшісі: Қасенов Есмұхамет Айтқазыұлы.**

### **Сол жылдарға жаңаша көзқарас**

«Ой алабы Шәкәрім: «Тура жолда қайғы тұрмас» дейді.  
Олай болса , тура жолдан таймайық , ағайын – бауырлар!  
Тәуелсіздігіміз тұғырлы , еліміз ғұмырлы болсын!  
Омаров Асан Қайырбекұлы

Ұлы Абай: «Пайда ойлама, ар ойла» деген еді. Біздің қоғамның ұстанымы әзірге керісінше болып тұр. Елбасы: «Отансүйгіш сезімнің әлсіреу себебі, жастар туған өлке тарихын білмейді, алдағы уақытта өлкетану пәнін мектепке енгізетін шығармыз» деген болатын.

Енді негізгі тақырыпқа ауысайын. Осыдан 71 жыл бұрын 1941 жылдың 22 маусымында таң қылаң бере фашистік Германия Кеңес Одағына баса-көктеп кірді. Күндей күркіреген қанды қырғын 1945 жылы 9-шы мамырда аяқталды. Төрт Қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының батыры атанды. Олар – Т.Бигелдинов, С.Луганский, И.Павлов және Л.Беда. Кеңес Одағының Батырларының қатарында қазақтың екі қызы – мерген А.Молдағұлова мен пулемётші М.Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі – Р.Қошқарбаев, әйгілі қолбасшы Б.Момышұлы, жау тылында жойқын ерліктер көрсеткен партизан атамыз Қ.Қайсеновтердің даңқтары ғасырдан – ғасырға жалғасады. Осылайша, қағаз бетіне түскен, түспеген, есімдері аңызға айналған нағыз ерлер, батыр аналар, қайсар қыздар, жігерлі жігіттер, кішкентай жүректері «Отаным» деп соққан есті жасөспірімдер қаншама десеңізші!?

Әр адамның санасына құйылып қалған қазақстандықтардың майдан даласындағы ерліктері алдықашан айтылып, том-том ән-жырлар, эпопея – романдар болып жазылып, кітап сөрелерінде сыңсып тұр, кинофильмдер көрсетілуде.

Біздің өңірдің тарихына үңілсек, 1928 жылдан Ертіс жиегіндегі бес ауыл – Сартерек, Қаратоғай, Жаңакүш (Академик – сенатор Жабайхан Әбділдиннің ауылы) Бөденелі, Алғабас ауылдары Май ауданы. Павлодар облысына қараған екен. Семей полигонының іргесі қаланған 1949 жылдан жаңағы бес ауылды Семей облысына қаратыпты.

Заман талабына қарай бұлар сан өзгеріске түсіп таратылған, кейбірінің орындары молаға айналған. 1950-1956 жылдары Семейден батысқа қарай

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

теміржол тартыла бастапты. Сол жылдары ірге тасы қаланған Шаған кентіндегі мектеп ауласында Ұлы Отан соғысына аттанып, қайта оралмаған 50 майдангердің аты – жөні жазылған үлкен тас ескерткіш тақта тұр. Оған ерекше күтім жасалады. Қыста қалың қардан тазартылып, жазда гүл шоқтары қойылып, айнала жасыл желекке бөленеді.

Ұлы Отан соғысы басталғаннан уақытпен санаспай, күндіз – түні еңбек еткен тыл еңбеккерлеріне қатал заман туыпты. Сүтке, майға, жүнге т.б. өнімдерге салықтар салынып, халық аш – жалаңаш күй кешкенін атам мен апам айтып отырады. Семей полигоны аймағында тұрғандықтан ба, қазір біздің ауылда тірі қалған не соғыс ардагерлері, не тыл еңбеккерлері жоқ.

М.Мақатаевтың:

Біздер жеңдік!  
Жоқ болып, жаралы боп.  
Қарсы тұрдық аждаһа алдында біз,  
Туған жердің аязы, бораны боп

деген жыр жолдары бар. Біз жеңіппіз, бірақ жеңіс тым қымбатқа түскенін мойындау керек.

Тәуелсіздік алғанымызға биыл 25 жыл толады. Бұл да аз уақыт емес. Осы жылдардағы зерттеушілеріміз "Отан соғысына 250 мың қазақтар қатысқан дегенді теріске шығарып отыр. Шындығында бұдан 2 есе көп, жарты миллиондай қазақ қатысыпты, бірақ Қазақстаннан сырт аймақта мекендеген қазақтар, сондай - ақ әлдебір себеппен тұтқынға түскен жандар ресми есепке кірмей қалған. Бір қызығы, соңғы жылдарда Ресей фильмдері тек өз халқын дәріптеуде, соғысқа қазақ және басқа халықтар қатыспаған сияктанады. Сәл шегініс жасайын.

1930 жылдары халықтың аузынан жарып, зорлықпен тартып алынған астық пен еттер қайда жұмсалған?

Осыған келейік.

"В помощь голодающему народу Поволжья" деген ұранның жалған екені белгілі болып отыр. Шындығында, Қазақстан мен Украина астығы кеме-кемеге тиеліп, мұхиттың арғы жағы - АҚШ-қа асып отырған. Америкадан сан алуан станоктар, зауыт жабдықтары, озық технологиялар айырбасқа алынған. Сөйтіп, "Индустриализация страны" деген 1-ші бесжылдық (1928 - 1932 жылдар) халықты аштықтың құрбаны қылу тәсілімен орындалды. Тарихшы мамандар бұл фактілерді бірауыздан бекіткен. Ең жаманы, сол зауыттардың көбісі қару-жарақ шығаруға арналыпты. Самолёттер, танктер, зеңбіректер дегендей. Ол күнде большевиктер Еуропаны басып алсақ, күллі әлемде социализм болар еді деп арман қылған. Бірақ Кремльдің құпия арман, жоспарларын барлаушылар Еуропаның билік басындағы адамдарына жеткізіп жатқан.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Нацистік партияның көсемі Адольф Гитлердің көктен іздегені, жерден табылып: "Қара да тұр, әне - міне, қызыл армия Еуропаға басып кіреді" деп жар салды. Осылайша, 1933 ж. фашистер күтпеген жерден үкімет басына келіп, күллі өндірісті әскери бағытқа қойды.

Соғыс аяқтала сала, ел - жұрт бейбіт өмірге қайтадан құлшына кірісті. Бірақ Кеңес Одағына соғыстан кейінгі тұрмыс - тіршілік Германия, Жапония елдеріндегі сияқты тез түзеліп кеткен жоқ. "Адам итжанды", "Адам жаны тарамыс " демекші, қай ауылда болмасын, аналар таңның атысы, күннің батысына дейін колхоздың жұмысында болды, қалт етсе, масақ теру, тары түйіп, талқан жасау, жүн түту, жіп иіру сияқты шаруаларға кірісті. Майданнан жаралы, мүгедек болып оралғандар да халық басына түскен қиыншылықты көрген соң, денсаулығына қарамастан еңбекке араласты. "Қара қағаз" алып, көкірегі шерге толған ана мен жесір, ата мен бала тіренішті еңбектен тауыпты.

Туған атам Тілеубаев Амангелді Сабыржанұлы 1943 жылы дүниеге келген. Бір әке -шешеден 13 бала болса, кенжесі екен. Соғысқа үш ағайы алынып, екеуі қайтпаған. Атам ауыл шаруашылығында, кейінгі 30 жыл Қазақ теміржолында үздіксіз еңбек еткен -зейнеткер, еңбек ардагері. 2016 жылы жарық көрген өлеңдер жинағы бар.

Өзінің "Жеңіске 71 жыл" өлеңінде:

|                                  |                                   |
|----------------------------------|-----------------------------------|
| Қалың елдің жүрегі жараланды,    | Елімнің азаттығы мәңгі болсын,    |
| Сұм соғыс кәрі- жасқа қарамады.  | Егіні бітік шығып, қамба толсын.  |
| 71 жыл өтсе де сол зұлматқа,     | "Нұрлы жол" бағдарлама іске асып, |
| Қайғырып, еске аламын ағайларды. | Беделі арта берсін күре жолдың.   |

|                                    |                                  |
|------------------------------------|----------------------------------|
| Жыл сайын Жеңіс күнін ел тойлаған, | Береке - бірлік болсын елімізде, |
| Өзімнің өңім сынық, ой ойлаған.    | Гүлденген жылдан- жылға          |
| жерімізде,                         |                                  |

|                                    |                                |
|------------------------------------|--------------------------------|
| Бір емес, екі ағайым келмей қалды, | Ұлтаралық татулық мәңгі болып, |
| Сүйегі қайда жатыр, қайран ағам?!  | Кір жұқпасын Елбасы сеніміне!  |

Қорытындылап айтарым: Ұлы даламызда мәңгілік тыныштық болып, төбемізде қара бұлт үйірілмесін.

Халқымыз айтқандай: Қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын заман болсын!

**Амангулова Айдана**

10 сынып Өскемен қаласы, «№ 26 орта мектебі» КММ

Шығыс Қазақстан облысы

Жетекшісі: Конакбаева Райгуль Орынбековна

### **Жүректі кернеген сағыныш**

Иә, бұл шығарманы жазарда қатты қиналсам да ойымды өзгелер оқып түсінетіні, келешек ұрпаққа үлкен ой салары анық. Әкесіз өмір сүру қандай қиын десеңізші. «Бұл өмірде әкенің орны ерекше. Мен туғанда, 1942- жылы 5-ші мамырда, әкем мені шекемнен бір иіскеп, атты әскермен майданға аттанған екен. Сол бойы әкемді көрген емеспін... Ол адам майданнан оралмады. 9 - мамыр қарсаңында көрсетілетін соғыс фильмдерін көріп, теледидарға үңіле қарайтынмын. Мен үшін ол адам бір жерден көрінетіндей, теледидар бетіне шұқшия, тесіліп отыратынмын. Тіпті балаларым шуылдап, жан-жағымда жүрсе, ұрсып та жіберетінмін. Ол бейкүнә сәбилер оны түсінбейтінде еді. Иә, менің әкемді сұрапыл соғыс жалмап кетті, мені байғұс анам беліне орап, масағын теріп, ерен еңбек етіп, асырап-бақты. Кей-кезде ашаршылық зардабы өзегімізді өртеген сәттерде, байғұс ана білдірмеуге тырысатын. Қара картопты отқа көміп жеп, бір уыс бидайды қанағат тұтатын едік. Енді сол балалық шағымды өз балаларыма айтсам ертегі тыңдағандай томсырайып тыңдап отыратын - деп әңгімелейтін еді». Бұл күнді енді халқымыздың басына бере көрмесін! Мен атамның Отаны үшін жанын қиғанына мақтансамда әкем үшін өзегім өртенеді. Әкенің орыны асқар тау құлағанмен бірдей ғой. Біздің ата-бабаларымыз сұрапыл соғыста қаншама қиыншылық күндерді бастан кешірді.

Қаншама адамдар қан төкті. Осы күнге жеткеніміз біздер үшін зор қуаныш. Ең басты мәселе еліміздің тыныштығы. Осы күнді тәуелсіздігімізді біздің ата – бабаларымыз аңсап кетті. Тәуелсіздік үшін қаншама тер төгіп, өз жандарын құрбан етті. Қазір жылдан - жылға соғыс ардагерлерінің саны сиреп азайып қалды. Ол адамдардың адал еңбектерін бағалап, мына бүгінгі ұрпақ сол адамдары пір тұта білсе, нұр үстіне нұр болар еді. Тек жеңіс күнінде ғана немесе қарттар күнінде ғана еске алмай, ол адамдары көбірек келешек ұрпақ санасына олардың бейбітшілік үшін күрескендерін жиі айтсақ деп ойлаймын. Мен бұл шығарманы жазарда атамның еңбегін оқырман жұртқа паш етемін деп қатты қуандым. Тіпті әкемнің әкесі, яғни менің атамды әкемнің көрмей кеткенімен, өз Отаны үшін күресіп, ажал құшағында кеткені.

Отан үшін күйгені емеспе! Мен шығармамды тәмәмдәй келе ерен ерліктері үшін күрескен майдангерлерімізге «Мың тағзым!» дегім келеді. Майдангер ата - бабаларымыздың ерлік істері мәңгілік біздің жадымызда сақталады. Тек шығармамды қорытындылай келе мұндай зұлым соғыс мүлде болмасын! Елімізде тек бейбітшілік бола берсін! дегім келеді.

**Асқарұлы Нұрбол**

8- сынып оқушысы

С.Торайғыров атындағы негізгі орта мектебінің

Қамысты ауылы

### **Ұрпаққа ұран болған ұлы ерлік**

Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіс болғанына жарты ғасырдан астам өтсе де «Жеңіс» деген сөз жүрекке соншалықты жақын сезіледі.

Адамзат тарихында алтын әріппен жазылған «Ұлы Жеңіс» жыл өткен сайын құрметпен аталып, даралана бермек.

Ел басына күн туған қатерлі шақта миллиондаған ер жүрек ерлеріміз бостандығымыз бен тәуелсіздігімізді жанқиярлықпен қорғады. Бүгінгі ұрпақ осынау ер жүрек ерлердің алдында мәңгілікке қарыздар. Қасіретті де қаралы жылдардың жаңғырығы әлі күнге жүректерден жазылар емес. Ұлы Отан соғысы шын мәніндегі аса үлкен, өте ауыр сын болды. 1418 күнге созылған бұл қатерлі айқаста Отанымыздың экономикалық қуаты, халқымыздың ерлік-жігері, олардың саяси бірлігі моральдық күші сынға түсті.

Ұлы Отанымызды шексіз сүйген халқымыз фашист басқыншыларын ойсырата талқандап, бүкіл дүние жүзінде цивилизацияны сақтап қалды. Адам баласының еркін дамуына, тәуелсіздігі мен бостандығына өріс ашты. Халқымыздың бұл ерлігі мәңгі жасап, ұрпаққа ұран, елге мұра болып қала бермек. Біз үшін жеңіс күнінен асқан мереке жоқ. Әрбір көктем бізді осынау ұмытылмас, әрі көптен күткен күнге 1945 жылдың 9-мамырына қайта оралтады. Соғыста қираған қалалар мен ауылдар әлдеқашан қалпына келтірілген. Бірақ соғыс салған жара әлі жазылған жоқ. Бұл қаралы жылдары 20 миллион совет адамы құрбан болғаны әркімге аян. 9- мамыр күні адамдар ескерткіштер мен тағзым алаңдарына асығады. Олар қазақ жауынгерлерінің тас мүсінге айналған бейнелеріне гүл шоқтарын қояды. «Ешкім де ұмытылған жоқ, еш нәрсе де ұмыт қалған жоқ» сөздері жиі айтылады, әрі соғыста қаза тапқандардың ескерткіштерінде жазылған. Халық зердесінде әлем фашистік құлдық қаупінен азат етілген бұл күн мәңгілік сақталады. Бірақ 1941 жылдың желтоқсанында Москва түбінде қар жамылған далада бір табан кейін шегінбей шайқасқандар үшін қандай алыс еді. Соғыс тарихында асқан ерлікті бейнелейтін бұл ұрыста 28 Панфиловшының 23-і қаза тапты. 28-дің 22-сі қазақстандықтар еді.

1942 жылдың тамызында Сталинград үшін ұрыс басталды. Сталинградтықтардың ұраны: «Бір қадамда шегінбейміз. Еділ ел шеті» болды. Сталинград түбіндегі жеңіс фашистік армияны түбегейлі күйретудің бастамасы еді.

8- мамыр күні Берлинде фашистік Германияның толық жеңілгені туралы құжатқа қол қойылды. Ал 9- мамырда Жеңіс құрметіне Мәскеу

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

бұрын-соңды болмаған мың зеңбіректен отыз дүркін салют берді. Бейбіт аспанда қызыл тулар желбіреді. Ұлы Жеңістің салюті жер үстін нұрландырып, бейбіт аспанды шұғылаға, адамдар жүрегін қуанышқа бөледі. Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан 1366164 адам қатысты. Ал мұның 601011-і елге оралмады, қаза тапқандары - 279696, мұның ішінде хабарсыз кеткендері-271503, госпитальда көз жұмғандары -42766, тұтқыннан оралмағандар-7045. Бұларды әр жылға бөлсек: 1941-66564, 1942-138574, 1943-142452, 1944-88436, 1945-45925 азаматты соғыста жоғалтқанымыз белгілі болды.

Жеңіс жолында тылдағы еңбеккерлер еңбегі де ерен болды. Олар өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп, төзімділікпен күтті.

Иә, бұл жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. Соғыс салған ауыр зардаптардан қайғы –мұңды ұмытуға болмайды. Жеңісті жақындатуға күш салған барша аға ұрпақты, бейбіт күнде жауқазындай жайнап өскен жас ұрпақты осынау ұлыстың ұлы күнімен шаттана құттықтаймыз. Келер ұрпақ үшін мың тағзым, ардагерлерге !

70-мінекей жыл өтіпті,  
70 жыл дүниені жыр етіпті.  
Сіздер жеңген 70 жылдан бері,  
Европа тастады құл етікті.  
Жеңіс деген жақсылықтың сыңары.  
Жігер менен құштарлықтың құралы.  
Күрескердің арманы мен ұраны,  
Қуаныш пен мерекенің бұлағы.

Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесі құтты болсын!

**Ахметвалиева Рената**

5 класс, КГУ СОШ №29 г.Семей  
Восточно-Казахстанской области  
Руководитель: Байжумаева Ж.К.

### Семейліктер Ұлы Отан соғысы жылдарында

Бірі айдан кейін адамзат өз тарихындағы қаһарлы соғыстағы Жеңістің 70 жылдық мерекесін тойламақ. Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жүздеген қала мен елді мекендерді тып-типыл етті. Сөйтіп соғыс әр үйге, әр отбасына жазылмас жараның ізін қалдырды. Сол бір сұрапыл отты жылдарда Семей жерінен де талай боздақтар майдан даласына аттанды. Олардың бірталайы туып-өскен жеріне орала алмады. Тек дәм тартып, аман қалғандары ғана жеңіспен қайтты. Семей қаласы Ұлы Отан соғысы жылдары ірі мобилизациялық орталық болып саналатындығы мәлім. Бұл қалада «Бәрі де майдан үшін» деген ұранмен тылдағы еңбеккерлер аянбай тер төкті. Ұрыс даласына азық – түлік өнімдері мен әскеи құрал-жабдықтар жөнелтіліп отырды. Сол жылдары күллі әлем бойынша 27 млн. адамның өмірі қиылды десек, соның ішіндегі 1 млн. 700 мың адам қазақстандық болған. Ал, осы көрсеткіштің 50 мың адамы осы Семей шаһарынан аттанған қыршындар еді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлік пен батырлығы үшін 44 Семейлік жауынгерге Совет Одағының батыр атағы, 11 адам 3-ші дәрежелі даңқ орденімен наградталған. Семейлік батырлардың қатарында ұшқыш Петр Железняков, жауынгер Иван Варепаны, барлаушы Сергей Елистратовты, зеңбірекші Мұқатай Әбеуловты, Виктор Буторин, Қойгелді Әбеуловты т.б есімдерді атаған жөн.

1941 жылдың 26 қыркүйегінде Батыс майданға 238-ші атқыштар дивизиясы жіберілді. Қызыл Армияның бас штабының 16 қазанындағы жарлығы бойынша дивизия 49 армияның құрамына енді. Сөйтіп, жауынгерлік тапсырманы орындауға кірісіп кетті. 238-ші атқыштар дивизиясының жауынгерлері ерліктің небір тамаша үлгілерін көрсетті. Мәскеу түбіндегі 35 тәулік ауыр шайқастар жүргізген олар кейіннен Алексино түбіндегі ұрыстарда табыстарға жетті. Астана түбінде көрсеткен ерлігі үшін дивизияға «Гвардиялық» атағы берілді. Қызыл Ту орденімен наградталды.

Кейіннен 30-шы Қызыл Тулы атқыштар дивизиясы Ржев-Везьма, Смоленск түбіндегі шайқастарға қатысты. Латвия жеріндегі ұрыс кездерінде айрықша көзге түскені және Рига қаласын азат етуге қатысқаны үшін «Рига дивизиясы» құрметті атағы берілді.

Прибалтика, Молдавия жерінде де жерлестеріміз ерлікпен шайқасты. Атақты палуан Қ. Мұңайтпасовтың қаржысына жасалған самолетпен ұшқыш Қ. Шалабаев 217 рет әуе шабуылына қатысты. Берлинге дейін барды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Аюпов Азамат

6 сынып №8 мектеп-кешені.ШҚО Семей қаласы  
Жетекші:Кажытаева А.К

### Тарихым-ұлт тағылымы

Қазақ халқы ұлттық мүдде, тұтастық, ынтымақтастық мұратын алдына негіз ете отырып, ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, ұлттық қасиетін жоғары ұстауды негіз еткен. Қазақстанда соғыстың алдында 6, 2 миллион халық тұратын еді. Осы жылдары республикамыздан 1 млн. 196 мың 164 адам қару асынып, майданға аттанды. Республикадан еңбек армиясына 700 мың адам жіберілді. Сонда Қазақстаннан соғыс жылдары әскери комиссариаттары арқылы 1 млн. 900 мыңдай адам сапқа тұрды. Иә, осынау ұлан - ғайыр даламыз нені бастан кешірмеді дейсіз? Небір төңкеріс, небір көтеріліс, небір жеңіс пен жеңілісті, қызық пен қиындықты өткерді емес пе? Ата – бабаларымыздың осындай ерлігінің бірі – Ұлы Отан соғысындағы жеңісі. Сонау 1941 жылы бейбіт жатқан елге Германия фашизмдері ашқан соғыс қазақ ұлдарын да жалмап, ананы баласыз, баланы әкесіз, әйелді жесір қалдырғаны әрбір адамның жүрегінде.Бұл жылдары жүрегі Отаным деп соққан әр азамат барынша күресе білді. Әрбір азамат өз Отанына деген антын орындап шықты.Қазақ халқы елі мен жерін жауға бермей ұрпақтарына аманаттауы бұл ұлттық рухтың биік шыңы деуге болады. Қазақ халқының тарихында ұлттық рухтың биіктеу шыңы тарихи оқиғалардан көрініс табады.

Бірінің жары өлгенде,  
Бірінің жары хабарсыз  
Сұрапыл басқа төнгенде  
Кетіпті қара қағазсыз

Міне, соғыс қасіреті осылайша ананы баладан, баланы әкеден, әкені баладан айырып, көздің жасын көл етті.

Олар Отанымыздың байтақ жерін қорғады,  
Ақ сүт берген анасын қорғады,  
Самал ескен даласын қорғады.  
Пәк жүзді арай баласын қорғады

«Бұл дүниеде біздің Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан. Бұл туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықта абыройының өсуіне адал қызмет етуге парыздармыз. Ол үшін әрбір азамат еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халықтарымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

үлкен тарихи жауапкершілік екенін жақсы жан – тәнімен сезіну керек», - деген ел президентінің ғибрат сөзі патриоттық ұғымының, ел мен жердің бүтіндігін сақтау, халықтар достығы мен бірлігі екенін нақтылай түседі.

Тәуелсіз ел ретінде өткен жыл ішіндегі қол жеткен ең ірі жетістіктердің бірі – ұлттар арасындағы араздықтың жоқтығы.

Ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуде жалпы адами мәдениеттің құрамдас бір бөлігі болып саналатын ұлтаралық қатынас мәдениеті үлкен рөл ойнайды. Ұлт бар жерде ұлтаралық қатынас сөзсіз болады. Ал ұлтаралық қатынас арқылы тұтас қоғамның мәдени дәрежесі көрінеді. Сол себепті оқушыларды интернационалдық, яғни ұлтаралық тәрбиеге баулудың мыңызы зор. Өзімен қатар өзге ұлтты да сүйіп, сыйлау – біздің мәдениетіміздің жоғарылығын, тұғырымыздың биіктігін, еліміздің тәуелсіздігі мен ынтымақтастығын көрсетеді.

Бойымызда отансүйгіштік, ерлік, батырлық, патриоттық сезімдерді арттыру үшін өткен ата-бабаларымыздан үлгі өнеге, тәлім-тәрбие алуымыз керек. Оларды қуана еске алып, мақтана айту – қазақ халқының әрбір перзентінің парызы.

Таңның атысы, күннің батысында тек еліңді еске түсір, Отаныңды ойла, туған жеріңді жырла. Сонда ғана сен «Кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік» демекші, кіші емес кісі боласың, ел қажетіне жарар нағыз азамат боласың. Сонда ғана сен бақытты боласың деген қасиеттерді жастардың бойына сіңіру - негізгі міндеттердің бірі. Патриоттық тәрбие – тамыры терең тәрбие. Сол себепті патриоттық тәрбие тамырын кеңге жаюы тиіс.

Патриоттық тәрбие – еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуы жаңа сапаға ие болып, тәрбие процесіне жаңаша көзқарас қажет болып отырғандықтан, қазіргі кезеңнің күрделі шарттары аясында іске асырылуда. Сонымен, оқушыларға патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты – оқушының, жеке тұлғаның, әлеуметтік топтың патриоттық іс-әрекеттерін саналы түрде меңгеріп алудағы талпынысын айқындайтын саяси-моральдық, кәсіптік, психологиялық, дене шынықтыру сияқты сапаларды қалыптастыру.

**Әшөкова Ажар Оразқызы**

«Берел орта мектебі» КММ  
8-сынып оқушысы

Отан үшін отқа түс, күймейсің  
Б.Момышұлы

Жан толқытар ең қасиетті мейрам Ұлы Жеңіс күніне биыл 75 жыл толып отыр. Қарт майдангерлер омырауларына сылдырлатып төс белгілерін тағып ел қорғаны, айбары бола білгендіктерін мақтан етеді. Жас ұрпақ, біздер, оларға қызыға қараймыз. Олардың жақсы істерін өнеге тұтамыз. Бір өкініштісі Катонқарағай өңірі Берел ауылынан аттанған қарт майдангер аталарымыздың қазір де бірі жоқ. Бәрі бақилық болған. Бір қуантатын жағдай мектеп алдындағы соғыста мерт болған аталарымызға орнатқан құлыптас қана. Мектеп оқушылары құлпытасты көз қарашықтарындай күтуде. Жан-жағында егілген жасыл шырша ағаштары, жазда жайқалған түрлі-түрлі гүл дестелері, ерекше күтім-бәрі олардың кім үшін, не үшін өмірлерін қиғандарын, мерт болғандарын ұрпақтың білетінінің айғағы емес пе?! Төменгі сыныптарда мұғаліміміз: «Үстіне шықпаңдар, құлпытастың астында аталарың жатыр. Олар сендердің жарқын өмір, болашақтарың үшін мерт болды. Олар Отанын шексіз сүйді, жауға бермеді, өздері өлсе де жерін жауға бермей қорғады. Олардың есімдерін мақтан тұтып, есте сақтаңдар», - деп айтқанын кішірек болсам да ұғатынымын.

«Отан...» деген сонда қандай киелі, қасиетті сөз деген ой көпке дейін маған маза бермеп еді.

Қазір мен 8-сыныпта оқимын. Түсінік аям, ұғымым кең. Ол туралы тәрбие сағаттарында да айтылып жатады.

Менің ұғымымша, Отан дегеніміз-адамның туып – өскен жері, туған-туысқандарымен, жақындарымен бірге тұратын атамекені. Қазақ елінде тұратын адамдардың Отаны-Қазақстан Республикасы. Адамның жақсы, бақытты өмір сүруі көп жағдайда Отанға деген сүйіспеншіліктен туатынына көз жеткізгендеймін.

Осындай керемет, еңселі, ұлан-ғайыр жерді сақтап, жақсы өмір сыйлаған Ұлы Отан соғысында жаумен шайқасқан аталарымыздың, апаларымыздың ерлігі бізге үлгі-өнеге болуы тиіс. Өз басым үлгі тұтып қана қоймай, мың мәрте оларға алғыс айтып, тағзым етемін...

Мен сияқты өскелең ұрпаққа үлгі боларлық батыр тұлғалар өте көп. Оларды мың-мыңдап ауыз толтыра мақтанышпен аттарын тізбектеп атауыма болады. «Ақ паракқа мені жаз, мені ұмытпа!»- дегендей менің көз алдымнан, бейнебір көгілдір экрандай батыр аталар мен апаларым тізбектеле өтіп жатыр...

Бәрін паракқа қалай сыйғызамын? Сөйтсе де ерлігімен мені қатты тәнті еткен біраз ерлердің ерлігін жаза кетуді жөн көрдім.

Олар кімдер? Аты аңызға айналған, бүкіл әлем халқы ұрпағына ерлігін үлгі еткен Бауыржан Момышұлы атамыз, капитан Гастеллоның ерлігін қайталаған қарағандылық Нүркен Әбдіров, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын алған ұшқыш Талғат Бигелдинов, Александр Матросовтың ерлігін қайталап, дзоттың аузын кеудесімен жапқан ленинградтық батыр Сұлтан Баймағанбетов, қазақтың қос шынары Мәншүк, Әлия апаларымыз, партизан жауынгер атамыз Қасым Қайсенов, Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев тағы басқалары толып жатыр. Бабаларымыздың осы ерліктері ұрпаққа үлгі боларлық емес пе?!

«Азаттық, теңдік, тәуелсіздік» деген ұғымның салтанат құруы үшін талай жастардың бастарын қатерге тіккеніне Желтоқсан оқиғасы, Желтоқсан ызғырығы, Қайрат, Ербол, Ләззәт, Сабира сынды ер жүрек қыз-жігіттердің ерлігі бабаларымыздан алған өнеге екеніне ешкім шүбә келтірмес. Егемендік үшін қан төккен аға-апаларымыздың ерлігін мәңгі есте сақтаймын.

Бабалар ерлігі-ұрпақ есінде. Мен де солардай отаншыл болып өсемін, қандай қиын-қыстау күндері еліме қорған болуға даярмын. «Отаным-Қазақстан!. Сені шексіз сүйемін!» деп, жұдырықтай жүрегімнен шыққан сөзді мақтанышпен айтамын. Ата-бабаларымыздың біздің жақсы өміріміз үшін жасаған ерлігінің арқасында осынау іңкәр заманға жеткен елімді мақтан етемін.

Отаным-Алтайдан Атырауға дейін керіле көсіліп жатқан кең жазира. Әні мен күйі, шалқыған сыры мен жыры толқыған ғажайып сұлу сахара. Бабаларымыздың бізге сыйлаған жақсы өмірінің арқасында біздің еліміз бай, жеріміз кең-байтақ. Түрлі ұлттар тату-тәтті, бірлікте өмір сүріп жатыр.

Қазақстан-Мәңгілік ел! Солай болып қала береді. Осындай елде туғанымды бақыт санаймын. Жылдан-жылға өсіп келемін. Жоғары білім алып, елімнің көркеюіне үлес қосуды армандаймы. Ең бастысы, Қазақстан Республикасының туын биікке көтеріп жүрген азаматтарға ұқсағым келеді. Астана ЭКСПО-ның жеңімпазы атанса, әр қазақтың төбесі көкке жетер еді. Мәңгілік ел болуға үлес қоссам, елін жаудан қорғап, қасық қандары қалғанша жаумен жайқасқан аталарымыз бен апаларымыздың есімін, ерлігін жүрегімде мәңгі сақтап, отаншыл болып өсем деймін. Бұл-менің асқақ қиялым, қолым жетер арманым..

Қорыта келгенде, Бауыржан Момышұлы қазақ халқының ұлы қаһарманы. Ұлы Отан соғысы кезіндегі әскери шеберлігі, тапқырлығы мен жеке басының ерен ерлігі аңызға айналған Бауыржан ата бейбіт өмірде соғыс туралы естелік жазып, бізге өсиет қылып, көп үлгі қалдырған. Батыр ата туралы естеліктерді оқығанда, қайсарлығына тәнті болып, кеудемді мақтаныш сезімі билейді. Оның ерлік, адалдық, намыс туралы нақыл сөздері қазақтың жастарына күш-қуат, жігер береді. «Ердің туы-намыс», «Сен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

жаудан қашсаң, өмір сенен қашады», «Екі сөзді-ер емес», «Серт –ер серігі» деген нақыл сөздері мысал бола алады. Қазақ және орыс тілдерінде әскери патриотизмді, адалдықты, ерлікті ту еткен шығармаларының бірі-«Москва үшін шайқас» халқымыздың қаһармандығын, бірлігін бейнелейді.

1990 жылы ғана Момышұлына «Кеңестер Одағының Батыры» атағы берілді. «Бауыржан жұлдызды болған күн-қазақтың жұлдызы жанған күн» деп, Елбасымыз тебірене айтты.

**Байқалова Айдана**

7 сынып, № 47 орта мектеп

ШҚО Семей қаласы

Жетекшісі: Акимжанова Гульнар Байкаловна

### **Мен Атамды мақтан етемін!**

Есімі ел жүрегінде сақталған ер ғана бақытты

Бауыржан Момышұлы

Міне, Жеңістің ұлы күні. Осындай бейбіт күнді сыйлаған аталарымызға мың алғыс. Егер бабалар болашақ үшін ерлік көрсетпегенде, біз осылай өмір сүрмес те едік... Олар жері, елі үшін шайқасқа түсіп, кеудесін оққа тосты.

«Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды» дейді батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы. Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс. Қазір біздер өз алдына тәуелсіз мемлекетпіз. Осы тәуелсіздікке жетіп отырғанымыз – ел үшін күресте ерлікпен қаза тапқан ағалар мен батыл апаларымыздың арқасы. Олар бұл соғыста: «Өз Отанымызды жау шеңгеліне бермейміз!» – деп алға ұмтылды. Соның ішінде «жаным – арымның садағасы» деп ұрандаған қазақ батырларының бірі- менің нағашы атам Мұқаш Әміреұлы. Мұқаш Әміреұлы соғыс басталғаннан кейін 1941 жылдың күзінде әскерге шақырылды. Арнайы әскери дайындықтан өтіп, Ленинград майданында алғашқы ұрысқа қатысты. Ауылда қаршадайынан ауыр жұмыстарға төселген алғыр жігіт жинақылығы, ширақтығы, жауынгерлік тапсырмаларды орындаудағы тиянақтылығымен бірден командирлердің көзіне ілініп, көңілдерінен шықты. Архангельск маңындағы жаумен шайқаста көрсеткен батылдығы мен табандылығы үшін «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Бұдан кейін де бірнеше жауынгерлік тапсырмаларды мүлтіксіз орындап, полк командирлерінің Алғыс хатын алды. Оқ пен оттың ортасында, өмір мен өлім беттескен небір ауыр сәттерде де жігерлілік, төзімділік танытып, туған елінің аманаты мен сеніміне селеу түсірген жоқ. Өзін қасиетті Шыңғыстауы, ұлы бабаларының рухы жебеп жүргендей сезінетін.

1943 жылдың ортасында майдан даласындағы ауыр шайқас кезінде оң жақ жауырынына оқ тиіп, қатты жараланды. Әскери госпитальде екі-үш айдай емделіп, комиссия әскери қызметке жарамсыз деп қорытынды шығарғандықтан, туған елге оралды. Соғыстан жараланып қайтқан жас жігіт сол 1943 жылдың желтоқсанында Абай аудандық ішкі істер бөліміне қызметке қабылданды. Осы мекемеде 30 жыл, яғни 1973 жылы зейнеткерлікке шыққанша жемісті еңбек етті. Атам ерлік істерін тек соғыста ғана емес бейбіт өмірде де жалғастырды. Аудандық ішкі істер бөлімінде

қызмет істеген жылдары ел игілігі жолындағы, ерен еңбегімен ерекшеленді десек, артық айтқандық емес. Атам Мұқаш іске тиянақтылығының, қызметтегі мүлтіксіз орындаушылық қасиетінің арқасында әріптестері мен басшылықтың, жалпы аудан жұртшылығының құрметіне бөленді.

Ер азаматтар майданға аттанып, халық қапалы күй кешіп, ел ішін жоқшылық жайлаған тар кезеңде ішкі істер бөлімі қызметкерлерінің жұмысы оңай болған жоқ. Олар қоғамдық тәртіптің қатаң сақталуын, мемлекеттік заңдылықтың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етуге тікелей жауапты болды.

Ұлан ғайыр аймақты алып жатқан ауданның елді мекендері мен шаруашылықтарын атпен аралап, шұғыл тапсырмаларды жедел, тиянақты, іскерлікпен жүзеге асыру талап етілетін. Облыс орталығымен қатынас та қиын еді. Алайда, осыған қарамай, милиция қызметкерлері, соның ішінде менің де атам, тәртіптік пен реттілікті қоғам дәулетіне адал көзқарасты қалыптастыруда өз міндеттерін абыройымен атқарды.

Тумысынан еңбекпен есейген, майданда қан кешкен ауыртпалықтарды өз басынан өткерген, қызметке мінсіз, халық арасында беделді Мұқаш Әміреұлының еңбегін облыстық, аудандық ішкі істер бөлімдерінің басшылығы лайықты бағалады. «Құрмет белгісі», «КСРО ішкі істер қызметінің үздігі» төс белгісімен, «Ерен еңбегі үшін және ұлы Жеңістің 10,20,30 жылдығы» медальдарымен марапатталуы – майдангер жауынгердің бейбіт күндердегі белсенді қызметінің жарқын еңбегінің айғағы.

Үстімде сұр шинелім,  
Ақсаңдай басып келемін.  
Ұмытса да достарым,  
Ұмытар ма мені елім,

– деп халық ақыны Қасым Аманжолов жырлағандай сұрапыл соғыс жылдарында ерлік көрсеткен ерлерін оның артында қалған ұрпақтары ешқашан ұмытпайды.

Ерінбейтін еңбекқор, омырауын оқ тескен майдангер, бейбіт күндердегі ел тыныштығының қырағы сақшысы, қолы шебер, мінезі дархан Мұқаш Әміреұлының өмірден өткеніне біраз уақыт өтті. Содан бері заман өзгеріп, ұрпақ жаңарды. Сол ұрпақтың бірі, шөбересі, мен жүргенде атамның аты ұмытылмақ емес. Жыл сайын Жеңіс күнінде атамыздың айтқан өсиеттерін, ақылдарын еске аламыз. Мен батыр атамды мақтан тұтамын. Болашақта атамның жолын қуып, ішкі істер саласында қызмет етіп, бейбіт өмірдің тыныштығын сақтағым келеді. Ол үшін сабағымды жақсы оқып, жоғары оқу орнына түсуге осы бастан дайындалуым керек.

Біз әрқашанда Жеңіс күнін аға буынның Отанға деген сүйіспеншілігінің, жастарды патриоттық сезім мен ерлікке тәрбиелейтін

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

өлшеусіз өнегесі деп білеміз. Өкінішке қарай, жыл сайын ардагерлердің қатары азайып бара жатқандығы көңілге қаяу түсіреді. Бірақ көзден кетсе де, олардың ерлігі көңілден кетпесі анық. Олар тек Жеңіс әкеліп қана қойған жоқ, сонымен қатар ел еңсесін көтеруде аянбай еңбек етті.

Қайтпас тұлғаларды ұлықтап отыру – тек халықтың ғана емес, мемлекеттің борышы. Еліміз олардың еңбегін бағалап, көше аттарын берді, ауыл-ауылға соғыс құрбандарының ескерткішін орнатты. «Бұл өмірде әр ісіңнің жаңғырығы болады» деген Мұхтар Шаханов сөзін сараласақ, бүгінгі ашық аспанның кешегі жаңғырығы – отты жылдар еді. Біздің міндетіміз – солар сыйлаған ел тыныштығын сақтау.

Бижуманова Айдана

10 сынып №41 жалпы орта білім беретін мектеп Семей қаласы

Шығыс Қазақстан облысы

Жетекшісі: Қажығапбасова Марал Төкенқызы

Иә, шынымен Қазақстан - қазіргі уақытта абыройлы айбыны асқақтаған, көкжиегі мен көк аспаны астасып жатқан, кең төсінде ақбөкен алаңсыз жортып, айдынында аппақ аққу сыланған, жат елге алақанын жаймаған, қой үстіне бозтарғай жұмыртқалаған заман орнаған бейбіт, егемен ел. Осындай алып елде өмір сүріп жатқан қазіргі ұрпақ,мына бізде, арман жоқ.себебі қазір дүниежүзінде бейбіт әлем дегенімізбен дүмпуіл соғыстар, қанды қырғын,толқындаған көтерілістер әлемнің көптеген елдерінде орын алуда. Тыныш ұйқы мен күндізгі күлкі арман болған елдерде бар. Әйелдің құқығын төмендетіп құлдың күйін кештірген мемлекеттер жайлы да жиі естиміз. Оларға қарағанда біз бай, біз бақытты ұрпақ екенбіз. Түнде атқылаған зеңбіректің зілді үнін естіп, оты жалындаған бомбаның қаңқасын көріп жатқан жоқпыз. Мемлекет жастарға керемет жағдай да жасап қойған. Шет елде білім алғың келе ме әлде сол жақта қалып еңбек еткің келе ме ерік өзінде. Саған жол ашық, өзге елдің есігі де ашық. Себебі сен әлемнің әр елімен бейбіт дипломаттық қатынас орнатқан, өзге ел қызыға да, қызғана қарайтын Қазақстанның азаматысың, ежелгі қара қазақтың асыл қанысың, Нұр ағаның қорған болған ұрпағысың...

«Судың да сұрауы ба» деген. Осындай жақсылықтардың ортасында жүргендіктен біз де соған лайық қылық, соған лайық іс көрсетуіміз керек. Біздің, қазақтың жас ұрпақтарының, басты міндетіміз еліміздің нағыз патриоты болып, ел үшін, жер үшін талмай, адал еңбек ету, Қазақстанның құдіретті отын әлемге таныту. Мен әрқашан нағыз патриот болуға тырысамын. Маған қасиетті де айбынды Отанымыздың әр дүниесі, әр жаңалығы, әр адамы қымбат!

Қазақ-жанынан намысын биік қоятын, жігерлі де, батыр халық. Қазақ батырлары адамдығы мен батылдығын, парасаты мен жүректегі пәктікті биік ұстап, ел басына күн туғанда елім деп сұрапыл соғысқа қатысты. «Адал адам отанын сүйеді...» деп Б.Бұлқышев айтқандай жаратылысынан ақкөңіл, батыр, намысы биік, ақжарқын халық өз мүддесінен Отан мүддесін артық қойып, өмірін құрбан етуден асқан асыл ерлік жоқ екенін, Отанға деген махаббатын осылай жеткізеді. Қазақ деген - батыр халық. Ол еңкейгенге еңкейеді, шалқайғанға шалқаяды. Еңкейе қалса асқар-асқар тауына сүйенеді, шалқая қалса - азаматтығына, парасаттылығына сүйенеді. Сөйлесе Қазыбектей шешендігі, Төле бидей көсемдігі бар. Айтыса қалса, дауласа қалса Бөгенбайдай ерлігі бар. Қолынан қиыстырар Абылайдай тірлігі бар ел.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Қазір өз алдымызға тәуелсіз ел болсақ та Кеңес Одағы барлық халықтың ортақ мемлекеті болғандықтан, Отанымыздың абыройын, бостандығын қорғау үшін жаппай ерлік көрсетті. Даламыз қандай кең болса, пейілі де сондай кең, жеріміз қаншалықты бай болса, жүрегі де соншалықты бай халқымыздың елдігі мен ерлігі сынға түсті. Осылайша халқымыз ерен еңбегімен бүкіл әлем алдында ұлылығымен көрінді. Ерліктің негізі – сүйіспеншілік. Кісі сүйгенінің құлы да, құрбаны да болады. Отанын сүйген солдат ол үшін отқа да, суға да түседі. Сөйтіп саналы түрде ерлік жасайды. Ол ерлікті қай күні, қай сағатта жасайтынын солдаттың өзі білмейді. Сәт сағаты жетіп, жан толқыны тулап, шиыршық атып аспанға шапшығанда солдаттың жұдырықтай жүрегінен ерліктің жалыны бұрқ ете лаулай атылады. Дүниені дүлей тасқын кернейді. Жер сілкініп, тау төңкеріледі. Күн күркіреп, найзағай жарқылдайды. Солдат ерлік жасағанда осылай болады! Солдаттың жүрегін ерлік атты балапан жұмыртқадай жарып шыққанда осылай болады. Бірақ солдат оны ерлік жасадым деп есептемейді. Азаматтық міндетімді атқардым, Отан алдындағы перзенттік борышымды өтедім деп қана біледі. Өзінің ерлік жасағанын өлген солдат білмей кетеді, тірі қалған артынан ұғады. Әркімнің де ер атанғысы келеді. Елім деп еңіреп туған асыл азаматтардың ерекше еңбегі ғана ерлік болып бағаланады. Екіншісі біріне ер атағы берілмейді. Он мыңның бірі, миллионның жүзіне ғана тиеді ол құрмет. Ердің ерлігін ел бағалайды. Бір ердің ерлігі жүз жауынгерге үлгі, мыңға өнеге болады. Ердің ерлігін ер қайталайды. Сондықтан да Ұлы Отан соғысында Матросов ерлігін 275, Гастелонның ерлігін – 207 адам қайталады. Ұлы Отан соғысы 1418 күнге созылды. Бұл соғыста ТМД (Тәуелсіз мемлекет достастығы) елдерінен 23 миллионнан астам адам қаза тапты. Соғыста қаза тапқан қазақстандықтардың саны - 603 мыңнан асады. Кеңес Одағының Батыры атағын алғандар - 11600 адам. Оның 497. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және көп басқалар. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды. Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне қанша жыл, қанша ғасыр өтсе де ешкім оны санасынан өшіре алмайды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік катал соғыста Жеңіске жеткізді.

Мен,жүрегім елім деп соққан,елбасымыздың сөзімен айтқанда болашағынан үлкен үміт күтетін Томирис,Мәншүктердей тұлғалардан нәр алған қайсар қазақтың қызымын!Еліміздің көк туының әлем төрінде биікке көтеріліп,мемлекеттік әнұранымыздың орындалып жатқанын көргенде көкірегімді намыс кернеп, қаным толқып, мақтаныш пен қуаныштан еріксіз көзіме жас аламын.Әр уақытта ұлтымыздың,тіліміздің мәртебесін жоғары қоюға тырысамын.Әр еңбегімді,әр ісімнің жеңісін еліме қызмет етуге ашылған жарқын болашақ есігі деп түсінемін.Туған жерімнің бір уыс топырағын әлемнің бар асылын берсе де айырбастамаймын. Себебі ол -менің ұлы анам.Ана мен бала арасындағы махаббаттың өлшеусіз,шексіз екендігіндей менің Отаныма деген махаббатым дәл осындай.Себебі бұл жер талай-талай сан ғасырлық тарихы бар,мен сияқты келер ұрпағының келешек бейбіт өмірі үшін талай елім деген ерен азаматтарымыздың,аталарым мен апаларымның қаны тамған киелі жер.

Газизова Салия

9-сынып, «Октябрь мектеп-балабақша кешені» КММ  
Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы  
Жетекші: Долдина Анар Советхановна

Ерлігімен үлгі болған Жеңіс жауынгерлері  
Ерлік табиғат сыйы емес, тәрбиенің жемісі,  
Отан алдындағы қасиетті парызыңды орындау үшін  
адамзаттың ең асыл сезімімен жігерленуі  
Б. Момышұлы

Ел басына зұлмат зобалаң әкелген, ел қасіретін қайғымен қаптап, бейбіт отырған әр шаңырақтың қаймағын шайқап, түтінін өшірген соғыс жаңғырығы еш уақытта адамдар жадынан өшпек емес. Керісінше, неғұрлым алыстаған сайын жан жарасының жазылмас қайғысын жаңа қырынан танытып, ойланта түседі. Осынау қанды қырғын қайтадан қайталанбаса екен деген ой әр солдат әңгімесінен кеше ғана естілгендей болып тұрады.

Биыл Ұлы Жеңістің басталғанына 75 жыл толады. «Елу жылда ел жаңа» деп айтқандай, тұтас бір ұрпақ ауысты. Бірақ та ұрпақ ауысқанмен, ұрпақ санасы осы қасіретті ұмытқан жоқ. Атадан немереге өмір үшін, ұлтарактай жер үшін, ар мен намыс үшін жан алысып, жан беріскен арпалыс аңыз болып тарауда. Сарғайған солдат хаттарынан, мұрағаттардан табылған деректер сұрапыл сол жылдардан сыр шертсе, қарапайым қатардағы солдат ерлігімен өрілген әр Жеңіс жауынгер естеліктерінен: «Бізді ұмытпаңдар, біздің ерлігіміз бен өрлігіміз сендердің жадыларында,» -деп кейінгі ұрпағына аманат еткендей болады. Аманаттың жүгі ауыр. Асыл ағаларымыз бен аталарымыздың қанымен жазылған шежіре жастайынан қыршынынан қиылған тағдырлар үшін, үзілген үміттер мен өшкен өмірлер үшін, соғыс ауыртпалығын арқалаған балалық өмір үшін, жарын күтіп қартайған жесірлер үшін ұрпағына ұлы ісін ұлағат етеді. Жарқын жасампаз өмір үшін, ұрпағымыздың ұрпағын осынау қанды сойқаннан алыс ету үшін де алдыңғы толқын –ағаларымыздың ерлігін үлгі етіп, есімізден шығармауымыз- біздің міндетіміз. Міндетіміз деген сол -өзіміз әр жерлесіміз, әр ауылдастарымыздың ерлігін танып, кейінгіге таныта білуіміз.

Ұлы Жеңісті жақындатқан жауынгерлер қатарында біздің де ауылдастарымыз болды. Біздің шағын ғана ауылдан, Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданы Жаңа жол ауылы, 90 адам соғысқа аттанса, соның 58-і қара қағаз алған екен.

Мыңдаған жауынгерлермен бірге қадам басып, қолына қару алып, ел қорғаған батырлар сабында жеңісті жақындатқан біздің жерлес аталарымыз Иматуллин Ғинаят және Ментай Ибатуллоұлдары да болған еді. Екі атамыз

да соғыстан аман-есен оралды. Сонда ол кісілер жиырма-жиырма екідегі өрімдей жас жігіттер екен. 1938 жылы міндетті әскери борышын атқаруға аттанған олар екіге айырылады. Ғинаят аға соғыс өртін Украина жерінде қарсы алады. Еріктілер қатарында барлаушылар дайындайтын топқа түседі. Әр ісіне тиянақты, жер жағдайын жақсы барлай алатын атамыз алдыңғы қатарға жиі-жиі барлауға аттанады екен. Осындай бір барлауда ол жасырынған мина үстінен түсіп, басынан жарақат алады. Екі ай әскери госпитальда емделген соң елге қайту мүмкіндігі бола тұра, ол қайтадан ұрыс шебіне сұранады. Атамыз атақты Ленинград түбіндегі шайқастарға қатысып, «Үздік барлаушы» деген медальмен марапатталады. Украина жерінде барлаушылық қызметін жалғастырады. Жау шебінен өтіп, қажетті деректер бере алатын «тіл» әкеліп, жау жоспарын біліп отыруға көп еңбегін сіңіреді. № 1270489 ретімен берілген «Ерлігі үшін» медалін иеленеді.

Ғинаят ағаның естелігі бойынша сол кездері ол қатты жарақат алады. Медициналық комиссиясының нұсқауы бойынша оны елге қайтару туралы шешім қабылданады. Бірақ ол осы шешіммен келіспей, қайтадан әскер қатарында қалуға өтініш жазады. Содан 1945 жылға дейін Қызыл әскер қатарында қызмет етеді. Жеңіс жалауы желбірегенде сағынып тосқан еліне оралды. Артында қалған жары мен ата-анасының қуанышына қарай аман-есен оралады. Елге оралғанда соғыстан соң құлдыраған ауыл тірлігін көтеру ісіне белсене кіріседі. Елі үшін еткен қызметі еш болмады, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталады, Чкалов ауылдық кеңесінің депутаты болып сайланады. Барлаушының ерлігі үшін берілген «Қызыл жұлдыз» ордені соғыс аяқталғаннан кейін 1948 жылы иесін табады. Ғинаят ата көп сөзді адам емес екен. Соғыс туралы сұрағанда: «Сендер ол сұмдықты көрмей – ақ қойыңдар.»- деп айтатын еді дейді.

Меңтай атаның естеліктері одан қарағанда көбірек сақталған екен. Өйткені ол кісі өз көргендерін, басынан кешіргендерін қағазға жазып қалдырған екен. Содан үзінді келтірсем: «Бір кезде Ржев направи́ениесінде противотанковое ружьемен майданға кіргенімізде қыстың күні, күн суық, түн еді. Шабуылға келе жатқан фашист танкілерін атқылай бастадық. Бізбен бірге атқылап жатқандар көп еді. Танкілердің біртіндеп жана бастағаны көріне бастады. Өртенген танкілердің жарығымен қараңдап келе жатқан танкілер көрінеді. Біз ружьеден атқылап жатқанда, алыңғы шепке көшіруге бұйрық алып, орынымыздан тұра бергенде, менің екі аяғымнан бірден оқ тиіп жығылып түстім. Дереу командирдің бұйрығымен бір солдат саласкіге салып, сүйретіп түн қараңғысында санчастьқа әкеп тапсырды. Одан полевой госпитальға әкеліп, аяғымға операция жасады, да тылға жіберді. Бір кезде 3-воздушная Армияның құрамындағы ГАС-тың бөлімшесінде қызмет атқардым. Бұл жерде әскери тәртіп, тазалық өте жақсы, үлгілі болды.» (Үзінді хаттан, мектеп мұражайындағы жәдігерден, алынған күйі, қаз-қалпында келтірілді.)

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Қарапайым ғана ауыл азаматтарының көзсіз ерлік көрсетіп, зор қиындықтарға төзіп бергендері туған жерінің, елінің алдындағы борыштарына деген адалдықтары деп ұғамын. Олардың рухтарының биіктігі мені ардагерлер үшін шексіз мақтанышқа бөлейді.

Мен жерлестерімді ерлігін мақтан етемін. Ол кісінің ерен еңбегі мен қажырлы қайраты, жарқын өмірлері маған үнемі үлгі. Мен қазір бейбіт өмір сүріп жатқанымды сол кісінің, сол ерлердің арқасы деп білемін. Сол үшін де оқуда озат, еңбекте алда болуға ұмтыламын. Мен сол ерен еңбекке лайық болуға тырысамын. Қазір әдебиет пәні бойынша ғылыми жоба жүлдегерімін, мәнерлеп оқу, жас ақындар сайыстарының қатысушысымын. Қоғамдық жұмыстарды қалт жібермеймін. Бейбіт замандағы озат оқуымды жауынгерлер құрметіне арнаймын.

**Думанбек Назерке**

8 – сынып 23 «ЖОББМ» КММ

ШҚО, Семей қаласы

Жетекшісі: Жолдасханова Динара Мейрбековна

### **Біз – Жеңіс мұрагерлеріміз**

Ел үшін аянба-ерлігіңе сын,  
Жұрт үшін аянба-жігіттігіңе сын  
Б .Момышұлы

Соғыс.Соғыс деген суық сөз.Соғыс десе көз алдыма сояудай қан жоса тырнақтарымен бет жыртып тұрған мақұлық елестейді. Қанша өмірді қыршынынан қиып, қанша сәбиді жетім етіп, қанша шаңырақты ортасына түсірді.Жесірқалған ананың жетім қалған сәбиінің жәудіреген жанары көз алдыма келеді де, жаным түршігеді.

«Мың өліп, мың тірілген қазағым» қайран қазағым фашизм зұлматынан да аман қала алмадың-ау! Соғыс деген жалмауыздың құрығына іліксе де, қазақы мінез, қазақы бауырмалдық, қазаққа ғана тән жауынгерлік рух ерлікке жақындатып, алға жетелеп отырғанын естігенде бойымды ұлтыма деген мақтаныш биледі.Осы бір биік рух пен мұқалмас жігер , әрі жылы жүрек, адамның ісін саралап, бір жүйеге келтіретін ақыл –тәртеуі біздің қанымызға сіңген қасиеттер.Осы қасиеттер әр адамның бойынан табылуы тиіс, сонда ғана кез келген жауға төтеп бере алатынымыз хақ.Ұлы Отан соғысында да осы қасиеттердің арқасында аталарымыз бен апаларымыз жеңіске жеткені сөзсіз. Қаһарлы жылдарда барлық ұлт өкілдерін біріктіріп, жеңіске жетелеген де осы рухтың биіктігі, елім деп соққан жүректің мықтылығы емей немене?! Әр адамның жұдырықтай жүрегі өз отанын қорғау үшін жанын аянбағанының арқасында жеңіс деген қасиетті ұғымға қол жеткіздік. Мен елі үшін жанын қиған боздақтарымызды , жауға төтеп берген ардагерлерімізді ешқашан ұмытпай, ұрпақтан-ұрпаққа дәріптеп отыру керек деп санаймын. Олар жайлы қолыма қалам алып, өз ойымды тебірене жеткізу мен үшін бір мәртебе.

Мінеки, Ұлы Отан соғысы Жеңісіне 71 жыл толды. Қаншама жылдар өтті, қанша сулар ақты, қанша заман өтті. Бірақ сол соғыстың жанға салған жарасы , келтірген ауыртпашылығы әр адамның жүрегінде мәңгілік сақталады.Өйткені, ол соғыс біздің тарихымыз, біздің ерлігіміз, біздің қасіретіміз болып қала береді. Сонау қиямет-қайым жылдары аянбай күрескен, еліне қызмет еткен ардагерлер алдында мәңгілік қарыздар

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

екенімізді ұмытпаймыз. Ол кісілер болмаса қазіргідей бейбіт заманда алаңсыз өмір сүріп жүрер ме едік? Арман-тілектер мен қайғысы қатар ұштасқан сол сұрапыл жылдары адамдардың жүректері махаббат пен жылулыққа толып тұрған. Сол қасиеттердің қазіргі замандастарымызда жетіспей жататыны мені қатты толғандырады.Әдеби шығармалардан тіпті сол кездегі аталарымның жаудың баласын асырап өз баласындай өсірген оқиғаларын оқығанда таң қалмасқа шарам болмады. Қара нанды өзге ұлттармен бөлісіп жеп, шаңырақтары шаттық пен қуанышқа толы болып, ұрпақ өсірген қазағымды ойласам, ұлтыма деген мақтаныш сезімі билейді.Соғыста бірі бауыр еті баласынан, бірі асқар таудай әкесінен, енді бірі туғаныныа айрылса да еш мойымастан еліне қызмет етіп, сөнген үмітін жалғап, бауырмашылықпен күн көрген. Бұл да ерлік емес пе?!

Сол соғыс көреген ұрпақтар болашақтың жарқын болатынына сенген.Ал біз сол үміттің шоғын жанған отқа айналдырып, әр адамның жүрегіне от бере білсек деймін. Себебі, олар бейбітшілікті қалады, сол үшін жан берісті, сол бейбітшілікті орната білді. Ендеше. Біз сол Жеңістің мұрагерлеріміз.Сол Жеңістің туын жықпай, әрқашан ел үшін аянбай қызмет етуге дайын болуымыз қажет.

Қыршынынан қиылған жастар, өзен боп аққан қанды дала, мұның бәріне Жер-ана куә болып, құшағына алды. Олардың көз жасы тамшылап жаңбыр боп аққандай.Кейде ол нәсерге айналады, кейде жел боп ұйытқиды.Бұл Жер-ананың сол кезде шейіт кеткен ұлдары мен қыздарын жоқтауы деп білемін.Бірақ, олар отан үшін жанын қиды. «Отан үшін отқа түс-күймейсің»,-деп өскен ел емеспіз бе?!

Қайсар , әрі батыл , өзіне сенімді жастар гүлдей жайнап өсіп келе жатыр.Олар тәуелсіз Қазақстанның балалары, ұлы Жеңіс мұрагерлері! Ендеше, тек алға, Елім!!!

**Дүйсенбенова Самал**

10 сынып, Өскемен қаласының №35 орта мектебі

Шығыс Қазақстан облысы

Жетекші: Құсайынова Еркежан

Қазір Қазақстан егеменді, тәуелсіз мемлекет. Қазақ даласының жері кең дархан. Бүкіл Қазақстанда жүз отыздан астам халық өкілдері мекен етеді, осы жерде тату, әрі түсіністікпен тұрады. Қазақтар әрдайым кеңпейіл, қонақжай халық болған, тіпті соғыс кезінде де, өздерінің кеңпейілдіктерін жоғалтпай, әрдайым рухани байлықты жоғары қоя білген. Қазақтар Ұлы Отан соғысы кезінде өзге ұлт балаларын мейірімділікпен асырап алып, оларды өз балаларындай көріп, өз махаббаттарына бөледі. Қазақ халқы үшін ежелден-ақ «сенің балаң, менің балам» деген сөздер мүлдем жат еді. Олар үшін ең бастысы адамдық борышын орындау болатын.

Әрине, ынтымақты, азат елде өмір сүргенге не жетсін! Ешкімнен төмен болмай, өз еліңнің тәуелсіз жерімен жүріп, кең ауасымен тыныс алу бір ғанибет емес пе? Алайда, халқымыз о бастан-ақ жайбарақат өмір кешпеген. Еліміздің тәуелсіздігі тарам-тарам тараулардан құрылған, сонау тарих шежіресімен баяндалатындай оқиғалардан, көтерілістерден, соғыстардан құралған.

Тәуелсіздік – әр ел, әр халық үшін баға жетпес құндылық. Оны қолмен ұстап көре алмайсың, алайда бар жүрегіңмен сезіне аласың. Тәуелсіздік әрдайым жоғары бағаланған, әрі қарай да бағалана бермек. Ертеден-ақ еліміздің тағдырын ойлаған батырларымыз аз болмаған, өкінішке орай олар үшін тәуелсіздік өз өмірлерімен бағаланды. Өттеген-ай, олар тәуелсіздіктің тәтті дәмін көрмей өтті...

Міне, Ұлы Жеңіске де 71 жыл толып отыр. Бұл тәуелсіздік Кеңес дәуірі кезіндегі ата-апаларымыздың еңбегі, асқан ержүректілігі. Егер де олар осының барлығына енжарлықпен қараған болса, біз осы күнге жетпес едік.

Олар үшін елін қорғау үлкен міндет тәрізді саналды. Әрине, олар өз борыштарын адал атқарды. Жаудан еш сескенбестен, майданның алдыңғы шебіне қасқайып тұрып, өз ерліктерін көрсетті. Соғысқа тіпті үлкен өмірге енді қадам басқан жасөспірімдер де қатысып жатты. Осыдан-ақ сол кездегі жастардың, қандай патриот, батыр болғанын аңғара аламыз.

Бұл мейрам, жалғыз бізге ғана емес, сол уақыттағы Кеңес Одағының құрамына енген 15 республикаға да ортақ. Олардың осы өткен соғыста бірліктерінің, татулықтарының да пайдасы зор болды. Олар шашырап, бір-бірін қолдамаса, еш нәтиже шықпас та еді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Бұл мейрам әсіресе, сол соғысты өз басынан кешірген, барлық ауыр-зардаптарын тартқан адамдарға жақын. Себебі: олар осы оқиғамен бетпе-бет кездесіп, барлық қиындықтарға мойымай, төзімділіктерін көрсетті.

Соғыс ешкімді аямады, жасты да, кәріні де. Соғыс алдағының бәрін қиратып, ешкімге де жаны ашымады. II Дүниежүзілік соғыста 50 миллион астам өмірді жалмап әкеткен, сұм соғыс! Соғыс тек қана қатыгездікті, қасыретті әкеледі, бақ пен берекені жойып, көзін құртады.

«Соғыс басталды!» - деген сөздерді естігенде кез-келген патриот ойланбастан-ақ сапарға аттанады. Патриот - өзінің жанын да Отан үшін қияуға даяр адам, ол өз Отанына қауіп төнгенін естігенде, бірден іске көшетін адам. Өйткен, соғыс үшін уақыт өте бағалы. Сол бір секундта, сол бір мезетте, соғыс қаншама адам өмірін алып кетуі ғажап емес.

Соғыста өзінің ерлігін, батырлығын көрсеткен адамдар өз елдерінің мақтанышы, үлгі тұтар нағыз ерлері. Өздерінің қасық қандары қалғанша, өз жандарын пайда етіп, үлкен ерлік көрсетті. Соғыста тек батырлардың емес, тыл еңбеккерлерінің де атқарған еңбегі зор! Олар өз көмектерін көрсетпегенде, саптағы жауынгерлерге ешкім тамақ, аяқ-киім жібермес еді. Олар соғысқа жарамсыз болар еді. Өздері ашығып жүрсе де, жауынгерлерді уайымдап, елімізге көмегі тисін деп, аянбады. Сіздерге мың да бір алғыс айтамын! Сіздердің арқаларыңызда осы күнге жеттік. Егемен мемлекетіміздің көгілдір аспанында арқамызды кеңге салып, өмір сүріп жатырмыз. Сіздерге бүкіл өмір бойы алғыс айту, сіздердің ерліктеріңізді келешек ұрпаққа жеткізу қазіргі жастардың алға қойылған міндеті деп санаймын.

Қазір олар ардагерлер, біз жиырма бірінші ғасыр ұрпақтары, біз оларды көріп өтетін соңғы ұрпақпыз! Қамқор болып, оларды құрметтеу біздің борышымыз. Бізге соншама жақсылық жасағанда, біздің ол адамдарды естен шығаруымыз дұрыс болмас. Біз кішігірім болса да, көмек көрсетсек олар риза болып, қуанып қалады. Көше қиылысанан өтуге көмектесу, мейрамдарымен құттықтау, бұл ардагерлердің ерліктерімен салыстырғанда түк емес.

Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Рақымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов сияқты ұлы тұлғалар мәңгі есімізден кетпейді. Олардың ерліктері келешек ұрпақ үшін «нағыз батырлар» сөздерімен тіркес келмек.

Соғысқа қатысып, өз табандылықтарын көрсетіп, мәңгі тарихта қалған бабаларымызды ұмытпай қастерлеу келешек ұрпаққа міндет, үлкен мұра. Олардың бізге жасаған жақсылығын қалай ғана ұмыта аламыз, қалайша, оны жадымыздан өшіре аламыз? Олар біз үшін жандарын аямағанда, біз сәл ғана есімізде сақтап, ерліктерін дәріптемесек кім болғанымыз?

**Дюсенова Еркежан**

8 класс, , «СОШ №29»КММ г,Семей  
Восточно-Казахстанской области  
Руководитель:Кабдылкаримова К.Ж.

### **Солдан ұштағаны**

Осыдан тура 70 жыл бұрын адамзат тарихында өшпес із қалдырған сұрапыл соғыс, қанды майдан, алапат қырғын мен шайқасқа толы Ұлы Отан соғысы аяқталды. 1418 күнге созылған бұл соғыстың аяқталуын қаншама миллиондаған адам тағатсыздана күтті. Әрі осы зұлмат соғыстың жеңіспен аяқталуына майдан даласына қазақ топырағынан аттанған бір миллионнан аса қандасымыздың артында қалған туған туысы, ата-анасы, жары мен баласы, бауыры мен қарындасы да аянбай тер төгіп, бар күш жігерін салды. Осындай ортақ рух, батыл күш пен ерлікке деген мызғымаз бірліктің арқасында 1945 жылы 9-мамыр күні Германия жерінде Ұлы Жеңіс тойланды. Алайда бейбіт халықтың тыныштығын бұзған осы соғыстан қаншама боздақ қырылып, оларға жат жердің топырағы бұйырды. Артында аңырап анасы, кеудесі күйікке толы жары мен баласы қалды. Осы сұм соғыстың соңғы оғы атылып, әлем аспанын торлаған қасірет бұлтының сейіліп, бейбітшілік күнінің қайта жарқырағанын биылғы жылы еліміз жетпісінші мәрте тойлағалы отыр.

Иә, осы жылдары Семей жерінен де талай жерлесіміз отан қорғауға аттанды. Қыстың қақаған суығы мен жаздың шіліңгір ыстығында толарсақтан саз кешіп от пен оқтың ортасынан аман қалған қандастарымыз Жеңістен соң елге оралса, енді бірі майдан шебінде ерлікпен мәңгіге көз жұмды.

Ұрыс пен шайқасқа толы майдан даласында жүрген кеңес жауынгері мен туған жерде қалған отбасы арасында осы жылдар ішінде сағынышқа толы хат хабар үзілген жоқ. Себебі, майдан даласынан жан жарынан, ұлдарынан, әкелерінен аналарымыз, әпкелеріміз асыға, тағатсыздана күтетіні-солдат ұштағаны еді. Ол хат қолына түскенде не қуанарын, не жыларын білмей, көзіне жас алып хатты оқытуға жүгіре жөнелетін. Хаттардың бірі иесін тауып қуантып жатса, енді бірі өз иесіне жетпей де жатты. Сондай иесіне дер кезінде жете алмаған бір хат жайлы сөз етпекпін. Оны маған көрші тұратын ардагердің өз аузынан естіп, өз көзіммен майдангердің сол хатының көшірмесін көрдім. Ұштаған хат бізге үлкен әсер қалдырды. Хаттың мазмұны мынадай:

**«1943 жылғы 20 мамыр**

*Сәлеметсізбе аса құрметті Анна\*, Сізге сәлем жолдаушы Сізді сүйетін Коля! Жеркепеде жалғыз отырмын, жсау миналары төбемнен зу-зу*

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

*етіп ұшып жатыр. Алыстан жау минометтерінің және біздің  
снарядтарының жарылғаны естіледі. Аспан ашық, бұлтсы көкте көктем  
лебі аңқиды. Әдемі-ақ! Бұл күні, сүйіктім, біз түкпірдегі тылдарға барып,  
жауыздарды жоюға дайындалып жатырмыз. Ал сендер болсаңдар,  
тынымсыз еңбек етіп жатырсыңдар. Күндердің күнінде барлаушы  
барлаудан аман – есен оралып, мергеннің соңғы оғы атылып, ұшқыштар  
межелі жерге дін аман оралатын Жеңіс күніне де жетерміз. Сол күнде  
кездесуге жазсын.*

*Мен міндетті түрде ораламын! ...*

**Сәлеммен Коля\*\*»**

\*Анна –Әтина апай,\*\* Коля-Нәсір ақсақал Коля уәдесіне тұрды. Ол соғыс аяқталған соң бұрынғы Семей облысы Георгиевка ауылындағы отбасына аман-сау оралып, өзін соғыс біткенше тағатсыздана күткен сүйіктісі Аннаға үйленіп, екеуі отау құрды.

Ал,1995 жылы Семейлік архивистер олардың соғыс жылдарының куәгеріндей болған куәлікті Семейдің телехабарларының бірінен көрермендерге жария етті. Шын мәнінде бұл бұдан 52 жыл бұрын Коляның Аннаға жазған хатының көшірмесі еді, ол Шығыс Қазақстан облыстық жаңа тарих құжаттарының орталығында сақталған болатын.

Майдангер осыдан тура жарты ғасырдан астам уақыт бұрын өз қолымен жазған откритканы теледидар экранынан көріп, таң-тамаша болды. «Қуанған мен қорыққан бірдей», - демекші таңғалып, таңырқай қарап, кеудесін кернеген толқу мен қуаныш сезімдері астасып, қарт майдангердің жүрегін елжіретті. Алайда күтпеген сый мұнымен біткен жоқ. Орталық мұрағатта тағы бір құжат - Коля Кенбаеың бұдан 52 жыл бұрын жазған хаты да сақталған болып шықты. Ардагер ақсақалдың отты жылдарда сүйіктісіне жазған хатын сол қалпында сақтап, бүгінгі күнге аман-сау жеткізген мұрағат мамандарына деген алғысы шексіз.

Жеңіс пен хаттан бұрын елге келдік,  
Шаттықпен «Коля», «Анна» өмір сүрдік.

Немере, шөбереміз өсіп, өнді,

Жетіпті жазған хатым, міне,енді,- деп қуаныш сезімге толы қарт майдангер.

Бүгінде Нәсір ақсақал мен Әтине әжей Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесін қол ұстасып бірге қарсы алуға дайындалып жатыр. «Аспанымыз ашық, ел іргесі тыныш болып, ұрпақтарымыз тек бейбіт заманда өмір сүрсін дейді қос қария. Отбасылары қуаныш пен шаттыққа, сезімдеріне селкеу түспей, махабаттары баянды ынтымақтастыққа жалғасқан қос қария келер жылы шаңырақ көтергендерінің 71 жылдығын тойламақ. Бізде өмірлері

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

шежіреге, өнегелері қаһарманның пен қайсарлыққа толы қос қарияға қол ұстасып *Гаухар тойға* да бірге жетіңіздер деген ізгі тілек айттық.



**Ерболова Инабат**

10 сынып, Р.Мәрсеков атындағы орта мектеп,  
Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы  
Жетекшісі: Хозы Хуанышбай

### **Ұмытылмас ерлік, өшпес даңқ**

1941-1945 жылдағы неміс-фашистерге қарсы Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске биыл 71 жыл, сұрапыл соғыстың басталғанына 75 жыл толады. Осы аталмыш мерекелерге орай патриоттық тақырыпта өтетін VII республикалық шығарма байқауына қатысып, бағымды сынағым келеді.

Ел басына күн туған шақта қолына қару алып, жаумен бетпе-бет шайқасқан аға буын өкілдерінің өмірі от пен судың ортасында өтті. Болашақ ұрпақтың бақытты өмірі үшін жанын беруге бел буып, өскелең ұрпаққа бейбіт күнді сыйлаған ардагерлерге құрмет еш уақытта толастамайды. Ардагерлердің қан-төгіс соғыста көрсеткен ерліктері мен жанкештіліктері ұмытылмай тарих қойнауында қалары да, бүгінгі жастарымызға үлгі-өнеге болары да ақиқат. Сұм соғыстан оралмай қалған жауынгерлердің рухына бас иіп, ал арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап, олардың жауынгерлігіне және ерліктеріне тағзым етеміз. Ардагерлер - Қазақстан халқына бейбітшілік, тыныштық, береке, бақыт орнатқандар.

1941 жылдың 22 маусымы – біздің тарихымыздағы ең қайғылы күн, Ұлы Отан соғысының басталған уақыты. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

Ардагерлердің өткен күндердегі еңбектерін еске алуы - тарихта баға жетпес ерлік жасағандарының айғағы. Сұрапыл соғысты басынан өткеріп, бізді жеңіске жеткізген ағаларымызбен бабаларымызды, сол жылдарда қиындыққа төзіп, тылдағы ауыр жұмыстарды атқарып, сонысымен Жеңіс күндерді жақындатқан аналарымызды да мақтан тұтамыз. Майдангерлер Отанға деген шын сүйіспеншілігімен, ерліктерімен, қайсарлығымен, жігер -

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

қайратымен, ел қорғау сезімімен келер ұрпаққа үлгі болды. Қазақстандықтардың майдан даласындағы ерліктері мен тылдағы табандылықтары ешқашан ұмытылмайды.

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Қасым Қайсенов кентінде өткен жылы Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесіне орай және «Туған жерге тағзым» акциясы аясында ауданның Құрметті азаматы, ауған соғысының ардагері, меценат, жерлесіміз, «КМ» компаниясының президенті Қайрат Мусиннің демеушілігімен күмбезі көк тіреген мешіттің қасынан боздақтарымызды еске алатын, батырларымызды әспеттейтін Ұлы Отан соғысы мен ауған соғысының ардагерлеріне арналған ескерткіш стелла, Ұлан ауданындағы Кеңес Одағының Батырлары Ізғұтты Айттықов, Серікқазы Бекбосынов, Степан Борозенец, Иван Варепа, Владимир Колесников, Трофим Клименко, Николай Лут, Хамза Мұхамадиев, Төлеген Тоқтаров және Халық Қаһарманы Қасым Қайсеновке бюст орнатылды. Ұлы Отан соғысы жылдары ерен ерліктің, батырлық пен қайсарлықтың, өшпес өжеттіліктің үлгісін көрсеткен майдангерлер бүгінгі күні қандай құрметке болмасын әбден лайықты. Бейбіт өмірге жол ашқан нағыз патриот жауынгерлерге сый-құрмет көрсетіп, олардың ерліктеріне болашақ жас өрен ретінде басымды иемін.

Ұлан ауданының ауыл мен кент атаулары және мектептер, бірқатар көшелер Қасым Қайсенов, Төлеген Тоқтаров, Ізғұтты Айттықов сияқты батырлардың есімімен аталған. Аудан орталығы Қазақстанның Халық Қаһарманы, атақты партизан, әрі жазушы Қасым Қайсеновтың есімімен аталады. Ұлан өңірінен шыққан осындай батырларымыздың ерліктері жас ұрпаққа үлгі-өнеге болып, патриоттық рухымызды оята түседі. Мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап ұстаздарымыз Ұлы Отан соғысының шығу себептерін түсіндіре отырып, шайқастағы Қазақстандықтардың ерліктері мен батырларымыз бен соғыс ардагерлері, тыл еңбеккерлерінің қосқан үлестері жайлы көптеген мағлұматтар беріп, оларға әрдайым құрмет көрсетуді санамызға сіңіріп келеді.

Батырларымызды біз әрдайым әспеттеп, Отанды қорғау жолындағы даңқты жеңістерін дәріптеп, олардың өз елінің нағыз патриоты болғандықтарын санамызға сіңіріп келеміз. Бүгінгі жас ұрпақ үшін Ұлы Отан соғысы деректі фильм сияқты. Болашақ жастар, яғни біз үшін ол – өткен тарих. Өткенді ұмыту – өшкендіктің белгісі, ал оны еске алу – өскендіктің белгісі» демекші, жыл сайын Ұлы Жеңіс мерекесіне орай соғыс ардагерлері және тыл еңбеккерлерімен кездесу өткізіліп, өткенге бір сәт көз жүгіртіп, ардагерлер қан майдандағы бастарынан өткен оқиғалар жөнінде сыр шертеді. Сұм соғыста қаза тапқан жауынгерлердің рухына тағзым етіп, ескерткіштерге гүл шоқтарын қоямыз. Бізге бейбіт өмір сыйлаған ардагерлердің өткен өмірлері, қанды соғыста туған жері, Отаны үшін көрсеткен ерліктері бізге үлгі өнеге болып қала береді. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев сенім артқандай біз жалынды жастар еліміздің нағыз

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

патриоты болып, тәуелсіз мемлекетіміздің қарыштап дамуына барынша үлесімізді қосамыз.

Жыл өткен сайын шыбын жанын шүберекке түйіп, от пен оқтың арасында жүрген жауынгерлердің саны азайып келеді. Бүгінде Ұлан ауданында 9 соғыс ардагері тұрады. Патриоттық тәрбие ретінде осы соғыс ардагерлерінің ішінен Ұлан ауданы бойынша ең көп жасаған соғыс ардагерлерінің бірі -Қасым Қайсенов кентінің тұрғыны Мағауия Муқашевті әңгімеге тартқан едім. Соғыс ардагері сұрапыл соғыс жылдарындағы бастан кешкен оқиғаларын былай деп еске алды:

- Сұм соғыс басталғанда 17 жастағы бозбала едім. 1942 жылы елімді, жерімді қорғау үшін соғысқа аттандым. Содан Новосібір қаласына байланысшының оқуына жіберді. Қысқа мерзімді курста оқыған соң Москваға жіберіліп, одан әрі Беларусь майданының 9526 миномент полкінде байланысшы болдым. Варшава, Минск, Вильнюсті, 1945 жылы Шығыс Пруссияның Пело қаласынан кейін Кенигсбергті жаудан азат ету ұрыстарына қатыстым.

Соғыста алуан түрлі сезімдерді бастан кешіресің. Соның ішінде қорқыныш пен аяушылық сезім біздің бастан өтті. Литва жерінде Вильнюсте байланысшы болып жүргенімде бірде орталық нүктеде отырған радистерге тамақ апару қажет болды. Жолдасым новосібірлік Василий Селезнев екеуіміз екі термосты алып аттандық. Біз баратын жердің есігі немістер жағында, одан кіруге келмейді. Не де болса қоршаудан қарғып түсу керек. Алдымен мен секіріп түстім. Жолдасым енді көтеріле бергенде дәл қасынан мина жарылғанда оның жан даусы шықты. Қасына жетіп барсам серігімнің оң қолы терісіне ғана ілініп қалыпты. Жолдасымды қатты аяғаным соншалық, көзімнен жас ыршып кетті. Қолын лақтырып тастап, Василийді кейін жөнелтуге тура келді. Айнала қорқынышты, үрей туғызады. Үзілген жерге жақын келгенімізде жолдасым алдымен маңайды атқылап, тексеріп алуға кеңес берді. Өйткені, жау жағы адамдар келетінін біліп аңду қоятын. Сол маңайға оқ боратқанымызда, ойлағанымыздай-ақ, екі неміс бақырып-шақырып ары қарай қаша жөнелді. Егер бұлай етпегенімізде өмірімізбен қош айтысып кетпесімізге кім кепіл.

Артынан бір жыл өткенде одан ауылға аман-есен жеттім, тірімін деген хат келді. Қорқынышты сезімді басымнан өткергенім, немістер соғыс кезінде байланысшыларды ұрлап кететін. Үнемі автоматымыз қолымыздан түспейді. Бір жолы үзілген сымды жалғауға Борис Четверков деген азамат екеуіміз шықтық. Жаудың оғының қайдан келіп тиерін білмейміз. Орманның әр бұрышынан оқ атылуда. Қасымда жүрген жауынгерлер көз алдымда оққа ұшып, жан тапсырып жатты. Өзіме жақын тартып жүрген досым да сол шайқаста қыршынынан қиылды.

Соғыста көрсеткен ерліктерім бағаланып, “За победу над Германией”, “Кенигсбергті алғаны үшін”, “Жауынгерлік ерлігі үшін”, “За отвагу”

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

медалдарымен марапатталып, Сталиннен алғыс хат та алдым. Енді мұндай соғыс болмасын, өсіп келе жатқан жас ұрпақ сендердің болашақтарың жарқын болсын. Еліміз қарыштап дами берсін, елін, жерін сүйетін нағыз патриот болындар.

Осындай ержүрек, батыл ардагерлердің ерліктері патриоттық рухымызды одан әрі оята түседі. Еліміздің тарихында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімі өшпес ерліктерімен мәңгілікке жазылып қалды. Ардагерлердің ерліктері мен төккен терлері, ұрыс даласында қан кешулері - Отан алдындағы борыштарын өтеу- әрқашан ел есінде. Еліне адал қызмет жасау және соғыс ардагерлеріне, батырларға құрмет көрсету, оларды ардақтау - бүгінгі ұрпақтың міндеті.

Ержанова Азиза

10 сынып, «Көкжайық орта мектебі»  
ШҚО, Көкпекті ауданы, Көкжайық ауылы  
Жетекшісі: Нұрлан Ермек Сыдықұлы

Ұлы Жеңіске биыл 71 жыл толып отыр. Жеңіс! 1945 жылдың 9-мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты... Кеңес Одағының тұрғындары 5 жыл бойы күндей күркіреген соғыста – 1 418 күн мен түндерде, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмтылған... Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Миллиондаған адамдар бет алдына босып кетті. Бірақ бәрібір Берлиндегі рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарман жауынгерлердің зор үлестері мол еді. Біз Жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс. Бұл екі сөз бір-бірін толықтыра түседі. Ұлы Жеңіс біздің халқымыздың орасан зор құрбандықтарымен келген қасіретті арифметикасы. Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жойылған жоқ. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, жеңісті жақындата түскен әрбір күні ұмытылмайды. Өйткені, ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ. Биыл ТМД елдері осы соғыстағы ортақ ұлы Жеңістің 71 жылдығын мерекелеуде. Біз соғыстан кейін туған ұрпақ, кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аға ұрпақтың – қазақтар мен қазақстарндықтардың ерлігін білуге тиістіміз. Осыдан 75 жыл бұрын фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды. Ұлы Отан соғысы халық өмірімен, тағдырымен тығыз байланысты. Бұл оқиғаны біз жүрегімізден алып тастай алмаймыз.

Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 71 жыл толды. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды.

Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз

сүйіспеншіліктері, Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Осы соғыста қаншама адам қаза тауып, қаншамасы мүгедек атанды. Қаншама ана жесір, балалар жетім қалды. Оңай келмеген жеңісте ерен ерлігімен көзге түсіп, ерекше сый-құрметке ие болған сан мыңдаған жауынгерлердің ішінде қазақ аталарымыз бен апаларымыз да көп. Ерлігін жыр қылып айтатын әрбір қазақ батырымызды ешбіріміз ешқашан ұмытпаймыз. Қазір қазақ елдімекендерінде көптеген көшелер, ғимараттар, оқу орындарына Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақтардың есімдері де берілді. Ол деген біз, яғни, кішкентай қазақстандықтар өз ата-апаларының ерліктерін ұмытпасын, біліп жүрсін, мақтан етсін деген мақсат. Қазіргі кезде сол батырларымыздың қатары сиреп, азайып қалды. Олар - біздің мақтанышымыз! Отан үшін отқа түскен, ел алдындағы, келешек ұрпақ алдындағы қасиетті борышын қан төгіп өтеген совет солдаттарының өр бейнесі қашанда көз алдымызда. Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар. Ғаламтордағы мәліметтер мен үлкен кісілердің айтуынша, соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық шекарашылар болды. Олардың біразы 1941 жылы Брест гарнизонында қызмет етіп, кейін тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Соғыс Қазақстан үшін кенеттен басталса да, бүкіл Кеңес Одағындағы өзге елдердегідей қазақтар да бірінші күннен соғысқа қатысты. Бұл – біздің елімізге төнген үлкен қауіп, әрі сын еді. Отанымызды қорғауға еңбектеген жас та, еңкейген кәрі де аттанды. Осы соғысқа әкемнің атасы Идришев Жақыпта қатысқан екен. Ол кісі 1942 жылы әскерге шақырылған. Эшелон тоқтаған әрбір станция бұларға жергілікті халық қолдарында бар тамақтарын беріп, ақ ниеттерін көрсетіп отырған. Межелі жерге жеткен кезде аталарымыз бірден ұрысқа кіріскен. Атам соғысқа барғанда, фашистік Германияға тұтқынға түседі. Ол тұтқында 3 жыл болады. Кеңес әскерлері құтқаруға келіп, тұтқыннан босайды. Кеңес әскерімен бірге Германияны алуға өз үлесін қосқан. Атамның көптеген медальдары мен ордендері бар. Ұлы Отан соғысы аяқталып, атам үйге аман – сау оралады. Менің дәл бүгінгі күндей бақытты өмір сүруіме өз үлесін қосқан атамды мақтан етемін! Ол да батыр! Өйткені, 71 жыл бойына тыныш, бейбіт заманда өмір сүрудеміз. Ата - бабаларымыз майданда жан аямай арпалысты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Олар біз үшін, біздің болашағымыз үшін, туған жеріміз үшін, туған тіліміз үшін жауға қарсылық білдіріп, үлкен ерліктер көрсетті. Біз енді осы ата – бабаларымыздың үмітін ақтауымыз керек. Себебі, болашақ біздің қолымызда. Менің ойымша, қазақ халқы Ұлы Отан соғысында болған оқиғаларды көре және біле отырып, жайбарақат отыра алмайды. Мұны жадымыздан шығарып, өшіріп тастау біздің қолымыздан келмейді, Өйткені Ұлы Отан соғысы бізге өз туған тілімізді, жерімізді, отбасымызды және қасымызда жүрген туған - туыстар мен достарымызды қадірлеп, бағалай білуге үйретеді. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ер жүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Мен соғысты жек көремін..

Мұндай соғысты кім жақсы көріп, кім қалайды. Мен соғыстың ешқашан болмағанын тілеймін. Біз қазақтар бәріміз біргеміз. Бұл біздің ең басты байлығымыз. Себебі, барлығымыз тату - тәтті, достықпен, бірлікпен өмір сүріп жатырмыз. Мұның барлығы ата - бабаларымыздың арқасы деп ойлаймын. Ұлы Отан соғысы аяқталып, Жеңістің туы желбірегеніне биыл - 71 жыл! Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Яғни, біз 71 жыл бойы бейбіт өмір сүріп жатырмыз. Соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетіліп, қошемет жасалуда. Әрине, олардың орасан зор еңбегін еш уақытта өтеу мүмкін емес. Соғыс ардагерлеріне тағзым ете отырып, келешек еліміздің ертеңі жақсы болса екен деп тілеймін. Әрбір қазақ баласы өз Отанын анасындай сүюі қажет. Тәуелсіз еліміз өркендеп, өсе берсін. Еліміздің көк аспанында бейбітшіліктің, тәуелсіздіктің, азаттықтың туы әрқашан желбірей берсін!

**Ержанова Ұлжан**

10 сынып «Ново-Тимофеевка орта мектебі»  
Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Сарыбел ауылы

### **Отбасылық альбомның кейіпкері**

Ежелден ер тілегі - ел тілегі,  
Адал ұл ер боп туса – ел тірегі!

Елі, жері дегенде тебіренбеген, елжіремеген жүрек, сірә, жоқ шығар. Осынау ұлан-ғайыр кең даланы ұрпаққа қалдыру жолында батыр бабаларымыз қанша жыл қырғи-қабақ соғысты, ашаршылықты да көрді емес пе?! Алайда, Отанға деген сүйіспеншіліктің арқасында сұрапыл соғысқа да төтеп берді. Ауыл-аймағы, кіндік-қаны тамған аялы бесік, туған жері жау қолында қалмасын деп, ерлікпен шайқасқан ерлерімізге бүгінгі жас буын өкілдері, біздер, тағзым етіп, басымызды иеміз.

Ұлы Отан соғысы халқымызға ең ауыр сын болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы, Отан үшін, келешек ұрпақ үшін жан беріп, жан алысқан алапат майданда талай боздақтарымыз қыршын болды.

Соғыс - адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді соңғы соғыс? Таң алдында, тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат соғыс басталды. Сол күні жау тәтті ұйқыны ғана бұзған жоқ, бейбіт өмірге бүлік әкелді. Қыз жігітімен, ана баласымен қоштасты. Қырда қойшы қолындағы таяғын қаруға айырбастады, егінші трактордан түсіп, танкіге отырды. Сол жылдардың бозбала, бойжеткендері ақын болуды, инженер болуды, ғылым қууды армандаған еді.



Тарихқа үңілсек адамзат дамуында талай соғыстар болды. Солардың аса ауыры - фашистік Германия бастаған 1941-1945 жылдарға созылған XX ғасырдың ең қанды оқиғасы саналатын - Ұлы Отан соғысы. Өзім соғыс туралы ойласам, көз алдыма баласы мен жарын жоқтап жылаған аналар, әке мейірімін көрмеген балалар, Отан үшін майданда ерлікпен қаза болған жас азаматтар келеді. Соғыс салған жараның орны әлі жазылған жоқ. Сондықтан қанмен, термен, жаспен келген жеңіс – ең ұлы жеңіс, киелі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

жеңіс, қадірлі жеңіс. Әкелеріміз бен ағаларымыз осынау қан майданда өздерінің жанкештілік қаһармандығымен басқа ұлттар алдында батырлығымен, қайсарлығымен танылды.

Шыбын жанын сан рет отқа байлап, көзсіз ерлік жасаған ата-бабаларымыздың арқасында кеңге көсіле алатын, өзге жұрттың аузын өзімізге қарата алатын, шапқанда әлемді дір еткізетін, бәсекеде бағымыз жанған қуатты елге айналдық. Міне, осындай көзсіз ерлік жасаған батырларымыздан Шығыс Қазақстан жері де кем де емес.

Мен Шығыс Қазақстан облысы, Көкпекті ауданында тұрамын. Біздің ауданымыздан 9 адам Кеңес Одағының Батыры атанды. Олар: *Қойгелді Аухадиев, Николай Александрович Шарабарин, Польшин Федор Петрович, Константинов Лаврентий Сергеевич, Авдеев Николай Дмитриевич, Сапаев Иван Григорьевич, Фонов Николай Яковлевич, Яроцкий Иван Михайлович, Седнев Сергей Егорович*. Мен Кеңес Одағының Батыры атанбаса да, сұрапыл соғысты өз көзімен көрген, қолына қару алып, фашистерге қарсы оқ аударған ардагер Балахонов Павел Яковлевич туралы айтқым келеді.

Ол кісі 1926 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданының Ново-Тимофеевка ауылында дүниеге келген. Чистый Яр мектебінде жеті классты бітіріп, 1942 жылы «Красный колхозда» жұмыс істейді. 1943 жылы қазан айында әскерге шақырылды. Аягөз қаласында алғашқы әскери дайындықты өтті. Содан кейін Ташкент қаласына радио курсына жіберілді. Майданға 1944 жылы наурыз айында шақырылды. Соғысты Беларусс әскер қатарында бастап, жеңісті Шығыс Пруссияда қарсы алды. 1950 жылға дейін Қызыл әскер қатарында, Польшада радист болды. Демобилизациядан кейін шофер оқуын бітіріп, 1984 жылға дейін жұмыс істейді. Үйленген, бір қызы, төрт ұлы, немерелері мен шөбелері бар, зейнеткер. Биыл, яғни 2015 жылы, бұл кісіге 90 жас толады. Қазіргі таңда, мен осы кісімен бір ауылда тұрамын. Яғни, Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Сарыбел ауылында. Мен оның немерелерімен бір мектеп аясында оқимын. Осындай кісімен мен қалай мақтанбайын?! Мақтан етемін! Мақтан етемін де, басымды көкке көтеріп, кеудемді соғып мақтанамын! Біздің батырларымыздың жасаған ерлігі мен есімдері мәңгі ұмытылмайды. Сол ерліктердің жемісі - Жеңіс. Жеңіс! Қандай кең мағыналы сөз. «Жеңіс» сөзі бүкіл халыққа бейбіт өмір әкелді, елге тыныштық оралды.

Жеңіс келді, Алтын күн елжіреді,  
Қуаныштан жарылды ел жүрегі.  
Әр батырдың есімі биіктерде,  
Жеңіс туы секілді желбіреді...

- деген өлең жолдарымен жеңістің құндылығын білдіргім келеді. «Соғыс майданын көру, қан кешу, қасірет тарту бізбен кетсін, еліміз тыныш,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

ұрпағымыз аман болсын!» - дейтін соғыс ардагерлері, өкінішке орай, жылдан жылға азайып барады. Халық ерлігі қай қоғамда, қай идеология кезінде болмасын өшпейді де, өлмейді де, ол адам баласының жадында ғасырлар бойы сақталып ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, өзінің жалғасын таба береді. Соғыс бір елдің жеңісімен немесе жеңілісімен аяқталады. Жеңіске жеткен елдердің қатарында біздің ел де бар. Біздің халқымыз үшін жеңіс – ұлы оқиға, бейбіт өмір, ашық аспан, кең дала, айналадағы табиғаттың алуан түрлілігі, жаңа сәбилердің өмірге келуі, туып – өскен жердің, Отанның азат етілуі. Адамзат баласының тарихында бұрын болмаған қасірет - Ұлы Отан соғысының аяқталғанына да 71 жыл толып отыр. Бейбітшілік сүйетін әлем үшін аса қадірлі мереке. Сол себепті де жеңіс мерекесі арамыздағы соғыс ардагерлеріне арналады.

Неменеңе жетістің, бала батыр?  
Қариялар азайып бара жатыр.  
Бірі мініп келместің кемесіне,  
Бірі күтіп, әнеки жағада тұр

-деп М. Мақатаев жырлағандай, осы бір айтулы 70 жылдыққа аман-есен жетіп, ұлы тойға куә болғалы отырған қариялар саны жыл сайын қатары сиреп бара жатқаны көңілге мұң ұялатады.

Ардагерлер бара жатыр азайып,  
Олар жайлы ойлауаудың өзі айып.  
Ғұмырлары аңыздайын ғажайып,  
Ғажап жандар жайын  
Тарихқа біз жазайық,

-деп, соғыс ардагерлеріне мың алғыс білдіріп, бүкілхалықтың мерекесі – ұлы Жеңіс ерліктер мен қажымас қайраттың ізімен келгенін ұмытпаймыз. Ұлы жеңістің қандай күшпен келгенін ешбір азамат ұмытпай, соғыс тарихын ұрпақтан – ұрпаққа естелік ретінде қалдыратыны сөзсіз. Адагерлер Жер – Ананың бауырын өрт шалмауын тілейді. Мен де сол тілекке қосыламын. Ойымды қорыта келе, Қонысбай Әбілдің жыр жолдарымен аяқтағым келеді:

Сабындай көңіл бұзылып,  
Түскенмен түрлі ой бүгін.  
Жеңістің жетпіс жылдығын,  
Мейрамдап жатыр ой –қырын.  
Салмағын бір сәт жеңілтіп,  
Сұм соғыс салған қайғының.  
Жанарымызға жас алып,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Тойлайтын ұлы той бүгін.

Міне, осындай елі үшін еңіреген ерлеріміздің ерлігінің арқасында бақытты өмір кешудеміз. Осынау ұшқан құстың қанаты талар кең-байтақ өлкенің келешегі тікелей жастарға байланысты екендігі сөзсіз. Ендеше, бізді бейбіт күнге жеткізуге теңіздің тамшысындай үлес қосқан, отан үшін от кешіп, оққа кеудесін тосқан ардагерлерге мыңда бір тағзым етеміз.

**СУРЕТТЕ: БАЛАХОНОВ ПАВЕЛ ЯКОВЛЕВИЧ**



Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.



**Жарқын Дидар**

9-сынып Амангелді атындағы орта мектеп.  
ШҚО Өскемен қ.  
Жетекшісі : Уазірханова Гүлмайра Кеңесханқызы

### **Отты жылдар**

Мамырдың таңы атып жиырма екінші,  
Соғыс өртін тұтатты алыс көрші,  
Қауырт соғыс жоспары- Барбаросса,  
КСРО- ны Германдар қылмақ енші.  
Дүр сілкінткен жер жүзін осы соғыс,  
Бас көтерді әр түрлі ұлт пен ұлыс,  
Ұлан- ғайыр қазақтың сар даласы,  
Бес жүз мыңдай адамға болды қоныс.  
Мың тоғыз жүз қырық бірінші жыл,  
Қазақ орыс соғысқан оны да біл,  
Майданға әр бесінші қазақ кетіп,  
Бала, әйел міндетті өтеген тыл.  
Бұл соғыс аямаған ешбір жанды,  
Дей тұрғанмен қазақтар тың жанданды.  
Социализм тұсында, тау халқында,  
Әйелдердің теңдігі жарияланды.  
Ғасырлар тоғысында дана халқым,  
Агрессиядан елімді қорғап қалдың.  
Аман өтіп революция, отарлықтан,  
Босағанды бесжылдықта нық қаладың.  
Жиырма жеті әскери оқу орны,  
Даярлады он алты мың офицерді.  
Сұм соғыстың салдарынан сақтау үшін,  
Екі миллион адамдай дайындалды.  
Күріштен рекордтық өнім алып,  
Қос мәрте социалистік сыйлық алса,  
Майдандағы сарбазды рухтандырып,  
Қазақ атын танытқан Жақаевта.  
Тұрдыев, Шолтыров пен Нагановтар,  
Брест аттыф қамалды қорғап қалған.  
Панфилов және 316-шы атқыштар ,  
Мәскеу үшін шайқаста қаза тапқан.  
Қазақтың маңдайына біткен бағы,  
Халқымның үлгі тұтар хақарманы,  
Отан үшін от кешкен аңыз тұлға,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Ұлы дала қыраны – Момышұлы.  
Бабам- батыр, Тайсалмайтын жауынан,  
Бес немісті жұда қылған жанынан,  
Бас иемін қазақ дейтін халыққа,  
Төлегендей қас батырды тудырған.  
Ленинград- ордасы сұм соғыстың,  
Жүз елудей қазағым шепте тұрдың,  
Сұлтан ата жан бердің, кеуде тосып,  
Оқ жаудыырған фашистің озбырының.  
Соғыста аты өшпейтін бар мергендер,  
Шыныбеков, Әлия көп көргендер,  
Одақ мен Қазақстан батырлары,  
Ұлты үшін тар жол тайғақ көп кешкедер.  
Жүз жиырма, сегіз жүз, алпыс үш,  
Әрбір сан терең мағына;  
Сталинград үшін салған күш;  
Палковник атам- Ғани Да!  
Бағыттаған ұшағын фашистерге,  
Қаза тауып Сталинград көгінде,  
Танкісінің көзін жойған жаулардың,  
Бас иеміз тұңғыш ұшқыш- Нұркенге!  
Қырық бестің мамырыының екісі,  
Кеңестердің Берлинді алған мерзімі,  
Рейхстагтың үстіне ту түйреген ,  
Булатов пен Қошқарбаев жеңісі:  
Үш жарым мың партизаны қазақтың,  
Бес жүз адам Батыр баба атандың,  
Кореяны азат еткен он төрті,  
Иегері болдың орден, медальдың.  
Сұм соғыстың салдарларын санамалап айтқанда,  
Жамбыл ата сізді айтпай қалам ба,  
«Ленинградтық өренім» ,- деп жырлаған,  
Тәуелсіздік бәлкім сенің арқаңда.  
Соғыс... Соғыс болмасын мәңгілікке,  
Қазақ дейтін жаны құштар ерлікке,  
Жер жаһанға қазақ атын танытқан,  
Алғыс айтам Нұр атамдай кісіге!

**Жәмсап Ақерке**

«№45 бейімделген орта мектебі» КММ

10- сынып оқушысы

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы

Жетекшісі: Нуржанова Г.К.

### **Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды**

Опасызда Отан жоқ,  
Отанда опасызға орын жоқ.  
Бауыржан Момышұлы

Соғыс!!! Қандай суық сөз. Біртүрлі жанды түршіктірер, бойға үрей тудырар, қанша адамзат өмірінің қиылуына себепкер болған, қатыгездік пен зұлымдықты білдіретұғын осы бір-ақ сөз.

Осыдан дәл 71 жыл бұрын шабуыл жасаспау туралы Кеңес Одағымен жасаған келісімді фашистік Германия 1941 жылы 22 маусымда бұзып, соғыс жарияламастан КСРО аумағына аяқ астынан басып кірді. Таңғы төрттер шамасында алаңсыз ұйықтап жатқан халықтың үстінен түскен фашистер ешкімді аямай, қанды көрсе қоза түсетін жыртқыш аңдардай қауқарсыз жандарға тұтқиылдан шабуыл жасайды. Жауға төтеп беретін еш қаруы не жоспары жоқ КСРО халқын фашистер талқандай береді. Содан бері талай уақыт өтіп кетіпті...

Қазірде бейбіт өмір сүріп жатсақ та, сол кезде ерен ерлігімен көзге түсіп, соңына дейін жаумен арпалысып, Отаны үшін өздерін өлімге қиған ата-бабаларымыздың батырлық істері, асқан жауынгерлігі ұмытылар емес.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың қаракөз екі қызы – мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар.

Өрімдей жастығына қарамай, Отаны, халқы үшін, бейбіт күн кешу мақсатында нәп-нәзік қолдарына мылтық пен пулеметін алып, өз еріктерімен кескілескен қанды соғыс алаңына аттанған бұл жандарға таңым бар.

1943 жылдың тамыз айынан 2-Прибалтика майданында 26-атқыштар дивизиясының құрамында ұрысқа қатысып, асқан мергендігімен көзге түскен жиырмаға енді ғана толған Әлия қыздың соңғы шайқасы осы еді. Сұм соғыс батырлық пен ыстық махаббатқа толы қыз жүрегін оққа ұшырып, балғын қыздың жарқын болашағына балта шапты.

Пулеметші Мәншүк топ ішінде өзінің ерекше қайсар мінезімен, батылдығымен ерекшеленді. Невель қаласы үшін болған кескілескен шешуші ұрыста Мәншүк ақтық демі біткенше пулеметтен оқ боратып, ерлікпен қаза тапты. Кім біліпті, бәлкім, бұл екі қыздың болашағы зор болар ма еді? Зұлмат соғыс кеп, барлығының тас-талқанын шығармағанда бәрі басқаша болар еді ғой. Бірақ, тағдыр... Бұл қаһарман қыздардың пешенесіне

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

жазылғаны осы, арпалыс пен қақтығысқа толы қысқа ғана ғұмыр екен. Алайда, біз олардың ерліктерін ешқашан ұмытпаймыз, ұмытпақ та емеспіз!

Кеңес Одағының батыры, жазушы, екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы Бауыржан Момышұлын білмейтін қазақ жоқ шығар. Бауыржан Момышұлы өзінің асқан ерлігімен талай фашисті қырды. Атамыздың біліктілігі арқасында отандастарымыз сұм жауға тойтарыс бере алды.

Сол кезде бастан кешкен батырлық пен ерлікке толы оқиғаларын атамыз ақ паракқа түсіріп отырған. Олар: «Ұшқан ұя», «Москва үшін шайқас», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдан» және т.б. Бұл шығармаларды оқи отырып, біз соғыс кездінде болған түрлі жайттардан, асқан ерлік бейнесінен, нағыз отансүйгіш азаматтардың жалынды әрекеттерінен хабардар бола аламыз.

Бір дауыл сапырды кеп өрт теңізін,  
Теңселтіп темір топан дүние жүзін.  
Бетіне туған жердің өшпестей ғып,  
Ер жазды өз қанымен жүрген ізін.

Нақ сол кез естідім мен ер дүбірін,  
Атағы атын алып келді бұрын.  
Үстінде туған елдің тұрды толқып,  
«Бауыржан Момышұлы» деген бір үн.

Бұл қанды шайқасқа әр үйден денсаулығы жарамды, жауға қарсы тұруға қабілетті деген ер-азаматтардың барлығы дерлік қатысып, қаһармандық көрсетіп қаза тапқан. Соның бірі – менің Нұрмұхамбет атам еді. Жауға берілмей, қолынан келгенше қарсыласып, тойтарыс берген. Жүрегі мұз боп қатып қалған фашистің сол жақ тұсына оқ атып, қатқан жүректің қанын судай ағызып, залым жауды жер жастандырған. Алайда, сол кезде фашистің өткір оғы қаһарман атамның қолына тиіп, саусақтарын опырып түсіреді. Нұрмұхамбет атам соғысқа аттанғанда Жәмсап атамның жасы бар-болғаны он-он бірлер шамасында еді. Сол кезде өзінің бала екеніне қарамастан үлкен кісідей өзгелермен бірігіп, тылда жұмыс атқарған. Тыл ардагерлері жер жыртып, егін егіп, соғысып жүрген батырларға азық-түлік жіберіп, керек-жарағымен қамтамасыз етіп отырған. Мен осындай жаужүрек аталарыммен мақтанамын.

Фашистер бізді талқандап, әбден әлсіретті. Бірақ, Отанын сүйетін нағыз жаужүрек, батыл, қайсар да қайратты бабаларымыз берілмей, соңына дейін күресті. Ақырында Рақымжан Қошқарбаев Ұлы Отан соғысында алғашқылардың бірі болып, Берлинде Рейхстагтың үстіне қызыл туды тікті.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Қиындықтың бәріне төзе білудің арқасында келген бұл жеңіс туын қадаудың өзі оңай жұмыс емес-ті. Ұрыс алаңынан өтіп, асқан қырағылық пен сақтықты талап ететін дәл осы іс Рақымжан Қошқарбаевқа жүктелді. Бүкіл КСРО-ның үмітін ақтаған қазақ азаматына алғысымыз шексіз.

Төрт жыл бойы аспанға үйірілген қара бұлтты жарып, күн сәулесі қылаң берді. Сонша уақыт мылтықтың даусын ғана есіткен халық құлағына жеңіс әнін салған құстардың керемет әуендері естіле бастады. Көптен бері бейбіт өмірді қалаған халық Жеңіс тойын тойлатты.

Сәулесін шашып түнекке,  
Ысырып жауды жер-көктен.  
Қасірет тұнған жүрекке  
Жеңіс боп келді сол көктем.

**Каниева Жансая**

10 сынып, «№6 орта мектебі»

Өскемен қаласы

Шығыс Қазақстан облысы

Жетекшісі: Оразбаева Арайлым Мауткалиевна

### **Жеңіс әрқайсымыздың жүрегімізде**

Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгерді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты тозаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден ала білдік. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін

Н.Ә. Назарбаев

Тыныш түн. Ашық аспан. Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман еді. Бейбітшілік пен тыныштықты бұзып, 1941 жылы 22 маусымда Германия әскерлері Кеңес Одағына басып кірді. Ашық аспанды қара бұлт үйіріп, көптеген елдерге ортақ шаңырақты шайқап, сол балаларды жетім қалдырып, ананың көзіне жас, әкенің төсіне тас қойған қасіретті де қайғылы сұрапыл соғыс басталды.

Соғыс... Жүрегім дүрсілдеп соғып қоя берді. Ата-бабамның Қытай мен Жоңғардан найзаның ұшымен, білектің күшімен, өткір де шешен тілдің ұшымен қорғап қалған жерімізге енді неміс көз салды ма? Жо-жоқ, бұл жауыздыққа қазақ жұрты жай қараған жоқ. Жасы он сегізден асқан жігіттен, жетпістегі шалға дейін азаматтар елін, жерін, отбасын қорғауға майданға аттанды. Алаш елінің батылдығы соншалық зұлым соғысқа, аппақ қардай үлпілдеген қанына зілдей автоматты асынып, қайсарлықпен қазақ қыздары да аттанды. Бұл арулардың ішінен Әлия мен Мәншүкті атап өтпеуге болмас.

Осы сұрапыл соғысты ойласақ, көзімізге еріксіз жас келеді. Қаншама жанның өмірін жалмаған бұл соғыс қайсібірімізді болмасын алаңдатпай қоймады. Елі, жері үшін, болашақ өскелең ұрпақ бейбіт елде өмір сүрсін деп қаншама ерлеріміз жауға қарсы ерлікпен айқасты. Сол жылдың маусым айынан бастап КСРО-ның миллиондаған әскермен бірге қазақ жауынгерлері де Ұлы Отан соғысына аттанып, өзінің батылдығымен, қайсарлығымен көзге түсіп, жеңіске жетуге елеулі үлес қосқан еді. Солардың жанымен, қанымен, еңіреп жүріп жауды жеңіп тарихқа таңба басқан күн – Жеңіс күні. Осы күнге халқымызды жеткізсем деген, тарихта сөнбес ерлік жолын қалдырған, Ұлы жеңіске елеулі үлес қосқан қазақтың ержүрек ұлдарының ерең еңбектеріне қысқаша шолу жасасам деймін.

Бауыржан, Қасым, Сағадат, Талғат аталарымыздан бастап, қазақ еліне Жеңіс туын сыйлаған, Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан сынды атамыздың ерлігі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

ел есінде мәңгіге қалып, олар жайлы мақтанышпен ауыз толтырып айтамыз. Олардың сол кездегі қажымас қайсарлықтары, өжеттілігі, төзімділігі, Отанымызға деген шексіз махабаты қазіргі жастарға үлгі. Жоғарыда аталып өткен батырларымызбен қоса, өзіміздің шырайлы Шығыс жерінен шыққан Қасым Қайсенов, Төлеген Тоқтаров, Ізғұтты Айтықов сынды аталарымыздың есімдері ауылдар мен көшелерге берілді. Қала көшелерінен өтіп бара жатып, осы аталардың есімін көрген кезде, бойыңды ерлік рухы билеп алатыны сөзсіз.

Мәскеу, Ленинград, Сталинградты азат етуде ержүрек жауынгерлеріміздің айрықша батырлық қасиеттерін жан-жақты көрсеткені тарих пәнінен де өте жақсы білеміз. Тарих беттеріне үңілетін болсақ, Бородино селосында Төлеген Тоқтаров неміс бөлімінің штабына басып кіріп, бес неміс офицерінің көзін жойған. Ұшқыш Талғат Бигелдинов әуеге бірнеше рет көтеріліп, жау танкілерін киратып, ойсырата жеңгендігін оқи отырып, бойына күш-қайрат жинайсың.

Бауыржан Момышұлының: «Біздің жүрегіміз темір емес, бірақ кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп жіберіді», - деп айтқан жалынды сөздері арқылы Отанға деген сүйіспеншілігін, нағыз ерге тән патриоттық сезімінің көрінісін байқаймыз. Сонымен қатар, Мәлік Ғабдуллин майданда И.В. Панфилов атындағы 8-ші гвардиялық дивизияда шайқасқан және Ізғұтты Айтықов Сталинград пен Курск шайқасында қасық қаны қалғанша жан аямай күрескен.

Қазақ елінен Нұркен Әбдіров, Ғани Софиуллин, Жәнібек Елеусізов тағы да басқа азаматтар ерлікпен елі үшін шайқасты. Міне, осындай аталарымыздың ерлік істерімен келген Тәуелсіздік жолын біздер қалай ұмытпақпыз. Керісінше, олардың ерлігін мақтан тұтып, рухтарына тағзым етіп бас ию біздің міндетіміз деп білемін.

Тылдағы ақ жаулықты аналар мен кіп-кішкентай балалары соғыс қасіреті үшін таң атысымен күн батысына дейін жұмыс жасады. Ұлы ақын Мұқағали Мақатаев балалық шағын ойынмен емес, соғыспен елестетеді. Бір жазбасында былай дейді: «Менің балалық шағым болған жоқ. Оны сұрапыл соғыс ұрлады. Мен ес білгелі Майдан қажеті үшін жұмыс жасадым...». Иә, шынымен де бұл соғыс талай жанның әкесін, анасын, ұлын, қызын жұтты. Менің білуімше, соғыс уақытында өлген адамдардан ауылдарға: «қара қағаз» келетін болған. Күніне кем дегенде бір ауылға 4-5 қара қағаз келіп үлгеретін. Жүректері қан жылаған адамдар пошташы келгенінен қорқатын. Себебі, пошташы күніне бірнеше адамның қара қағазын алып келетін.

Соғыстың алғашқы айларында ауыр жеңіліске ұшырағанымыздың себебі көп еді. Біріншіден, 12 мемлекет болып алған және 14 одақтан болған жаудың күші басым еді. Бірақ, Абылай хан айтқандай: “Қазіргі біздің кезімізде білектің күшімен жерімізді қорғап қалсақ, оған қоса ұрпағымыз білімді болса бізден асқан ұлт болмас ” қазақ елі елдікпен, ерлікпен шайқасып жерімізді, елімізді аман алып қалды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Соғыс кезеңінде майдандағы әскерлерді рухани жігерлендіру үшін Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова сынды әншілер арнаулы әндерімен әскердің жүрегіне аз да болса сенім, арман, үміт ұялатуға тырысты.

«Адамзат бүгін адам, ертен топырақ...» деп ұлы ақын Абай айтқандай Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы кезінде адами болмыста қалып, қаһармандық көрсетті.

Қара жер... Майдан мен қып-қызыл қан. Ыза мен кекке толы кеуде. Бұның барлығы текке кеткен жоқ. Арманы мен жігері көкке таласқан әскерлердің әрекеттері жемісін берді.

Міне, содан бері 71 жыл өтті. 71 жыл күллі тарихқа айналғандай. Бізге бұл күнді сыйлау жолында құрбан болған батырларымыздың ерліктері ешқашан ұмытылмайды, және ұмытылмақ емес. Күн мен түнге созылған сұрапыл соғысты біздің сан мыңдаған бауырларымыз Отан үшін отқа түсіп, қаншама боздақтарымыз сұм соғыстың құрбаны болғаны - ащы шындық. Осындай ардагерлерімізге мың алғыс.

Жасалған жақсылықтарға біздердің, жастардың жақсылықпен қайтарымы болуы керек. Бос сандалыс, жүріс пен “дайын асқа тік қасық” тіршіліктен гөрі, ел болашағы - біздер екенін толыққанды ұғуымыз керек.

Ес жияр, еңсені көтерер шақ туды. Туған жерді шын сүйетін азамат болсақ, ата-баба аманатына кір келтірмей, оның намысын ту қып көтерер кезең келді. Олай болса, атамекен, туған жерге деген зор сүйіспеншілікке толы салтымызды жандандырып, жадымызға сіңіруіміз қажет.

Бұл шығарманы жеңіс туралы мына өлеңмен аяқтағанды жөн деп таптым:

Жеңіс келді далама,  
Жеңіс келді қалама,  
Жеңіс келді әке боп,  
Елдей көп балаға...

Иә, жеңіс келді біреуге қуанышпен, біреуге қасіретпен... Майданда болған әрбір атамыз бен апамыз үлкен құрмет пен сыйға лайық. “Ер есімі ел есінде” әрбір жылдың 9-мамыры Ұлы Отан соғысының құрбандарын еске алу күні. “Ұлына ұлы тұлға құт болар”-деп, Жүсіп Баласағұни айтқандай, жастар және өскелең ұрпақ өкілі бізге осындай жарық күнді сыйлаған ата-бабаларымызды үлгі тұтып, есімізде әрқашан құт болғай.

Сол жылдағы халықтың бірлігі мен ынтымағы - Ұлы Жеңістің келуіне басты себептердің бірі еді. Сол сияқты қазіргі таңда да, болашақта да, бірлігіміз жараса берсін! Елімізге тыныштық, әрбір отбасына амандық тілеймін! Әр адамзаттың жүрегінен орын алған бұл Жеңіс баянды, әрі ұзағынан болсын!

Кимадиева Лаула

8 сынып «Ново- Тимофеевка орта мектебі»  
Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Сарыбел ауылы

### Қонақжай қазақ даласы: Қазақстан ортақ үйіміз

Жау шапқанда ел қорғау ерлік салты,  
Ерлік істің мәңгілік өшпес даңқы.  
Жеңіс үшін жан қиған миллиондарға,  
Артта қалған ұрпағы тәу етеді

Ұлы Отан соғыс жылдарында қоныс жаңалаған ұлттар көп болды. Негізінде бұл қоныс жаңалау емес, керісінше, зорлықты күшпен жер аудару болатын.

Соғыс жылдарында ұлттық мүддені қорғаған зиялыларды, қарапайым еңбек адамдарын жазықсыз қудаласа, уақыт өте келе бұл саясат шекаралық аймақтағы тұтастай халықтарды кіндік қаны тамған туған жерінен айырып, басқа аймаққа күшпен жер аудартты. Оларды қоныстандырған жердің негізгі қатарында Қазақстан да бар болатын.

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында және соғыс жылдарында Қазақстанға жер аударған корей, шешен, ингуш, түрік, болгар, қырым татарлары және басқа ұлттар мен этникалық топтар өкілдері соғыс кезінде және соғыстан кейінгі жылдары республика халық шаруашылығының барлық саласында еңбек етіп, оның өркендеуіне өз үлестерін қосты.

1946 жылы КСРО-да жалпы жер аударғандар саны 2 463 940 адамға жетті. Ал кейбір мәліметтер бойынша 2 826 419 адам. Олардың Қазақстан Республикасына жер аударылғандар саны 1млн 200мың адам болды.

Жер аударылған халықтардың басым көпшілігі өз Отандарына оралды. Десек те, атамекендерінде орын алған жағдайлардан олардың басым бөлігі Орта Азия мен Қазақстанда орнығып қалды.

Жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де ешкім де, ешнәрсе де, ешқашанда естен кетпек емес! Соғыс – барлығын жалмаған күйреуші күш. Барды жоқ етеді, тауды жер етеді. Жер бетіндегі барлық тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Ұлы Отан соғысы бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділігін паш етіп, тарихта мәңгі қалатын күн.

«Қазақ» - десе, маңдайымнан-  
Қаныма сәйкес шып – шып тер шықты,  
Қазағымның дүл – дүл даласынан  
Талай атқа мінер ер шықты.

Сол қазақтың пейілінен жаралдым,  
Сол қазақтың дәстүрінен нәр алдым

Иә, шынында қазақтың қай баласының бойында күй ойнамайды, елім жерім деп тебіренгенде көкірегі қақ айырылмайды. Ата - баба дәстүрі қазаққа тән кең пейілімен, бауырмалдылығымен бүгінде оты өшпенген қара қазандай алыстан жарқырайды.

Шығарма желісімде кешегі мен бүгінгі таңдағы елмен елді елдестіру, жақсылар мен жайсандарды құрметтеу де, өнегелі қасиеттерімен өзге елден, өзге ұлттан артықшылықтарын білдіру, жыйылмаған қазағымның кең дастарханы туралы сөз болмақ. Ақ ниеті түзу анамның, түтіні түзу шыққан бүгінгі ауылымның қонақ жайлылығына шіркін не жетсін! Менің де өз ұлттық рухым биік. Кешегі қиын қыстау кезеңде, жатсынбаған қазақ – елінің өзгенің баласын өз баласындай жанына тарта білген бауырмалдығы менің жас жүрегімді шымыр еткізіп, бойыма патриоттық сезімді одан әрі өрбітеді. Бір жапырақ нанын бөле жеп, табаны жырым – жырым болып бидайдың масағын терген апамның кәрі бейнесі көз алдымнан кетпейді. - Ұлы Отан соғысы жылдары не көрмедік. Жас баламызды арқаға танып, таңның атысы мен күннің батысына қарамай Отан үшін жан пида болмады ма? – деп апам кеудесін қақ айыра күрсінетін де әңгімесін жалғастыртын. Қазақстан жеріне басқа ұлт өкілдерін әкеледі деген дүмпу сөз жүріп кетті. Содан соғыс зардабын тартып әрбір қара шаңыраққа әлгі балаларды орналастыру міндет болып саналып, Ақшоқы ауылында тұратын Жұмақанов Ақай ақсақал ұлты неміс үш баланы тұрғызып, өз баласындай қамқорлық жасады. Ұлты бөлек болса да бір алланың құлы ғой деп апам көзін сүртіп, теріс қарап тарам – тарам әжім басқан бетінен жас домалағанын талай көрдім. Волгоград облысынан әке - шешелерінақты неміс ұлты болғандықтан балаларынан айырып, сол кездегі трудовая армия - еңбек армиясына жіберген. Ең үлкені Вольф Яшка, екіншісі Владимир, үшіншісі кіші қарындастары, аты есімде жоқ дейтін. Тоғыз бен он – он бір жастағы кездері. Жұмысқа ерте араласып, Ақай ақсақалдың тәлім тәрбиесін көрген балалар өз қазағымыздың баласындай болып кетті. Тоғыз жасынан өмірдің ауыртпалығын тартқан неміс балалары, қазаққа тез бауыр басып, өздерінің ұқыптылығымен көзге түсті. Ерте жұмысқа араласты. Жаздай қара жерді қақ айырып, өгізбен жер жыртып,



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

колхозда еңбек етті. Яшка ең үлкені білімнен құр бақрам қалды, өйткені інісі мен қарындасына бас көз болып, аштықтың талай Ақай атасымен зардабын тартты. Екіншісі Владимир төртінші сыныпты қарындасы екеуі Ақшоқы ауылынан бітіріп, қазақтың салт дәстүрін, тілін меңгереді. Бертінде үйленіп, колхоздар совхозға айналғанда ДТ – 54 тракторымен жер жыртып, ең ескі колесный универсалды тракторда шөп итеріп қазақ жері өзінің екінші отаны болған соғыс балалары осындай деп апам сөзін доғарды. Биылғы Елбасымыз белгілеген айтулы күндері Қазақстан Ассамблеясының 20 – жылдығын тойлау кезеңінде Яшка ағамыздың өмірі күрт үзіліп, өмірімен қоштасаты. Жас кезіндегі өмір зардабы, тоя жемей тоңғаны, нанның қиқымын аяққа баспай қадірін біліп өскен қандас болған қандасымызға, өмір талқысының талқысына түскен ағамызға айтар алғысымыз шексіз. Кейінде орыстың Валя деген қызына үйленіп, артынан ұрпақ ерітіп, дүниеге екі ұл бір қыз әкелген ардақты әке, ауылымыздың ұлы тұлғаларының қатрына қосылған жандардың бірі еді. «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз» - деп еске жастық шағын көзіне жас ала айтатын біздің Яшка ағамыз. Өйткені қиын қыстауда қазақ елі пана болды, ақ сүтін берген анадай бауырына тартты.

Біздің көргенімізді  
Қазіргі ұрпақ көрмесін,  
Басына қара бұлттар төнбесін.  
Енді қайтып жерімізге,  
Қара ниет қас дұшпандар  
Енбесін! – деп күрсіне көзіне жас алатын

Кейіннен етек жеңін жиғаннан кейін өз қолы өз аузына жетіп, совхоздың темір тұлпарының құлағында ойнап социалистік еңбек ері атанып сол кездегі

КСРО –ның 24-съезіне делегат болып сайланды.

- Неміс баласы емес, кәдімгі қазақтың қара домалағымын мен, - деп күлкісі жарасып күле жауап беретін біздің Яша ағай. Әке – шешенің құлыным деп басынан сипар кезінде ерте жетім қалған неміс балаларының өмір тағдыры осындай екен.



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Елі де бай, жері де,  
Қонысы кең, көлі де.  
Бұл қай жер деп сұраса,  
Қазақстанның Шығысы,  
ауданы - ол Көкпекті  
Сарыбел деген жері де,

- деп сөзімді аяқтағым келеді.

**Қажыбекова Тамирис**

11-сынып М.В.Ломоносов мектебі  
Ш.Қ.О. Зайсан ауданы Зайсан қаласы  
Жетекшісі Алимбаева Динара Берикболовна

### **Адам қолынан келген ажал...**

Дауыл тұрса, бүлк етіп толқымайтын,  
Бара жатыр сарқылып дариялар...

Соғыс ешқандай да табиғат құбылысы емес. Соғыс- адам қолынан пайда болған аса үлкен қасірет. Бір ғана адамның зұлмат ойы қаншама саңлақты жер жастандырып, қара жердің қойнына жібере алады, мамыражай бейбітшіліктің ортасында мәз-мейрам боп жүрген халықтың әп-сәтте берекесін қашырып, шаңырағын ортасына түсіреді. Бір ғана адам мыңдаған шаңырақты асыраушысынан айыра алады. Бір ғана адам қаншама ақ жаулықты ана, сүйген жар және бесіктен белі шықпаған балалардың Байкал көлінің су қорымен тең көз жасына қала алады. Бір ғана адам... Иә, адам деп айтқан артық кеткендік. Адам емес, айуан! Осындай адамдарға надандықтың қара түнегінен шығарар бағыт-бағдар берсек, құрлықта қалған балықтай біздің ортамызда ғұмыр кеше алмас деп ойлаймын.

Ұлы Отан соғысы- халықтың жанына ауыр жара салған үлкен қасірет. 1418 күн мен түн өлім мен өмір арпалысына айналған кез. Осы төрт жыл ішінде қасық қаны мен ақтық демі қалғанша арпалысқан ержүрек жандар аз емес. Өмір- дария. Бір арнамен ағып, бір сарынды барлық жерді аралап өтетін өзен суы іспеттес. Кезі келгенде су топыраққа сіңіп, барар жеріне жете алмай қалатын кездер болады. Кей кезде адам әрекетінен орнатылған бөген әсерінен су тоқтап, барар жеріне жете алмауы мүмкін. Адам өмірі де сол сияқты: соғыс атты бөгенді бағындыра алмай тоқтауы мүмкін.

Қазақ халқы- ұлы халық. Отты жылдарда жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық. Соғыс даласында Отанының бір титім жерін қорғауда аянбай күрескені барлығымызға белгілі. О заман да бұ заман, Кеңес әскерлерінен қалыспай «Отан үшін» деп ұран тастаған да осы қазақ. Бұған дәлел- 100қазақ батырының «Кеңес Одағы Батыры» атағын алуы. Қарша борап жатқан оқтың арасында бейкүнә жастық шағымен қоштасқан жас балалардың қолына қару алып, майдан даласына аттануы да үлкен ерлік. Майдан даласында жүрсе де ана мейірімі мен қазақ халқына тән қонақжайлылық дәстүрді аяққа таптамаған аналар қаншама. Бөтен елдің баласын жат демей, бауырына өз баласындай басқан ару аналар қазақтың ұлы дала дәстүрлерінің символы іспеттес. Осында ер мінезді жас ұрпақ пен бауырмал аналар, ашық майданда болмаса да, тыл шебінде еңбек еткен қариялардың қатысынсыз жеңіске жету мүмкін емес еді деп ойлаймын.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Талай жылдар өтсе-дағы еңбек еленусіз қалмайды. Бәрі ұмытылса да, ерлік ұмытылмайды.

О, жеңіс! Жеңіс жарықтық ессіз ғой. Әрбір жанды масаттандырып, бейбіт күнге түсіретін. Топырағынан сүт аңқып тұратын туған жердің ол шеті мен бұл шетіне жүгірсең, құмарың қанбайтын ұлан ғайыр атырап. Жеңістің самал лебі бетіңнен өпкенде қуаныштан көзге жас келеді. Талай қындықты бастан кешіріп, шыбын жанын шүберекке түйіп жүрген адам енді еркіндікке ерекше көзқараспен қараған-ды. Бұрындары Отанның қадірін түсінбей жүрген адамдар соғыстағы оқтың қара түтіні мен бейбіт күннің ерекше иісінің айырмашылығын түсіне бастаған-ды. Отанның әрбір тау-тасы «соғыс» атты өмір сынағынан өткен жандар үшін барлығымызға қарағанда қадірі биік екендігі белгілі. Білемін, жер бетінде асыл адамдар көп, бірақ жер астында одан да мол-ау. Сол зұлмат жылдарда қыршын кеткен жастар мен өмірден арманда өткен жандардың есесін қайтару өз қолымызда. «Есе қайтару» дегенім қайта соғыс бастап, күресу емес. Жиырма бірінші ғасыр ұрпақтарына тән ақыл мен білім арқасында елді биік деңгейге көтеріп, ата-апаларымыз алып берген тәуелсіздік пен бейбіт заманды сақтап қалу.

Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді демекші, қазіргі ардагерлердің көзі тірілері әлі күнге дейін тың. Немерелеріне соғыс жайлы әңгіме айт десе, барлығын бастан аяқ таза да ақ көңілмен айтып берер жалғыз адамдар- осы қариялар. Қазіргі заманғы балалар жаңа технологиялар кесірінен ата-әжелерімен әңгіме-дүкен құруға уақыт таппай жатады. Онсыз да қазіргі уақыт ағынының жылдам қозғалысынан қариялар азайып бара жатыр. Бұл өмірде ештеңе де мәңгілік емес. Сондықтан ардагерлерімізді, яғни санаулы ғана қалған асылдың сынықтарын қадірлей білейік. Олаға көп нәрсе керек емес. Тек қана жүрегіне ауыр жара салған ауыр жылдардың әңгімелерін баяндауын өтінсеңіздер- ата-әжелеріміз үшін осының да өзі үлкен бақыт. Осынау бейбіт күнді маңдай тері мен жүрегінің жылуы арқылы жеткізген сол жандардың ерлігі ел есінен мәңгі кетпес. Бүгін әлемге қауіп-қатер төндірген сұрапыл соғыс отының өшкеніне 71 жыл уақыт өтсе де жерін жауға таптатпаған жеңімпаз аға-апаларымыздың қаһармандық ерліктері ешқашан ұмытылмақ емес. Соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне деген сүйіспеншілік пен құрмет бүгінгі және келер ұрпақтың жүрегінде мәңгі сақталады. Майдан батырлары сол бір қаһарлы жылдары туған елі мен жері, Отаны үшін жанқиярлықпен қан төксе, тылда еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін, ақ жаулықты аналар мен қыз-келіншектер күн-түн демей еңбек майданында тер төкті. Олардың қайсар рухы мен қажымас қайраты- біздің баршамыз үшін елжандылықтың, отансүйгіштік пен патриотизмнің мәңгілік өнегесі және сарқылмас қайнары. Бүгінгі жас ұрпаққа тарихымыздың сұрапыл оты қалған беттерін таныта білу біздің міндетіміз. Бейбіт күннің шұғыласының шуағына шомыла жүріп, еліміздің әр жас өркені шуақ нұрының үзілмеуін түйсіне білуі керек.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Елдігіміз қанат жайып, мұң шалған жылдар парағы бейбіт күндер мен жалғасуда...

Осындай тыныш та бейбіт күнді сыйлаған ардагерлеріміздің алдында басымызды иіп, ұрыс даласында және еңбек майданында жеңіске теңдесі жоқ үлес қосқан барша азаматтарды зор құрметпен еске аламыз! Сұрапыл жылдар қайта келмесін деген тілекпен ел тәуелсіздігінің көк байрағы желбірей берсін дегім келеді.

Жас ұрпақ қарт майдангерлерге деген құрмет сезімдері арқылы Отанға деген патриоттық тұлғаларын түзеп өсуде. Шәкірттеріміздің келешек туын абыройымен көтеріп жүретіндеріне сенімім мол. Қорыта келгенде, барлығыңызға айтарым: санаулы ғана қалған бейбіт өміріміздің келістірушілерін бағалай білейік.

Қалибекова Ақерке

7 сынып «Көкжота орта мектебі»КММ  
Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы  
Жетекшісі: Мухамбетова Гульмира Ратаевна

... Шала жиып дастарханды,  
Қоштасарда сәл кідіріп.  
Сақтаймыз деп Ұлы Отанды  
Қан майданға кетті жүріп...

Дәл осыдан жетпіс бес жыл бұрынғы- 1941 жыл 22 маусым. Аспанды қара түнекке ораған күн. Дәл осы күні ата- ағаларымыз қан майданды тозаққа аттанды десек те болады. Өйткені, бұл қаншама адамдарды жақындарынан яғни, әкесін баласынан, баласын анасынан, ата -әжелерінен айырған сұрапыл соғыс болатын. Әр жерден еңіреген аналардың, әкелеген баланың даусы шығып жатты.

18-19 жастағы жас жігіттер өздерінің Отанын, болашақ ұрпақтың тыныштығын сақтаймыз деп, ажал оғына қарсы тұрды. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық қой. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ та, қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Оған мысал ретінде айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал.

Осы көріністі біз көрмесек те біз аталардың айтқан әңгімесінен, барлығын көзбен көріп, кейін соны қағаз бетіне түсірген ақын - жазушылардың шығармаларынан білеміз. Қанды соғысқа қатысып, бізге Ұлы Жеңісті алып алып берген ата- апаларымыздың есімдері мәңгі есімізде. Өз Отанын қорғау үшін, ұрпағының жарқын болашағы үшін біздің ауылдан да қаншама адам майдан даласына аттанды. Олардың көрсеткен ерліктері мен қаһармандық рухы ұрпақтан -ұрпаққа өнеге болып қала бермек.

Иә, түнекке оранған бес жыл өмір мен өлім арасындағы бес ғасырлық күрес іспеттес еді... Майдан даласында ардақты әкелеріміз бен арыстай ағаларымыз, қызғалдақ гүлдей жайнап өсіп келе жатқан апайларымыз жаумен аянбай шайқасса, тылда аналарымыз бен бақытты балалығын ауыр еңбекке айырбастаған жеткіншектер «барлығы да Отан үшін, барлығы да Жеңіс

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

үшін!» деген қасиетті ұранды ұстанып майданға қолдан келген көмектерін аямады. Әр қыстың соңы жазға айналады демекші, қара түнек сейіліп, жеңіске де жеттік.

Бұл Жеңіс –бүкіл соғысқа қатысушылар мен тыл еңбеккерлерінің қажымас қайраты мен рухының жеңісі. «Ат ауыздығымен су ішіп, ер етігімен қан кешіп», Отан үшін отқа түскен өршілдік пен елшілдіктің өшпес айғағы. Аталарымыз бен аналарымыздың тылдағы маңдай терінің арқасы. Міне, содан бері талай ұрпақ жаңғырып, заман жаңарды. Әйтсе де, соғыс салған жара әлі де толық жазыла қойған жоқ. Қайта сол соғыстағы Ұлы Жеңістің айбыны алмастай жарқырап, арта түсті. Ол да болса бейбіт заман, берекелі тірліктің жемісі. Қазақ қазақ болғалы қанашама сұрапылды, зар заман зұлматты көрді. Осынау сайын даланың төсінде кездесетін сан мыңдаған мазарлар да жанкешті шайқастардың, жарқын жеңістердің куәсі.

«Уақыт- ұлы дәрігер» дегендей, халқымыз бастан кешірген сұрапыл қайғы мен қасірет жеңілденді, ата- бабаларымыздың төгілген қаны мен тері өзінің жемісін берді. Бірақ жүректе бір өксіктің бары баршамызға аян. Ол өксік біз үшін от пен суға түсіп, қан кешкен- ардагерлеріміздің қатарының жыл сайын азайып бара жатқандығы. Армысыңдар ақ күміс абзал жандарым,

Не алапатты өткерген бастан нарларым.  
Сендерді көрсем көргендей болам әкемді,  
Жақсы ғой заман, жақсы да шығар қалдарың.  
Намысын елдің жанқиярлықпен қуғандар,  
Жаралы тәнін көйлегін жыртып буғандар.  
Ұмытып өзін тықсырып жауды шыдатпай,  
Бүгінгі қанын ертеңде бірақ жуғандар.  
Бармысыңдар, тар жолда тайғақ қан кешіп,  
Ұрпағы үшін майданға талай енгендер

- деген өлең жолдарын тебіреніспен айтып, құрметтеу біздің, яғни жас ұрпақтың міндеті екенін ұмытпағанымыз жөн.

Иә, халқымыз отан үшін от кешіп, елдік пен ерлік сынға түскен сәтте қас қақпай өмірлерін құрбан еткен батыр ұлдарын қастерлеп -қадір тұтады. Олардың есімдерін жүрегімізде мәңгі сақтап, аттарын алтын әріппен жазып қана қоймай, ата- бабаның қанымен келген Жеңісті, Тәуелсіздікті қастерлеп, мәңгі сақтауымыз керек. Аспанымызда желбіреген Көк Туымыз мәңгі қалықтап қазақ халқы «Мәңгілік Ел» болып жасай берсін!

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында ақ қағазға түсірген адал ниетіміз, жақсы тілегіміз соғыс ардагерлеріне арнаған құттықтауымыз болсын!

**Қарпықова Сымбат**

7-сынып «Преображенка орта мектебі» кмм  
Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Преображенка ауылы  
Жетекшісі Ниязбаева Д.А.

### **Біздің көше батыры**

Әкем үстел басында немесе қолы бос уақытында бізге өмір жайлы, соның ішінде адамдар туралы және олардың жасаған игі істері жөнінде қызықты әңгімелер айтып беріп отыруды әдетке айналдырған. Осындай бір кезекті отырыста ол сіңілім екеумізге ойланып қарап алды да: «Білесіңдер ме, сендер дүниеге келерден бір жыл бұрын, осы біздің Совет көшесінде тұрған, Преображенка ауылының тоқсан бес жастағы абыз ақсақалын халқымыздың салты бойынша, арнайы үйге қонақ қылып шақырып, жылы лебізін тыңдап, батасын алған едік. Ол кісі анаң екеумізге және сендерден үлкен ағаң мен әпкеңе небір жақсы тілегін айтып, сөзінің аяғында «үйлерің жанға, қораларың малға толсын» деп ақ батасын берді. Осы бір өмірді көп көрген, тоқсанның сеңгіріндегі салиқалы ақсақалдың айтқаны дәл келді ме, келесі жылы, яғни 2003 жылы сендер егіз бала болып дүниеге келдіңдер» деді. Біз бұған таңырқап қалдық та: «Әке, ол кісі кім? Сол ата туралы айтып беріңізші» деп өтіндік. Әкем: «Олай болса, тыңдандар!» дегендей ишара жасады.

«Бұл кісінің өз есімі Қасымжан, әкесінің аты Ұлұқпан. Қасымжан ата 1907 жылы, қазіргі Тарбағатай ауданы, Қызылкесік ауылының Доланқара қыстағында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысының ардагері. 2003 жылы 97 жасқа қараған шағында Көкпекті ауданы, Преображенка ауылында өмірден озып, Тассай ауылында жерленді.

Әңгімемді мына бір қызықты оқиғадан бастағым келіп отыр. 2000 жылы Ұлы Жеңістің 55 жылдығы мерекесінде ол кісі 93 жаста еді және сол уақыттағы Преображенка ауылы соғыс ардагерлері арасында, тіпті аудан бойынша да ең жасы үлкені болатын. Осы мерекеге арналған салтанатты шеруге ардагерлерді үйлерінен әкелуге және шеру соңынан апарып салуға бөлінген арнайы көліктердің біріне отыруға ұсыныс жасалғанда, атамыз «мен соғыста жаяу әскер құрамында жауды қуып, қаншама жүздеген километрді артқа тастаған солдатпын, тәйірі, мына тұрған үйімнің арасы мен үшін түкке тұрмас» деп, шеруге өзі келіп, соңынан болмай жаяу қайтқаны, біздер сияқты сол кездегі жас буын өкілдері үшін «қай кезде де төзімді болындар» дегендей әсер қалдырды. Мен ол кісімен осы мереке кезінде де, оның алдында да үйінде болып, көп әңгімелескен едім. Қасымжан ата бізге өз өмірінің ең қиын уақыты - соғыстың қилы кезеңдерін асықпай айтып беретін. Соғыс басталғанда атамыз Большевик ұжымшарында малшы болып жұмыс

жасап жүрген екен. Ол алғашқы күндері-ақ өзі сұранып майданға аттанғысы келеді. Бірақ, мал бағудың қыр-сырын әбден білетін оны, майданға азық-түлік дайындау үшін де сіз сияқты өз ісін жетік білетін адамдар керек деген уәжбен алғашқыда соғысқа жібермейді. Ақыры ол қоймай, өз сұрауы бойынша 1942 жылдың маусым айында, Көкпекті аудандық соғыс комиссариаты арқылы майданға аттанады.

Осы жылдың 18 шілдесінен бастап Белоруссия майданы, 48-ші армия құрамындағы 331-ші атқыштар полкінде қатардағы жауынгер, пулеметші болып, Белоруссия жеріндегі ұрыс қимылдарға қатысады. 1943 жылдың қыркүйек айының басында болған осындай бір кескілескен ұрыс барысында, туындаған жағдайға байланысты полк уақытша шегінуге мәжбүр болады. Полк шегініп кеткенше алдыңғы шепті ұстап тұру, құрамында Қасымжан Ұлұқпанов та бар бір взводқа тапсырылады. Осы взвод жауынгерлерінің жан аямай, жан беріспей жасаған ерліктерінің арқасында полк діттеген жеріне жетіп, бекініп алады. Взвод жауынгерлері ұрыс сала отырып, негізгі құрамға қосылу үшін шегінбекші болады, бірақ немістер бұл әрекетті сезіп қойып, оларды қоршауға алады. Күш тең емес еді. Осы кезде олардың естеріне азық-түлік сақтауға арналып жасалған, бос қалған үлкен жерасты қоймасы түседі. Олар командирдің бұйрығы бойынша, соғыса жүріп осы қоймаға келіп бекінеді. Немістер шығар есікті миналауға әрекет жасайды. Біздің жауынгерлер оқ жаудырып, бірнеше сағат бойы олардың ойларын іске асыртпауға жанталасқанымен, оқ-дәрі де таусылуға шақ қалады. Неміс офицерлері дауыс күшейткіш арқылы оларға өз еріктерімен берілуін қайта-қайта айтудан жалықпайды. Осылайша үш күн өтеді. Біз қоймаға келіп кіргенде, оның ішінде қалып қойған біраз азық-түлік қоры бар екен,» - деп еске алушы еді Қасымжан ақсақал. «Тамақ болғанымен, мұнда су жоқ болып шықты. Ата-бабаларымыз отын - олжа, су- қорлық деп босқа айтпаған екен, ішетін суымыз таусылғанда шын қорлықтың не екенін қатты сезіндік,» дейді ақсақал. Төртінші күн дегенде оқ-дәрілері таусылған, әсіресе шөлден әбден қалжыраған жауынгерлер еріксіз сыртқа шығуға мәжбүр болады. Осылайша Қасымжан атамиздың тағдыр басқа салған, неміс лагерлеріндегі бір жарым жылдық тұтқындық өмірі Беларуссияның Гомель облысы жерінде басталады. Бұл 1943 жылдың қыркүйек айының бас кезі болатын.

Немістер оларды ең бірінші қолға түскен басқа да тұтқындармен қосып Польша жерімен жаяу айдап, одан ары Германия жеріне апарған. Келе жатып қанша рет қашуды ойласақта жолымыз бола қоймады, өйткені немістердің мұздай қаруланған күзетінен қашып құтылу мүмкін емес еді,» - дейтін Қасымжан ата. «Жол-жөнекей қанша адам қаза болды, жүре алмағандарды мал құрлы көрмей атып тастап отырды» дейтін. «Германия жеріне әкелгеннен кейін, ең басында ашық алаңқайларды таңдап алып, оларды тікенек сымдар тартылған бағандармен қоршап, жан-жағына күзететін биік мұнаралар жасап, тұтқындарды осында ұстаған. Кейіннен

ішіне барактар салған. Бұл кез немістердің әлсірей бастаған шағы еді, оларда жұмыс күші де жетіспеді. Сондықтан да болар тұтқындарды күндіз-түні аямай қара жұмысқа шекті. Ауыр жұмыстарға қарамастан тамақтандыру өте нашар болды, тұтқындар әртүрлі аурулардан, аштықтан қырылып жатты, жұмысқа күйлері жоқтарын бірден атып тастады. Бірде көп тұтқындарды орман ішінен ағаш дайындау жұмыстарына айдап апарды. Осы кезде өзіміз деген бес-алты жігіт ақылдасып, қалайда тұтқыннан қашуды ойладық және мұндай мүмкіндік енді қайтіп болмайтынын да сездік. Орманның қалыңына бір іліксек құтылатынымызды түсіндік. Жан-жағымызды бақылап қарап қоямыз. Бізді жерде бақылап жүретін күзетшілер түстен кейін жалыға бастайтын сияқты, автоматтарын қолтықтарына қыстырып алып, мұнарада күзетте тұрғандарға қарап бір-бірімен айқайласып сөйлесетінді шығарды. Осындай бір қараусыз сәтті пайдаланған біз бұталардың арасына жата қалып, еңбектеген бетте талай жерді өтіп, қалың орманға қойып кеттік. Екі күн шығыс жақты бетке алып орман ішімен жүрген біздер аштықтан, әлсіздіктен әбден қалжырасақ та, алға қарай жүре бердік. Ақыры үшінші күні орман шетіне шыққанымыз сол еді, бізді сол жерде жүрген өзіміздің комендатура күзетшілері тоқтатты, қуанышымызда шек болмады. Осыдан кейін арнайы орындарға апарып, тексерулер жүргізді. Тексерулер нәтижесінде біздің тұтқынға дейінгі майданда болғанымыз анықталып және өз бетімізбен неміс тұтқынынан қашып шыққанымыз ескеріліп, қайтадан майдан шебіне жіберілдік».

Сонымен Қасымжан атамыздың бір жарым жыл неміс тұтқынындағы азапты күндері аяқталып, Европа халқын неміс фашистерінен құтқару жолындағы азатты күндері басталады. Қасымжан ақсақал, 1945 жылдың 20 ақпаны күні, 3 Беларусь майданы, 100-ші дивизиясының 490-шы атқыштар полкі құрамында, бір жарым жыл үзілістен кейін қайтадан ұрысқа кіреді. Бұл атақты немістің Кенигсберг қаласын алумен тұспа-тұс келеді.

1945 жылдың 9 сәуірі күні Кенигсберг қаласы тізе бүгеді. Осы ұрыстарда көрсеткен батырлығы үшін, қатардағы жауынгер Қасымжан Ұлұқпанов «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады. Осыдан кейін Шығыс Пруссияның берілмеген ең ақырғы қамалы- Пиллау қаласын тізе бүктіру шайқастарында да ерлігімен көзге түседі. Осы шайқаста ол оң қолынан жараланып, госпитальға түседі. Жеңіс туралы хабарды осы госпитальда жатып естиді.

Соғыс аяқталғаннан кейін Қасымжан ата тағы да бір жылдай Кеңес Армиясы қатарында борышты қызметін өтеп, 1946 жылдың 1 қаңтарында елге оралады. Одан кейін бұрынғы Большевик кеңшарының мал шаруашылығында, зейнетке шыққанға дейін ұзақ жылдар жемісті еңбек етеді. Соғыстан кейін де атамыз «Германияны жеңгені үшін» және тағы басқа да бірнеше мерекелік медальдарды төсіне тақты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Осыншама қиындықты көріп, адами қасиетін жоғалтпай ұзақ жасаған Қасымжан аталарың қайсарлықтың, төзімділіктің үлгісін көрсеткен адам. Ол ешқашан мен осылай істедім деп айтқан емес, сол қарапайым қалпын сақтап, өмірден өтті,- деп әкем сөзін аяқтады.

Мен ұзақ ойландым. Өмір атты өзенге бөгет қойып, талайлардың бақытын қор қылған сұм соғысты енді ешкімнің басына бермесін деп тіледім. Біздің бақытымыз үшін, бейбіт өмір үшін жаумен арпалысып, өздерінің өмірлерін де қиюға дайын болған осындай аталарымыздың есімдері қандай да болсын мадақтауға да, марапаттауға да лайық . Олар ешқашан ұмытылмайды!

**Қарсыбаев Жарқын**

10 сынып «Веселовка орта жалпы білім мектебі» КММ  
Глубокое ауданы Шығыс Қазақстан облысы  
Жетекші: Салимова Айтжамал Казбекқызы

### **Әже ерлігі**

Менің әжем Күршім ауданы, Шығыс Қазақстан облысының тумасы. Әжем екеуіміз ата-анам жайлауға көшкенде үйде қалатынбыз. Ауылдағы бау-бақшаны күтіп, жаздай еңбек етеміз. Әжеммен бірге жүру мен үшін қызық. Мен өзімді әжемнің қамқоршысындай сезінетінмін. Жұмыстан қолымыз босағанда, шайға отырғанымызда әжем әңгімесіне кіріседі. Олай дейтінім ол үнемі өткен өмірінен әңгімелер айтып отырады, ал мен жалықпай тыңдаушы едім. «Әже, неге анамнан басқа балаңыз болмады?» - дедім бірде шай үстінде. Әжем алысқа көзін қадап, тұңғыйық бір ойға түсіп кеткендей болды. Біраз үнсіз отырды да, «Е, ол соғыс жылдары еді», - деп әңгімесін бастады.

Ол жас кезім болатын қолымда қызым ғана бар. Таңның атысынан, күннің батысына дейін жұмыстамын. Жолдасымды белгісіз бір себептермен алып кетті. Бір айдай уақыт өткен соң, Свердлов қаласындамыз деген хабарын біреуден айтып жіберіпті. Қайда жүрсе де аман болса екен деп тілеуін тілеп жүрдім. «Соғыс басталды» деген суық хабар да жетті. Ел іші күйзеліске түсті. Жиі-жиі ер азамат атаулыны жинап әкетіп жатты. Ел басына түскен ауыртпалық бала – шағаны тым ерте есейтті. Ойын баласы ойнауды ұмытты десем болады. Біз, әйелдер, бұғанағы қатпаған бозбалалар ер азаматтың жұмысын қолға алдық. Біз тұратын жер балық шаруашылығымен айналысушы еді. Бірең-сараң ер азамат, әйелдер, балалар балық аулауға шықтық. Біресе түскі астарын дайындаймын, бірде балыққа шығамын. Қызым, сенің шешең, сабақтан келген соң, бізге келіп болысады. Есейген балалардың бәрі осы жерде. Олардың жұмысы балық түскен ауларды тартады. Тізелерінен су кешіп жүреді. Әйтеуір балықтың сорпасына бұқтырылған тарыны жеп, күн ұзаққа шыдайды. Ауланған балықтың бірін қалдырмай майданға жібереміз.

Қылышын сүйретіп қыс та жетті. Киетін киім, ішетін тамаққа жарымай отырған елге бұл үлкен ауырлық еді. Өйткені біздің жақтың қысы ұзақ қой. Алты ай қыс бейнеті елді жүдетті. Бірде алыстағы жолдасымнан шай-пұл келді. Біреуден ат-шана алып, Мөнекейден Құмашқа жолға шығып кеттім. Ондағы ойым аздаған шай-пұлды астыққа айырбастау еді.

Қайтып келемін. Қас қарайып қалды. Шанамдағы жарты қап астық көңілімді толтырып, қорқынышымды сейілткендей. Күн райы да бұзылайын деп тұр. Аспан түнеріп аздап жел тұрып, қар қырбақтай бастады. Жетер жер алыс, не болса да шыдау керек. Дауысымды шығарып шу, жануар! - деп

айқайлап қоямын. Жұлдыздарға қарасам түн ортасы болып қалған мезгіл екен. Бір кезде жан-жағымнан жарық шамдар пайда болды. Ол не, әже? дедім мен дегіберсізденіп. Ит –құс қой, балам, ит –құс. Мен аңтарыла әжеме қарадым, түсінбегенімді сезген ол дауысын ақырындатып «Қасқыр» деді. Бұрындарда бұл жердің ит –құсы қатты болатын деп естуші едім. Содан мен дауысымды қатты шығарып, бишікті сартылдатып тезірек жүрдім. Олар да қалар емес біресе жақындайды, біресе алыстайды. Мөлшерлеп келемін жақын тұста мола болу керек. Соған бір жетсем, бар үмітім сол жерде. Жылқы да құлағын қайшылап, осқырынып келеді. Жиі –жиі айқайлап, шу тудыра отырып молаға да жеттім-ау! Ішімнен күбірлеп: «О, аруақ, пана бола гөр мен бейбаққа» - деп жан-жағыма жалтақтай қарап, шанадан бір уыс сағдарды алып молаға еніп кеттім. Тез қимылап түтін түтеттім. Оттан ит- құс жасқанады деп естуші едім. Сол әдісті қолданып жатқаным ғой. Атты да кіргізіп алдым. Шананы көлденең қойып, есік жаққа түтін салып отырдым. Қасқырлар кетіп қалды ма? жоқ олар төңіректен кетер емес. Әбден шаршаған болармын талықсып барамын. Жо- жоқ ұйықтамауым керек! Өзіме –өзім күш беріп таңды да атырдым. Бағдарласам ит- құс көрінбеді. Ал, жануарым, елге жеткіз гөр деп, таң сыз бере атқа қондым. Балам тосып ,уайымдап қалды – ау! деген ойлар жүрегімді сыздатты. Жарты қап бидайды көтеріп үйге кіргенім сол еді, ауыл адамдары сау ете қалды. Аман – есен жеттің бе, көрші? Ұзақ жоғалдың ғой уайымдадық деп жатыр. Менің балам ауырып жатыр еді, бізде тіске басар дән жоқ деген сөздер жан-жақтан жамырады.

Асығып аптықпаңыздар, бұйырғаны бәрімізге жетер деп оларды сабырлыққа шақырдым. Кешегі түннен аман қалғаным да көп тілеуі болар. Барлығына 1-2 кеседен бидайды таратып болып, дем алуға жаттым. Әже, өздеріңізге биайдан қалды ма? десем елге таратып жатқанда қызыма да 1-2 кесесін салып бердім ғой деді. О, әже сіз ерлік істеп ауылды асырапсыз ғой!- десем, қиындықта бір –бірімізге қол үшін бермесек не үшін ел боламыз. Бұл біздің қанымызда жазылған, балам! -деп маңдай терін бір ысырып тастап, шайын құмарлана ұрттады.

Қызымның тағдыры алаңдатады заман болса мынадай , ертеңгі күннің не болатыны белгісіз. Бір анадан жалғыз. Өзімде жалғызбын. Әже , ата-анаңнан жалғыз ба едіңіз? Жоқ , балам, ол өзі бір басқа заманның тағдыры. Маңдайыма жазылған жалғыздық , туыстан жалғыздық , осы болар. Әйтпесе, осы өміріме де ризамын , елім аман болсын, мен де аман болам. Бір анадан бесеуіміз. Алдымда төрт ағам болған. Олар қайда? Қайтыс болды ма? Ол былай болған еді деп, әжем әңгіме бағытын маған беймәлім басқа арнаға бұрды.

28-29 жылдар болатын. Елді дүрліктірген тосын оқиға болды. Әке – шешем ауқатты адам еді. Байлардың малын тартып алады деген сыбыс тараса керек. Содан көп адамдар жаппай Қытай жеріне қоныс аудара

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

бастады , соның ішінде менің отбасым да бар еді. Мені де ала кетті. Біз өзеннен өте шықтық , есімде қалғаны бір жерде аялдадық. Сол жерде отырғанымызда біреулер келіп, Қытай жеріне өткендерді өлтіреді ол жерге қабылдамайды деген лақап таратты. Мен дереу әке-шешеме қайта елімізге өтуді өтіндім, бірақ оларды көндіре алмадым. Содан жүйрік атымыз бар еді соны ерттеп міндім де, бесіктегі баламды іліп алып ,өзеннен қайта өтіп кеттім. Артымнан ағаларым қуа шықты. Астымдағы атыма сендім, туған жер қайдасың деп тартып отырдым. Осылай туысымның бәрінен айырылып жылай-жылай өмір кештім деп әжем көзінің жасын сүртіп алды. Ух! ішімдегі қатқан шерді тағы бір тарқаттым ба? Әже, қалай ойлайсыз ол туыстарың аман-есен шығар сұрастырдың ба ? -дедім. Жоқ мен олай ойламаймын. Оларды туралы ешкім ештеңе білмейді. Хабарсыз жылдар өтіп жатыр. Басында көп алаңдап , хабар тосып жүрдім. Қайраты, жігерлі әжемнің тұлғасы маған бір сәт кішірейіп кеткендей болды. Әже, жыламашы енді мен бармын ғой, сен жалғыз емессің дедім. Иә ,айналайын, сені маған алданыш қып бере салды. Осы өміріме ризамын. Көзі күлімдеп , бойын тіктеп, түзеліп отырды. Ендігі арманым сенің қызығыңды көрсем, жұртымыз аман, еліміз тыныш болса екен. Әрине, әже , көресіз мен сізді жерге қартпаспын , дедім әжемді еркелей құшақтап. Әжем болса, менің жақсы тыңдаушы екенімді айтып мақтап жатыр. Ал маған әжемнің бетіндегі әр ажымның астында сыры ашылмаған талай оқиғалар жатқандай көрінді.

Иә, Қазақстан жері талай оқиғалардан сыр шертеді. Өткенінді білмей, келешегінді болжай алмайсың. Бұл біздің тарихымыз. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ұлт достығы, бүгінгі таңда шыңдала түсуде. Қазір мен тәуелсіз мемлекеттің ұрпағымын. Елбасымды ,Нұрсұлтан Әбішұлын, мақтан тұтамын! Тарихымызды біліп, мәдениетімізді сақтап, қарыштап дамып келе жатқанымыз осы кісінің арқасында. Еліміздің беделін биік көтеріп келеді. « Елдің келешегі мына сендер, жастардың қолында » ,-дейді Елбасы. Үш тілді меңгеруге барлық жағдайды жасап беріп отыр. Бұл бізге, жастарға, берілген үлкен мүмкіндік. Қарттарымызға қамқор болайық! Олар тәрбиенің көзі, өмірдің өзі. Қазірде ардагерлер саны азайып барады.

Біздің мектебімізде ауылымыздағы қалған ардагерлерді қамқорлыққа алу жұмысы жақсы жолға қойылған. Ай сайын барып әр түрлі көмектер көрсетеміз. Мектепке шақырып, құрмет, сый жасаймыз. Олар да өз оқиғаларымен, ойларымен бөліседі.

Мен және менің достарым өз еліміздің патриотымыз деп мақтанышпен айта аламын. Өйткені менің әжем өз заманының патриоты болған . Мен оның ұрпағымын, жолын жалғастырушысымын.

Қасымбекова Аяулым

«Т.Рысқұлов атындағы орта мектеп» КММ

9- сынып

71 жыл бейбіт көктем таңы атқалы,  
71 жыл шуақты күн таратты әнін.  
71 рет көктемде содан бері  
Ашылды жеңіс күннің парақтары

Мың тоғыз жүз қырық бірінші жылдың маусымының 22-сінде бүкіл

КСРО-ға қаһарлы,қасіретті, жылдар енді.Бір құрамдас республика ішінде Қазақстан да, оның барлық халықтары да түгелдей, бір кісідей қатысты.Бұл сұрапыл соғыс «Ұлы Отан соғысы» деп тарихта орны қалды.Қатысқан әскерлер мен құрылған адамдар саны жөнінен,шаруашылыққа,жалпы адамзатқа келтірген зияны жағынан тарихта мұндай соғыс болған емес.Герман фашистері тарапынан бұл нағыз әділетсіз соғыс болды.Фашистер тұтқиылдан тыныш жатқан елге шабуылдап,көптеген үйлерді,қалалар мен елді мекендерді қиратты. Айнала өртенген қоймаларға, қырылған адамдарға тола бастайды.Жер беті көптеген танклер,әскери машиналарға толып,жер бетінің астан-кестеңі шықты.

Соғыс басталысымен Қазақстанда «Барлығы да майдан үшін,барлығы да жеңіс үшін» деген ұран шығып,әр адам жеңіске өз үлесін қоса бастады.Жұмысшылар екі-үш адам үшін жұмыс істеп,жұмыстарын екі-үш есе атқарды.Соғысқа өз еркімен сұранушылар көбейіп,олардың қатарында жалындаған қазақтың жас қыздары да болды.Оның ішінде қарапайым қазақ қызы-Мәншүк Мәметова.Ол өзі сұранып елін,жерін қорғау үшін майданға аттанған.Өзінің пулеметы «максимкасымен» талай фашистерді жер жастандырған.Өзінің жас болғанына қарамастан зұлым фашистке қарсы тұрып,қанша жараланса да қасық қаны қалғанша айқасқан.Ол екінші рет жараланып,қапыда кеткен.

«Есінде ме туған қалам,  
Сен деп қанша жан қиылды.  
Тас қорған боп мың сан адам,  
Қорғағаны әр үйінді.

Жау еңсесін жаншып төмен,  
Қуған оны жатыр ізі.  
Есінде ме Мәншүк деген  
Қазақтың жас батыр қызы,-

деп Невельдіктер оны әрдайым құрметпен еске алады екен.

Мәншүк Мәметова Ленинград бағытындағы шайқастарда көрсеткен асқан ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілген.

Отан үшін жас,оттай жалындап тұрған қазақтың Әлия қызы жанын берген.Соғыс басталғанда ол он бес жаста болып,өзі сұранып майданға аттанады.Кіндік қаны тамған жерін жаудан азат ету үшін өз кеудесін оққа төсеген.Жауған оққа қарамастан,фашисттерге қарсы тұрып,өз жерін азат

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

етеді.Жауды қууда,оларды жеңуде асқан қаһармандық көрсеткен Әлия Молдағұлова майданда жүріп мерт болады. Ақын Я.Хелемский:

Шаттансаң қыз тудым деп қазақ шаттан,  
Әлия отанына болған мақтан.  
Бежаница маңында тұлғасы тұр,  
Дегендей «Ерлікке аттан,еңбекке аттан!»  
Өз жерін жаудан сақтап қаламын деп,  
Қазақтың Әлия қызы қанын төккен

Ұлы Отан соғысы кезінде ауыл-аймақтарда жас бозбалалар соғысқа аттанған кезде,колхоздарда кәрі кісілер мен балалар,жесір әйелдер қалды.Олар ауыр жұмыс істеп, өнімдерін соғысқа жіберіп отырды.Соғыс болған аудандардан Қазақстанға көптеген әйелдер мен балалар келді.Олар колхоз жұмысын істеп,көптеген қиыншылықтарды қазақтармен көрді.Соғыс басталғаннан кейін соғысқа кеткен балаларының қара қағаздар келе бастағанда әйелдер тіректерінен айырылады.Қаншама жесірлер мен балалар ауыр жұмыс істеп,еңіреп қалады.Осы соғысқа кеткен балалары қыршыннан қиылғанда қаншама аналардың жүректері сыздайды.

Майданға бүкіл халықтық көмек көрсету арқылы,әрбір солдаттың жүрегі «Отан» деп соғуы арқылы,әрбір халықтың жеңіске деген үміті арқылы 1945 жылы мамырдың тоғызыншы жұлдызында Ұлы Отан үшін соғыс Кеңес елінің жеңісімен аяқталады.Жеңіс туы көкке көтеріліп,нағыз Ұлы жеңіс күні тойланады.Отан үшін жанын пида еткен,кеуделерін оққа төсеген жастар еске алынып,осы мейрам жыл сайын тойланып келеді.Қазақстандықтарды бұл ерекше жеңіске оп-оңай қол жеткізіп қойған жоқ.Әрбір қазақ азаматы бұл айтулы мерекеге сүбелі үлесін қосты.

Соғысқа қатысқан батырлар арасында майдан қаламгерлері де аз емес.Соның ішінде Ұлы Отан соғысының даңқты жауынгері,Кеңес Одағының Батыры,жазушы-Бауыржан Момышұлы.Соғыс аяқталғанға дейін талай қиян-кескі шайқастарға қатыса жүріп,өзін ерекше қаһармандығымен және асқан тапқырлығымен көрсетеді.Ол соғыстан кейінгі жылдары «Біздің отбасы», «Артымызда Мәскеу», «Майдандағы кездесулер» сияқты кітаптарын жазады.Мұның барлығы соғыс кезіндегі көріністер мен оқиғалар,азап пен қайғы,мұң мен қасірет,жауынгерлердің рухы мен үміті,ерлігі еді.Бұл Бауыржан атамыздың туындылары бірнеше шетел тілдеріне аударылып,кітап болып басылып шығарылған.

Соғыс аяқталғалы, міне, 71жыл толды. Алайда соғыстан оралмағандар, Жеңіс жолында өз бастарын өлімге тігіп,құрбан болғандар біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.Ұлы Отан соғысының көптеген ардагерлері,шайқастарға қатысқан майдангерлердің аты мәңгілік өшпек емес.Олар қазірде арамызда

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

бейбіт күн кешуде. Оларға барша жұрт құрмет көрсетеді, ал біз барынша қамқорлық жасап, әрқашан бағалаудамыз.

Сен құрметте оны!  
Түсіндің бе қарағым?!  
Ол ақшаға сатқан жоқ,  
Тізеден кесіп аяғын.  
Еріккеннен де ұстап жүрген жоқ,  
Қолтықтағы ұзын таяғын.  
Сенің келешегің үшін берді ол  
азаттық жолда аяғын!

**Қозыкенова Балауса**

10 сынып, Өскемен қаласы әкімдігінің КММ «№35 орта мектеп»

Жетекші: Канкетаева Назгуль Кайрбековна

Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген...

Бір дауыл сапырды кеп өрт теңізін,

Теңселтіп темір топан дүние жүзін.

Бетіне туған жердің өшпестей ғып,

Ер жазды өз қанымен жүрген ізін.

М.Мақатаев

Бүкіл тіршілік тарихында адамзаттың көрмеген қасіреті, көтермеген ауыр жүгі, татпаған ашты дәмі жоқ. Соның осы дүниедегі ең ауыры, ең қайғылысы, өкініш пен мұң қайғыға толысы - Ұлы Отан соғысы жылдары. Өмір үшін, ел үшін, орын алған оқиға. Соғыс десе талай адамның жүрегі қарс айырылып, сонау өткен күннің ызғарлы кездері естеріне түсіп, үлкен ойға беріледі.

Бұл өмір болғандықтан, жақсылық та, жамандық та, сәттілік пен сәтсіздік те, жауыздық пен қанішерлік те, мейірім мен екіжүзділік те, бәрі осында, және әлі де бар. Олардың барлығы адамдар арасында бірімен |-бірі жарысып, әлі күнге дейін тартыс үстінде келе жатыр. Дегенмен де оның бірі де әлі күнге дейін ешқашан жеңіске жетіп көрген емес. Себебі, жамандық жеңгенде төбемізге қара бұлт төніп, қайғыдан қанды нөсер жауған болар еді, ал, егер жақсылық жеңсе бүкіл адамзат жамандық атаулыны тіпті де білмеген еді. Мінекей, біздің ата – бабаларымыз осы үшін, осы жақсылық үшін, бейбітшілік пен ұрпақтарының алаңсыз болашағы үшін Отқа түсіп жанын берді, соңғы деміне дейін ел – жұртының қамы үшін талмай күресумен өтті. Олар бұл бәйгеге бастарын бекер тіккен жоқ. Алдарына көптеген мақсат қойып, шешім қабылдап, келешек үшін тер төгіп, қасық қандары қандары қалғанша арпалысқан еді.

Міне, содан бері осы Ұлы Отан соғысының аяқталып батыр аға-апаларымыздың жеңіске жетіп, бейбіт өмірдің туы биікке көтерілгеніне 71 жыл болып та калыпты. Аз уақыт емес. Осы жылдар ішінде көп нәрсе өзгерді, басқа бейнеге енді, алайда, қаспен көздің арасында өтіп кеткен бұл мезгілді ешкім аңғара да қойған жоқ. Әрине, қазір, тәуелсіздік, бейбітшілік, тыныштық кез, барлығы теңдей, былай айтқанда “қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман”, мәз – мейрам кезең. Бірақ, дәл осы 71 жыл бұрын қандай кез еді ? Жұртымыздың басынан нендей жағдайлар өтпеді, халқымыз басынан қандай қайғыны кешірмеді десеңізші? Онсыз да бөгде жұрттың қол астында қорлық көріп, жауыздық көріп жатқан адамдар үшін аяқ асты соғыс

басталуы жығылған үстіне жұдырық болып, мамыражай әрі жайма шуақ күнде найзағай туып, бұлт түнергендей күтпеген, тосын жай болды. Бейқам ғана анасының құшағында пырылдап ұйықтап жатқан сәбидің үйіне бомба мен түрлі жарылғыш заттар тастап, ақырын ғана өз күндерін көріп жатқан адамдардың бірқалыпты өміріне баса көктеп шабуыл жасап, талай адамды мүгедек, талай баланы панасыз жетімге айналдырды.

Жұрттың тыныштығын бұзып, орасан зор қасірет тудырып, қаншама адамның өмірін қыршынынан қиды. Дәл осылай неміс жаулары еш уақытта өтелмейтін жазаның себепшілері болды. Осы кезде заманның ақ – қара түсті сұрықсыз күндері басталған болатын. Алда әлі белгісіз тосын оқиғалар, тосын сыйлар күтіп тұрды, бірақ, бір өкініштісі тосын сыйдың барлығы қуаныш пен күлкі емес. Соғысқа нардай – нардай ер азаматтарын аттандырған, өздері де бос отырмай балаларын ертіп бел тынбай тылда аяңдамай жұмыс жасап, ер адам атқарар жұмысты өздері ақ тындырып, бар нәрсені өз мойындарына артып, анамен қатар әкенің де рөлін жалғыз орындап, қысылтаяң шақта бар күшін салып, еңбек еткен асыл әжелеріміз бен аяулы аналарымызға осының бәрі оңайға соққан жоқ. Барлық қиыншылықтар мен ауыртпашылықтарға қасқая қарсы тұрып, ерік – жігерлерін мұқалтпай, сол суық күндерден сүрінбей өте білді. Сол бір аяусыз, қатал, соғыстан жұбайларын, тағдыр қосқан қосақтарын, аға мен бауырларын, кірпік қақпай үміттеніп тосып, күткен нәзік жандылар көп болды. Алайда, ондай күнге жетпей, арманы орындалмай хабар тосып кеткендер де жоқ емес. Немесе қара қағазды қолына алып, қайғыдан қара жамылып, өзі жесір, балалары жетім қалып, тағдырдың ауыр соққысын қабыл алып, өмірі қиындықпен өткен асыл аналарда болды. Соғыс ешкімге де оңай болған емес. Бұл бір сөздің өзінде өшпейтін шексіз ауыр зіл мен зар жатыр. Осы өмірдің кей қызықтарын көре алмай, ғұмыры қиылған жандар аз болмаған. Жан – жақтан оқ пен зеңбіректер қарша борап жауып жатса да соның өзінен тайсалмай, өлімге қарсы жүрген, Отаны үшін зұлымдықпен алысқан біздің от жүректі жауынгер ағаларымыздың батырлық рухы таудай иықтары мен теңіздей жүректерінде асып – тасып, толқып жатты. Өлсе де сынбайтын, елін аңсап, жерін сағынып, неміс фашисттеріне қарсы тұрып, жеңіске жету үшін барын салғандардың саны шексіз. Соғысқа аттанған әр азамат арман тілекпен кетті. Олардың әрқайсысы да жұртына азаттықты, бостандықты, еркіндікті алып беру үшін аянбай шайқасты, алдыға жүрлі. Бірақ ол қойған арман мен үміттеріне жете алмай соғыс ортасында өмірімен қош айтысып, мәңгілікке ана дүниеге үлкен оймен кеткен, жұлдызы сөнген ағаларымыз көп...

Бүкіл ел батырларымызды, бәріміз үшін жасаған әр ерлігін әрдайым естерінде сақтауы қажет. Олар сол қанды майданға ермек үшін барған жоқ, өлмек үшін барған жоқ, тек жеңіске қол жеткізіп, елінің аспанына шуақты күн алып беру үшін майдан шебіне енді. Бұл Жеңіс талай ағамыздың жаны,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

каны, өмірі, аналарымыздың көлдей таусылмайтын жасымен келді, және мұның бағасы өте қымбатқа түсті.

Тағдырдың сыйымен, құдай біздің халқымызды қолдап, қорғап бүкіл адам аңсаған межелі де, мәселі Ұлы Жеңіске жаужүрек жауынгерлеріміздің қолы жетуіне ықпал етті, бұл да оңай болған емес. Көптен күткен ұлы той дегендей жерлестеріміздің аңсаған арманы іс жүзінде орындалып, ақ түйенің қарны жарылған күн болды. Сондықтан да Біз Тәуелсіз Қазақстан Республикасының жалынды ұрпағы мен болашағы аға мен әпкелеріміздің, және де ата –бабаларымыздың бізге аманат етіп қалдырып кеткен Үлкен сыйын, Тәуелсіздікті мәңгі қадірлеп, жоғарыға көтеріп, мәртебе көріп, сары майдай сақтай алуымыз қажет. Ең бастысы ешқашан ұмытпай есте сақтасақ, аталарымыздың үкілі үміті ақталғанымен тең. Ұлтарактай жер мен егемендік үшін көз ілмей, соғысқа сау болып аттанып, жеңіс үшін қолы мен аяқтарын, көзін, тіпті, керек болса жанын берген аялы ардагерлердің батырлық іс әрекеттері баяғы замандағы басқа ұлттарға елі үшін “Абылайлап” қарсы шапқан батырларымыз Қабанбай мен Бөгенбай тәрізді асқақ тұлғалардың көп жыр мен дастанда жырлағандай ерліктерінен кеме емес деп ойлаймын. Олай болуы заңдылық, себебі, тек ғана жақсылық пен адалдықты жақтаған, бабалары қалдырып кеткен тура жолымен, дәстүрімен келе жатқан адамдар ешқашан да жұртының алдында да, құдайдың алдында да есімдері кір болмайды, керісінше, мәртебесі жоғары биік орында тұрады. Біз Ұлы Отан соғысы ардагерлерін көріп жатқан соңғы ұрпақ өкілі, буыны десе әбден болады. Әрине, бұл оңай емес өйткені халқы үшін таудай үлкен қадам жасап, құласаң нардан құла деп, тәуекел іске барған аталарымыздың мәңгі көз алдымызда жадырап, балалық шағын дұрыс өткере алмаса да, қазіргі ғұмырын тыныштық пен берекеде өткергенін қалаймыз. Көп жас мұның мәнін әлі күнге дейін ұғына алмай, сөздің түп төркініне бара алмай жатыр. Ондай адамдар біздің қазіргі тыныш өміріміздің кімнің арқасында келгенін түсінбейді де. Қоғамдық көліктерде орын бермей, байқамаған болып, оған қоса жарық күнде еліне сіңірген еңбегі үшін алған медальдарын аяусыз ұрлап, тонап, зәбірлеп, керек болса өлтіріп те кетіп жатыр. Дегенмен, мұның бәрі жойылады деп ойлаймыз.

Қазір 21 ғасыр, нағыз білімділердің уақыты. Ардагерлер қараусыз қалмай, қалған ғұмырларын мереке қылып өткізеді деп сенемін. Олар бұған лайық. Олар біздің нақ үлгі мен өнеге алар, еліктер, аса сый мен құрметке толы, биік рухты ардақты жандарымыз, жақындарымыз. Ардагерлер бүкіл қазақ жұртының тілегі мен жүрегінде.

Құрметті ардагерлер сіздерге барлық біз үшін жасаған жақсылықтарыңыз үшін шексіз алғыс айтамыз. Сіздер біздің мақтанышымызсыздар. Сіздер нағыз 21 ғасырдың қаһарманысыздар. Ұлы Отан соғысы ардагерлері өмірдегі бар қуаныш пен құрметке лайықты адамдар. Олар мәңгіге біздің жадымызда!

**Мағауянова Аида**

10 сынып, «Көкжайық орта мектебі»  
ШҚО, Көкпекті ауданы, Көкжайық ауылы  
Жетекшісі: Нұрлан Ермек Сыдықұлы

Соғыс! Осы бір ауыз сөзде қанша қайғы-қасірет жатыр десеңізші. Қазіргі балаларға ертегі көрінетін сол соғыс туралы көне көз қарттардан сұрай қалсаңыз, ауыр күрсініп үнсіз қалатын еді. Мүмкін, сол соғыстың кезіндегі ауыр күндер, қаза болған жолдастары, жас жарын зарыға күтіп, қоңыр күзде салған гүлдей ерте қартайған арулар есіне түсер. Қаншама адамның өмірін қиған сол соғыс туралы көзіне жас алмай еске алатын қарттар аз болар, сірә.

Он бес ұлтты бір үйдің баласындай біріктірген бұл соғыс 1945 жылы 22 маусымда таңғы 4-те басталып, 4 жылға солған еді. Неміс басқыншылары бастаған бұл соғыс аяқ асты басталған еді. Тамылжыған таңда әуе шабуылынан басталған бұл соғыстың соншама адамдарға әкелген азабын, қиыншылығын, тіпті, ешкім дәл кесіп айта алмас еді. Барлық азаматтар Отанын қорғау үшін соғысқа аттанды, солардың ішінде өрімдей бозбалалар мен арулар да өз Отаны үшін бастарын қатерге тігіп соғысқа аттанды. Көбі майдан даласында қаза болып, ерліктері елге үлгі болып жатты.

Қазақтың қос аруы Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметова да солардың қатарында еді. Ал, қазақ батыры Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Рақымжан Қошқарбаев туралы, олардың жанқиярлықпен атқарған ерліктері өз алдында бір әңгіме. “Кеңес Одағы батыры” деген атақ алған қаншама соғыс ардагерлері соғыстан кейінгі бар өмірлерін еңбекке арнап кетті.

«СССР» деп аталтын алпауыт мемлекеттің басына түскен бұл зардап, сол одаққа кірген 15 ұлттың адамдарын бір-біріне дос, бауыр етті. Олар бір-бірі үшін жандарын аямады, тіпті өз өмірлерін қиғандары да бар. “Бірі- бәрі үшін, бәрі-бірі үшін” деген ұран да сол кезде үлкен мәнге ие болған еді. Бар азамат соғысқа кеткеннен кейін бар шаруа қарттар мен әйелдерге, жас балаларға қалған еді. Балалық шағы соғысқа дәл келген балалар ерте есейді. Балалықтың бал дәмін татып көрмеген, аштық пен жалаңаштық жанына батқан, бала болып ойнамаған, ұйқысы қонып көрмегендіктен үнемі бет-аузы ісіп жүретін бұл балалардың сол кездегі өміріне, қазіргі тепсе темір үзетін жігіттер де шыдамас еді. Күнара келетін “қара қағаз” хабары бір шаңырақтың түтінін өшіріп, баласын жетім, анасын жесір ететін. Бауыр еті баласынан айырылған қарттар жер бауырлап жатып қалатын еді. Ия, бұл соғыстың ауыр апаттары, адамдардың жанкештілігі, жеңіске деген сенімі ақталып, 1945 жылы Гитлер бастаған неміс басқыншылары жеңіліс тапты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Совет Одағының әр қаласы, ұлтарақтай жері үшін соғысқан совет әскерлері жауды өз ордасына, Берлинге апарып күйретті. Жеңісті паш еткен Кеңес Одағының қасиетті туы, ал қызыл туын Берлинге тұңғыш рет қазақ батыры Рақымжан Қошқарбаев тікті. Талай адамның өмірін жалмаған, талай отбасын қайғыға ұшыратқан бұл соғыс туралы жаза берсін, қарғыс атқыр сол соғыстың біткеніне биыл 71 жыл толып отыр. Бір адамның ғұмырына тең келер бұл соғыстан кейінгі күйреген қалаларды, тоқырған ауыл шаруашылығын қайта қалпына келтіру оңай болған жоқ. Сталин басқарған сол соғыс жылдары тарихтан ойып тұрып, өз орнын алды. Соғыс кезіндегі балалардың өзі қазір қартқа айналып, сол кездер сағым тәрізді көз алдында қалып қойды, ал қаншасы келместің кемесіне мініп аттанып та кетті. Енді бір он шақты жылда сол соғыс туралы сыр шертетін адамдар да қалмас, сол кезде бұл соғыс та ертегі тәрізді кинолар мен кітаптардардан ғана көрініс табатын шығар.

Ұлы Жеңіске биыл 71 жыл толып отыр. Еліміз егемендік алғаннан кейін, соғыс және еңбек ардагерлеріне, тыл ардагерлеріне ерекше қамқорлық жасауда. Бұл да Елбасымыздың салиқалы саясаты арқасында іске асуда. “Барлығы Отан үшін” деген ұранмен өмір сүріп, бар ғұмырын Отанына арнаған патриот қарттарымыздың амандығын тілеу, әр адамның міндеті.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман орталған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіпкүштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды.

Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті.

Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парактарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Биылғы жыл Кеңес Одағының батыры атағын кеш алған Бауыржан Момышұлы атамyzдың жүз жылдық мерейтойы жеңістің алпыс бес жыдығымен қатар келіп тұр. Торқалы тойдың қуанышы өзі сүйген халқы үшін ерекше болмақ. Найзағайдай жарқылдаған отты ой бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. "Ер есімі – ел есінде", - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Ұлы жеңіс құтты болсын, ардақты халқым менің!

Соғыс - атауы құлаққа жағымсыз,тіршілікті қан жылататын,асты қайғы - қасіретке толы қаралы сөз. Осыдан 75жыл бұрын жер бетін шарпыған сол сұрапыл Ұлы Отан соғысы еді. Неміс фашистерінің аңсап келген арманына 4 жыл ішінде батырларымыз қажымас ерліктерімен тосқауыл берді. Фашистер мақсаты жер бетін отарлап билік құру еді.Өзара одақ құру арқылы Германия, Италия секілді елдер бүкіл әлемді өздеріне қаратпақ болған.Тынышымен өмір кешкелі жүрген халықтың берекетін алған фашистер жоспары іске аспай өздері сол соғыстың зардабын тартты. Бұл соғысқа 61мемлекет жан жақтан атсалысты.Р Қошқарбаев атамyzдың ерлігі тарихта өз ізін қалдырды. Б. Момышұлы Ә. Молдағұлова М. Маметова Т. Бигелдинов М. Ғабдуллин секілді батырларымыздың ерлігі арқасында қазіргі тату өмірімізге бейбіт заманымызға қуанышты күнімізге жеттік.Қазіргі таңда батырларымыздың ерлігіне орай шаралар өтуде,тіпті есімдеріне байланысты көшелер,кітап-жинақтар,ауыл атаулары берілді.Батырларымыз болашақ ұрпақ үшін жанын құрбан етті,Жеңіс үшін не істемеді десеңші?Сол себепті батыр ата-әжелеріміздің ерлігін ұмытпай,жадымызда мәңгі сақтайық!

**Машарупова Балнұр**

9 «Б» сыныбы №45 бейімделген орта мектебі

Шығыс Қазақстан обл., Өскемен қ.

Жетекшісі: Аманбаева Айгерим Муратовна

### **Жеңіс әрқайсының жүрегінде**

Ұлт пен ұлыстың, үлкен мен кішінің патриоттық сезімі буырқана оянып, ата-ана мен аға-іні үшін. Қара орман мен қалың ел үшін мың қиындық пен мың бір сынға түскен боздақтарымыздың төккен қан, аққан терімен келген Ұлы Жеңіс еді бұл.

Халқымыз Отан үшін от кешіп, елдік пен ерлік сынға түскен сәтте қас қақпай өмірлерін құрбан еткен батыр ұлдарын қастерлеп, қадыр тұтады. Олардың есімдері әркез ұрпақтар есінде сақтала бермек. Тауқыметі мол сол сұрапыл соғыста шығыс қазақстандықтар майданның барлық шебінде, барлық әскер бөлімдерінде ерлікпен шайқасты. Мыңдаған жерлестеріміз неміс минометтарының астында қалып көз жұмды. Біреулер қолдарына қару алып, майданға аттанса, енді біреулері белдерін бекем буып, еңбек майданында тер төкті.

Майданда қаза тапқан баласының орнына әкесі, ағасының орнына іні-қарындастары бүкіл үй-ішімен атанған отбасылар да аз емес. Осыдан кейін әйелдер тракторларға отырып, соғысқа кеткен Отандастарымызға көмек көрсету мақсатымен егістікке барып жер жыртып, онда астық егеді. Бірақ солай болса да жұмысшылар жеткіліксіз болғанынын салдарынан көптеген жасөспірім балалар мектептерін тастап, тракторларға отырып, ересектермен бірге егіс даласында жұмыс жасайды. Осыдан кейін біраз уақыт өткен соң Немістер Москва түбінде жеңіліс табады. Еңбекшілердің қуанышында жек жоқ. Қуанышты жаңалықтан кейін егіс даласында жұмыс істеп жүрген жасөспірімдер мен ересектер одан ары жұмыстарын жақсартып жалғастырады. Сол жылдары адамдарымыз тек майдан қамын ойлап, барлық күш-жігерлерін сол майданға ғана жұмсаған. Жерлестеріміз нағыз ерлік пен табандылықтың үлгісін көрсетті. Еліміздің еңбекшілері жауынгерлеріміздің басына түскен ауыртпашылықты жеңілдету мақсатымен, оларға шұлық, қолғап, жылы киімдер тоқып жіберіп отырды. Міне, біздің жеңісіміз осындай ауыр жолмен келген.

Соғыс ауыртпашылығын біз қазіргі ұрпақ тек қана елестете аламыз. Ал оның қайғы-қасіреті мен азап тауқыметін, сол жылдары болған ашаршылықты, осы ауыр жылдарды оны тек көзбен көрген оның ащы дәмін сезінген адам ғана айта алады. Қазіргі таңда Ұлы Отан соғысына қатысқан ата-апаларымыз, тыл ардагерлері саусақпен санарлық қана қалды. Осы ардагерлерімізді көзбен көріп, құлақпен ести алатын біз соңғы ұрпақпыз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Осыған орай мен ұстаздарыммен бірге, социалистік еңбек ері, аңыз адам, Ұлы Отан соғысының ардагері, Мөлтек ауданының тұрғыны, жазушы, 92 жасар Бошай Кітапбаев атамyzбен кездесуге бардым. Осы кездесу мен үшін өте әсерлі болды. Ол кісі бізге соғыс жылдарының ауырлығы мен тауқыметі жайында баяндап берді. Соғыстың салдарынан сол аяғынан айырылып, оң жақ аяғына оқ тиіп ауыр жарақат алған екен. Аяғынан айырылған кезде Ресей жерінде болыпты. Жастық шағынан мүгедек болған ардагеріміз, өзінің жақын досы балалар жазушысы, Мұзафар Әлімбаевқа өзінің аяғынан айырылып, бір жақ аяғы ауыр жарақат алғаны жөнінде, қапаланып хат жазыпты. Сол кезде Мұзафар атамyz «Қайғырма, қапаланба. Осы аяғыңнан ел үшін, жер үшін соғысып жүріп айырылдың. Сенің осы соғысқа қатысып, өз Отаныңды қорғауың - үлкен ерлік», - деген мазмұндағы өлең жолдарын арнап, Бошай атамyzды жұбатады. Атамyz сондай-ақ Дінмұхамет Қонаевпен дос болып, оны ерекше қадір тұтқан. Сонымен қатар атамyzдың үйінде басқа да беделді, белгілі халық қалаулары мен жазушыларының суреттері көрініс тапқан. Естелік ретінде өзіне демеу беретін осы суреттердің де сыры көп екенін ардагер мұңая да, қуана да еске алып, сол суреттерді де сөйлете білді. Міне, осындай батыр жандардың арқасында 1945 жылы 9 мамырда Неміс фашисттері жеңіліс табады. Еліміздің көк аспанында бейбітшілік, жеңіс туы желбірейді.

Біздің жеңісіміз – заңды жеңіс. Бірақ, жеңіс жолы оңай емес еді. Қараниет жаумен жағаласта онмындаған Отандастарымыз мерт болды, көптеген адам жарымжан болып қалды. Біздің шайқас майданында қаза тауып, ұрыста алған жарақаттан қайтыс болған отандастарымыздың, ерен еңбектерімен жеңіс күнін жеделдеткен қаһармандарымыздың ерлік даңқы қасырдан ғасырға ұласа бермек. Біз осындай батыр да батыл ата-апаларымызды, елім, жерім деген ер мінезді жауынгерлерімізді мақтан тұтамыз!

Біз өскелең ұрпақ, қазір осындай жандардың арқасында емін-еркін жүріп, тәуелсіз елде тұрып, еш нәрседен қорықпай, еш ауыртпашылық көрмей өсіп келеміз. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Мәңгілік ел» идеясының көрініс тауып, еліміздің нағыз «Мәңгілік ел» болуына жас ұрпақ, біздің, қосар үлесіміз мол болуы крек. Өйткені, кемелденген келешек – болашақ жастар қолында.

**Мерхатқызы Меруерт**

9-сынып, «Бобровка орта мектебі» КММ  
Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы  
Бобровка селосы  
Жетекшісі: Дүтбаева Камшат Бидахметқызы



Балалық өтті, білдің бе ?..

Менің көшемнің бойында сыйлы ақсақал тұрады. Жол бойында өткен-кеткенге қарап, ұзақ жүретін-ді. Кейде мектептен шыққан балалармен әңгімелесіп, жеңіл әзілдесіп те жататын. Еңселі, кеудесі тік атаның жылдан-жылға сақалын қырау басып, бойы шөгіп, белі бүкірейіп бара жатқанын көру қиын емес еді. Алайда әлі таяқ ұстамаған. Бұл ардагер қартты біздің көше ғана емес, ауылымыз біледі десек те болады. Ол кісі танымал болатындай ерен ерлік жасаған жоқ, ғылымға қажетті жаңалық ашқан жоқ. Алайда аулымызға аялы, ортасына сыйлы, ұрпағына беделді.

... Көңілдегі арман мен көздегі ұшқынды ойран еткен, жанарға жас, жүрекке мұң ұялатқан қанды соғыс басталғанда, Бидахмет ақсақал әлі аузынан ана сүті кетпейтіндей сәби екен. Сұм соғыс оның бақытты балалығын тартып алды. Үрейлі алапат соғыс басталғанда ол небәрі 7-ақ жаста болыпты. Әкесі Қабдуәли (Кәшөкен) екі ағасымен бірге соғысқа бірінен кейін бірі аттанып кете барғанын еміс-еміс есіне алады. Есесіне ол күн ұзақ өгіз айдап, қола жуу үшін топырақ тасығанын, ересектердің ісін атқарғанын, тамақ асырау үшін жаяу – жалпылы егіс алқабында қалған масақты іздегенін еш ұмытпайды.

Атайдың айтуынша, сол кезде Марқакөл ауданында Жалаңаш дейтін жерде кен өндіру орны болса керек. Соғыстағы кеңестік армияны оқ дәрімен қамтамасыз ету үшін «Горное» (кейін Ақбұлақ аталған) селосының шығысында алты шақырым жерде алтын мен қола өндіру ісі тек соғыс жылдарында ғана қолға алынған екен. Соғыс аяқталған соң 1956 жылдары ол жер жабылығанға ұқсайды. Жеңіс үшін жанталасқан ел ағалары, үлкендер сол шахтада еңбек еткен екен. Ағасы Салих сол кезде естияр бала-тын. Сол кезде өзінше сауатты танылғандықтан (орысша жақсы білген екен) әрі техниканың тілін білетіндіктен, «нарядчик» болып жұмыс істегенге ұқсайды.

Бидахмет ата сол жерде «осадчик» болыпты, ол су арқылы құм мен қоланы айырып тұрған поршеньдердің «бітеліп, қақалып» қалмауына жауап беріпті. Кейін «бұл баланың» электр мен токқа әуестігін байқаған орыс ағайындары өздерінің бригадаларына алған екен. Атай бұлармен бірігіп, бағанға электр жарығын орнатуға, үлкенді-кішілі электрлік ақауларды жөндеуге кірісіп кетіпті. Қасындағы достары – Игнасин Сергей, Абрамов Виталий, Усов Василий, Шанов Назарды соншалықты ықыласты сезіммен еске алды. «Жұмыс қолы аз заман тізелері қалтыраған шалдардың қолына күрек алып жер қопаруына, қол арбамен топырақ тасуына жол берді ғой. Шалдардың орны – төр емес пе еді!» деп басын шайқап –шайқап, қалың қастары жапқан қабағын түйіп қояды қария.

Екі ағайынды балалар шешелері Зәкия мен үш қарындасын жетелеп жүріп ер жеткен –ді. Азық-түлік пен киім-кешек тапшы уақытта заманның ауыртпалығын бүкіл ел-жұрт бірлесіп көтергенін еске алады ақсақал. Бастан өткерген қиындықтарын атойлап айтпай, «сол уақыттағы бар баланың көргені сол еді ғой» деп, баршаның жан жарасын елестеткендей болады.

- Қазіргі уақыттағыдай не ішем, не киім демедік. Күніге бір жапырақ нан жесек, бір қазан ет жегендей болдық. Есімде, даладан теріп әкелген тары масағын анамыз үгіп тазартып, сүтке бықтырып беруші еді, соны іңір қарңғылығында жапырласа жеуші едік... Содан ба, мен үшін ең тәтті тағам - тары ботқасы, - деп, Бидахмет ата күліп қойды. - Қазір балалар үшін бақытты, бейбіт шақ қой. Біздің көргенімізді сендер көрмендер, сендерге, Тәңірім әрқашан бейбіт күн сыйласын, болашақтарың баянды болсын!- деп, шүңірек көздері алысқа қарап, үнсіз қалды. Байқаймын, көңіліне қаяу түсірген отты жылдардағы өзінің балалық дәуренін ойлап кетті. Әкесі хабар-ошарсыз кетіп, оның ағайындыларынан қарақағаз келгенін ойлап отырса керек. (Бір әттегенайы, сол кездегі хаттар мен хабарлар сақталмағаны, тек бірді-екілі фотосуреттер ғана.)

Соғыс соншалықты сұрапыл болғанмен, аға буын ұрпағын жасыта алмаған сыңайлы. Бидахмет ата жас кезінде әзілқой, тілге шешен болған екен.

- «Анамды Меккеге арқалап апарамын» деп, шешемді арқама көтеріп, үй маңындағы тауға жүгіріп шығып, жүгіріп түсетінмін. Байғұс шешем құйттай ғана боп арқамда жататын. Соғыс бітіп, ержетіп, бейбіт заман орнаған шақта бір анамды асырауға шамам келмес пе деп, шешеме берілуге тиесілі «соғыстың жесірі» деген атқа құжаттар жөндетпедім, жәрдемақыдан бас тарттым – дейді қария. Жел тиіп қоңырқай тартқан жүзіндегі терең әжімдерге қарап ойға қалдым. Бетіндегі әр әжім қатпары ата өмірінің тарихын бүгіп жатқандай көрінді.

Сексеннің сеңгірінен асқан Бидахмет ата қазірде тамырын тереңге тартқан саялы бәйтерекке айналған. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, әулеттің үлкені болып отырған жайы бар. - Қазірде теледидарды бар

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

дауысына қойып, жаңалықтар тыңдайды. «Нұрекең азамат қой, саясатқа мықты-ақ» деп қойып, Еліміздің көшбасшысы жайындағы бағдарламалар мен жаңалықтарды үзбей көреді- деп елу бес жыл отасқан жары Шарипа апа атайды жаңа қырынан танытты.

Жазылған жоқ өткен күн жаралары,

Сиреп кетті- ау қарттардың аралары, - деген ақын сөзі еріксіз ойға оралды. Азаматтық борышын балалығын қиюмен ақтаған ардагерлер арасы сиреп барады – ау! Тарихтың оты жылдарын, қайғысы мен қасіретін, қисапсыз төгілген қан мен еңбекке төгілген терді айтатын адамдар уақыт өте келе аңызға да айналады – ау!

Осы атай сынды ардагерлерді тек келер ұрпақ жадында сақтаса, көңілінде түйсе деген ой мені көпке дейін мазалады.

**Мухамадиев Дамир**

10 сынып. Өскемен қаласы, «№ 26 орта мектебі» КММ

Шығыс Қазақстан облысы

Жетекшісі: Кабдуахитова Назым Сайлауовна

Неткен сұрапыл, неткен қорқынышты сөз – «соғыс».

Мен, бағыма қарай, бейбіт өмірде дүниеге келдім. Соғыс туралы кино, деректі фильмдерде көріп, кітаптан оқыдым. Менің арғы атам соғыс ардагері еді, бірақ, мен өз атам туралы өте аз білемін.

Өткен жылы Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне 70 жыл болды. Өкінішке орай менің арғы атам бұл мерейтойды көре алмады. Есімде қалғаны, жыл сайын атам Жеңіс күнін асыға күтетін. Бір күн бұрын өзінің кителін алып, әр орден мен медальдарын дірілдеген жіп-жінішке саусақтарымен сипап, көз жасын сүртіп, ауыр күрсініп алатын...

Біз атамызды ауылдан көшіріп алған едік, мүмкін сол себепті соңғы жылдары атамды құттықтауға әкімшіліктен еш бір адам келмей кетті, және соғыстағы достарының да жылдан – жылға азайып бара жатқанын білеміз ғой...

Кәрілігіне байланысты, сыртқа шығып мерекелік жиындарға, Парадқа шыға алмайтын атам мереке күні, терезеге алаңдап жиі-жиі қарап, біреулерді күтіп отыратын. Туған туысқандар құттықтап кеткен соң - «киімінді ауыстырсаңшы, енді кім келер дейсің» - деп әкем сөйлейтін. Атам болса жаутандап балаша өкпелеп, қимастығымен орден мен медальдарға толы кителін пешіп, шкафқа қайта іліп қоятын.

Қазір атамның орны бос қалды. Ол мәңгілікке кетті, ал мен болсам, атамды қатты сағынамын.

Неге оның тірісінде өмірі туралы ештеңе сұрамағанмын?! Кітаптардан оқып, кинолардан көргенімді атам өз өмірінде көрді емес пе?!

Қазіргі менің замандастарым бейбітшілікті азсыныды ма екен? Өз өмірлеріне салт қарайды, кез келген ұсақ-түйекке ашуланып, бірін бірі түтіп-жеуге дайын. Сонда менің атам, оның қатарлас «жас жауынгерлері» бекерге өз өмірлерін құрбан еткені ме?

Осы біз ардагерлерді неге тек Жеңіс күні есімізге аламыз? Жылына бірнеше рет келіп, хал сұрасса несі кетер еді? Олардың күрсінгендері, қимастықпен терезеге алаңдап қарағаны, бізден әлі болса да үміттерін үзбегені емес пе?!

Ұлы Отан соғысының лебі жылдар өткен сайын алыстап барады. Бірақ, менің ойымша, оның ызғарын ұмытпау біз сияқты жас ұрпақтың басты міндеті. «Соғыс» - шынымен қорқынышты сөз. Жер бетінде «қанішер» соғыс әлі де болса жойылған емес: Сирия, Ауған елі, лаңкестік...

Бұл соғыстың көлеңкесі біздің Тәуелсіз еліміз - Қазақстанға еш қашан жетпесін! Ата-бабамыздан қалған қасиетті жерімізге енді біз, жас ұрпақ, ие болып қалайық!

**Мұрат Баян**

11 сынып, №37 гимназия,  
Шығыс Қазақстан обл. Семей қ.  
Жетекшісі: Төлеубаева Салтанат Бекайдарқызы

### **Отты жылдар**

Ұлы Отан Соғысы- адамзат тарихында болған ең қатігез, жантүршігерлік аянышты, сұмдық оқиға. Ол еш адамға тыныштық та, бақыт та, табыс та әкелмеді. Анасы бауыр ет баласынан, бала ата- анасынан, ал күллі ел тепсе темір үзер азаматтарынан айырылды. Ұлы Отан соғысы- әлемде болып өткен ең сұрапыл соғыс, ең шығыны көп соғыс, адамзат санасында , жүрегінде мәңгі қалатын соғыс. Сансыз көп азамат майдан шебіне барып, ауыр сынықтарды, шабуылдарды басынан кешіріп, қасқайып тұрып Отаны үшін ерлікке барып, жан аямай күресті. Біреуі- мүгедек, екіншісі- сау қайтса да, олардың жан дүниесінде өшпес із, жазылмас жара қала берді.

Соғыс оты бүкіл Кеңес одағын шарпыды. 20 миллионнан астам боздақтың өмірін қиып, қаншама отбасының шырағын сөндірді .Одақтың небір түкпірнен майдан шебіне ұлты мен дініне қарамай, бүкіл Кеңес халқын қорғау үшін өрімдей жас қыздар, отағасы болып отырған әкелер, өмірге енді қадам басқан бозбалалар ағылды. Кейбіреулері тіпті әскерге алынуы үшін жасы, туған жылы туралы жалған ақпарат берді. Қызыл әскер қатарына шақырту алғанда, үйдің тұңғышы да, кенжесі де, ері мен әйелі де аттанды. Ерлерін құл, әйелдерін күң етпек болған жаудың аранына қорғасын күйғандардың алғы шебінде бір Қазақстанның өзінен 1,5 миллионнан астам азамат болды. Олардың қатарында жазушы да, ақын да, суретші менен шаруа да боды. Шыққан тегі, тұрған жері олар үшін еш маңызды болмады. Отанға деген мызғымас патриоттық сезім, жалынды махаббат және асау жүрек қазақ азаматтарын ұрыс алаңына алып келді. Қазақтың қос жұлдызы- Мәншүк пенен Әлия, Кеңес батыры- Бауыржан, әйгілі ұшқыш- Талғат, одан қала бере Қасым Қайсенов пенен Рақымжан Қошқарбаевтар сынды қайсар баһадүрлеріміз майдан даласында ерен ерлік көрсетіп, ұрпағының жадында мәңгіге қалды. Отандастарымыз соғыс алаңында күрес жүргізіп жатқан шақта, қалғандары олар үшін бүкіл ел болып бір Аллаға сыйынып, дұға жасап, аяқ- қолы талғанша, қолдары қанап, өздері шаршап шалдыққанша аянбай еңбек етіп, жауынгерлерге қолдау көрсетті. Жыр алыбы Жамбыл:

«... Соғысты біз сүймейміз ел жылатқан,

Ол ісі фашистердің қарғыс атқан...»-деп «Ленинградтық өренім» атты өлеңінде озбырлықты, әділетсіздікті халыққа батыл жеткізген. Тек бұл ғана емес, ол өзінің жалын мен үмітке толы өлеңдерін жазып, жауынгерлерге рух берді. Ал қазақтың қайраты сарқылмас Роза Бағланова, Күләш Бәйсеитова,

Бибігүл Төлегенова сынды қыздары өздерінің әлем тербетер тамаша даусымен ән айтып, жауынгерлерді жігерлендірді, тіпті майдан даласында ән шырқады. Олардың бұл әрекеті майданда өз кеудесімен оқ тосқанмен тең еді.

Ұлы Отан соғысы барлық отбасына қатысты аяусыз еді. Аталар соғыста болса, әжелер тылда болды. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, үлкені мен кішісі жаппай еңбек етті. Аязда үсімесін деп, тері илеп, зауыт- зауыт болып байпақ тоқыды, етік тікті. Таң атып, кеш батқанға дейін егісте жұмыс істеп, бір түйір нанның артық тілімін өзіне алмай, ұрыс даласына жіберіп отырды. Шашына ақ түскен жаулықты әжелер мен тал шыбықтай бұралған жас келіншектер ерлері үшін күн- түн демей, бел жазбай еңбек қылды. Дүние есігін жаңа ашқан сәбилер, жасқа толмай әкесіз жетім қалып жатса да, жесір әйелдер беріспей, бойынан қайрат тауып өзгелерге демеу болды. Сүйіктісін адалдықпен күтіп, үмітін сөндірмей, қаралы қағазға да сенбей, махаббатына берік болды. Қазақ әйелдеріне тән бұл мінез Мұхтар Шахановтың «Ғайша» туындысынан көрініс тапты. Міне, дәл осылай Кеңес халқы, оның ішінде біз, қазақ елі, өз батырларымызға демеу болдық.

Бұл, әрине, қазіргі қарт әжелеріміз бен аталарымыздың баға жетпес төзімі мен шыдамдылығы еді. Сол себепті, біз оларға мәңгі қарыздармыз. Олар бізге өмір, тәуелсіздік, еркіндік сыйлады. 1941-1945 жылдың кесепатынан кейін жақында 70 жыл өтеді. Иә, мүмкін, бұл бір қорқынышты түс сияқты елестер, алайда Ұлы Отан соғысының қасіретті ізі әлі де кездеседі. Қаншама жауынгердің туған туыстары 70 жыл өткенменен, туғандарын әлі де таба алар емес. Ойлаңызшы.... бұл қаншалықты ауыр қасірет.... Бабасының басына тіпті бір уыс топырақ та салуға зар болып жүр.... Бірақ үкімет бұған бей-жай қарамайды. Мен газет- журнал баспаларынан Семей қаласында «Память» деген іздеуші топтың жұмыс жасайтыны туралы білдім. Тіпті олардың белсенді жұмысына куәмін. Менің мектептегі ұстазымның атасының денесі Ресейдегі Орел облысының Токково деген селосынан табылып, 67 жыл араға салынған соң, өз туған жеріне қайтарылды. Менің ойымша, бұл біздің елбасымыз бен халық қызметкерлерінің және жалпы халықтың өз қаһармандарын әлі де ұмытпағандығының белгісі.

Мәліметтерге сүйенсек, 93 мыңнан астам Семейліктер соғыс жылдарында қолына қару алып, Кеңестік отанды қорғауға қатысты. Оның 30 мыңнан астамы КСРО- ның орден мен медальдарының иегері болса, 50 жауынгер «Кеңес Одағы батыры» атағын алған.

Ғаламат сұрапыл соғыста етікпен су кешіп, мұз төсеніп, қар жастанып жүріп, жеңісті жақындатқан хас батырларымыздың қатары жыл өткен сайын сиреп келеді. Біз- ардагерлерге көзі тірісінде алғыс айтып, құрмет көрсететін соңғы ұрпақпыз. Самат Құсайыновтың бастауындағы «Өлімді жеңген полк» отряды соңғы екі- үш жылда шеруге шығып жүр, ал жақында мұны ардагерлердің әлі де көруге шамалары қалатынына кім кепіл? Менің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

білуімше, біздің олармен бір аспан астында сүрген әр күніміз, олармен бірге жұтқан әр деміміз- зор бақыт. Және осы бақты бағалай білу әркімге- міндет, парыз. Өкімет тарапынан оларға пәтер, көлік, жүріс- тұрысына жеңілдік беріледі, ал біздің тарапымыздан, менің ойымша, оларға рухани демеу болуымыз қажет. Ең алдымен, оларға құрмет көрсетуіміз және «ерлік елге мұра, ұрпаққа ұран,»-демекші, ерліктерін келешек ұрпаққа баяндауымыз, өмірден озғандарын ардақтап еске алуымыз керек. Жақында Талғат Бигельдинов қайтыс болды. Мұның өзі менің жаныма қатты батты, өйткені тағы да бір батыр, тарихи тұлға, ел тірегі дүниеден озды. Қайтпасқа кетті... Ендігі ардагерлер жасармайды, күн өте бере қартайып, әлсіреп, арамыздан сейіліп кете береді. Біз... олардың алдында бүгінгі бейбіт күн, жарқын өмір үшін қарыздармыз. Иә, олар ат төбеліндей аз қалды. Аз қалса да олар еткен ерлік, олар көрсеткен үлгі, олар төккен мейірім оты ешқашан сөнбек емес. Себебі, олар- асқақ, олар- асқар, олар- биік. Сол биікті құрметтеу, сол асқарды ардақтау- бізге серт, жас ұрпақ! Қадірлесен, батырыңды, соғыс ардагерін қадірле, қазақ елі!

**Нұрсабет Диляра**

7 сынып, № 8 мектеп-мектебі Семей қаласы

### **Ауыр Жеңістің тарихы**

Соғыс .....бұл сөздің астарында қанша қасірет, қайғы, қыршыннан кеткен өмір, қорқыныш жатыр. Бұл соғыс жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтқан тажал. Ұлы Отан соғысында қанша қазақтың осы кезде дана, ақылшы болып отыратын қариялары көз жұмды. Сол соғыстан аман қалған ардагерлеріміздің де саны азайып барады. Көз алдыма соғысты елестетсем, бойымды үрей билейді... Бұл соғыс талай өрімдей балалардың өмірін қыршыннан қиды, аштық қанша ғұмырды жалмады. Тылдағы ауыр жұмыс: майданды қару-жарақпен, азық-түлікпен қамтамасыз ету қарттар мен әйел адамдардың, қабырғасы қатпаған жас балалардың иығына түсті. Үлкен жеңіске, тәуелсіз, бейбіт өмірге себепкер болғандар – сол еңбекқор, қайратты жандар. Сол адамдарға қашанда алғысымыз шексіз. 1941- 1945 жылдары соғыс апатын шеккен адамдар аз емес.

Ех.... зымыраған уақыт- ай, бірақ уақыт өтіп кетсе де, қанды шайқас есімізден кетер емес. Соғысты біз ұмытқанымызбен тарих ұмытпайды. Осыншама қан төгіс пен жеткен жеңісіміз ата -бабаларымызға ауыр тиді. Бұл соғыста тек қана ерлер емес сонымен қатар Мәншүк пен Әлия сынды әпкелеріміз өздерінің қайсарлығын, ержүректілігін таныта білді. Бауыржандай ағамыздың ерлігі, қайсарлығы-бүгінгі ұрпаққа-өнеге.. . Б.Момышұлы қолбасшы ғана емес, сонымен қатар әскери жазушы болған. Оның тұлғасы маған қашанда мұзарт шыңның басында, мұнартып қалықтаған ақиық, мұзбалақ қыран болып елестейді. Б. Момышұлының батырлығын қазақ жері ғана емес, Мәскеу халқы да қадір тұтады. Бәрімізге мәлім Мәскеу қаласындағы зәулім мектепке батыр атамыздың есімі берілді. Бауыржан атамның Отанға деген сүйіспеншілігі, халқына деген махаббаты, елге, жерге деген биік қаһармандық рухы мені қуаттандырады. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқыныш сезімін жүрегінен жұлып тастап, қан-төгіс майдан даласында соғыс техникасын көрегендікпен ұтқыр қолданып, жауды талай шайқаста тізе бүктіргенін де бүгінгі ұлтжанды ұрпақ жақсы біледі. Мен Бауыржандай қаһарманы бар қазақ деген қайсар халықтың ұрпағы болғанымға мақтанамын. Бауыржан атамның ерлігі менің жүрегімде мәңгілік, өшпес оттай жанып тұра береді.

Тағы да бір мақтан ететін жайт, ол менің нағашы атам марқұм Тоқатыбаев Сейітқайырлы Көпжасарұлы. Себебі ол ұлы отан соғысына қатысып, ерлігімен көзге түсіп, елді қорғауға үлес қосқан адам. Біздің отбасымыздың мақтанышы, үлгі тұтар азаматы. Оның көзі тірісінде үлкендерге соғыс жайлы айтқан әңгімелері ауыздан-ауызға тарап, тіпті маған да жетті. Соның ішінде көп айтатыны тылда қалған үй-ішіне деген сары

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

уайымы екен. Сол соғыстан қалған аз деректердің ішінде тарихта болмаса да біздің қолымызда атамның ерлігі туралы жұқа ғана кітапша бар. Ол жерде атамның ең бір көзге түскен ерлігі туралы аз болса да жазылған екен. Ал медаль мен ордендерін үй үлкендері мұражайға табыстады. Атам соғыстан аман-есен оралып келген екен. Бұл біздің әулетіміздегі ең үлкен қуаныш болыпты. Әрине, бұл қанды шайқастан аман қалғандардың саны шамалы-ақ еді. Себебі соғыс ешкімді аямады. Фашистер аяушылық сезімінен жүрдай еді. Бірақ Отанымыз біртұтастығын, халқымыз қаһармандығын дәлелдеді. Отан-Ана ол теңдесі жоқ асыл қазына. Сол қасиетті ұғымды қадір тұтқан батыр ағаларымыз бен апаларымыз сенімділігін, батырлығын жинап, елін, жерін, ұрпағын жаудың қанды, аяусыз тырнағынан қорғап қалды. Ал фашистер бізді сол құдіреттен айырмақ болды.

Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздағын, Отанын қорғаған жауынгер- солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

## Отан Балдырған

Құмаш Нұрғалиев атындағы гимназия  
Шығыс Қазақстан облысы  
Күршім ауданы Боран ауылы  
Жетекшісі: Нургалиева Арай Кинаятовна

41- дің таңы қандай шуақты еді,  
Маужыраған табиғат тамаша еді.  
Құстар сайрап, сәбилер тәтті ұйқыда,  
Жан біткен сұм соғысты ойламады.  
Таң атты шығыстан ерекше қызарып,  
Қарт әже қарады атқан таңнан сескеніп,  
Дұға қылды аман қыл деп қасиетті елімді,  
Кім білген алапат, сұрапыл сұм соғысты.  
Қан жұтып бес жыл бойы қара жер,  
Қан жұтар бір ғасыр мына қалың ел.  
Айырма ананы бауыр ет баладан,  
Айырма жас ұлан сәбиді әкеден.  
Деп ана зарланды құдіретті тәңірге,  
Кім бар ананы тыңдайтын әлемде.  
Гитлер ойлаған Барбаросс жоспары,  
Басталып кетіп еді бұл күнде қаралы.  
Жұтқан миллиондар тағдырын,  
Жылатқан сәби мен жесірді, ананы.  
Басталды осылай қан майдан соғысы.  
Брестен басталған алапат сұм дауыл.  
Шақырды Отан- ана ел ұланын,  
Аттанды майданға ер жүрек ұрпағың.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Мәскеу мен Ленинград, Ржевск бәрінің  
Қорғаны ер жүрек қазақтың батыры.  
Ерлігі Бауыржан, Қасым ,Талғаттардың,  
Жыр болып жазылды жүректе, тарихта.  
Хиуаздай апамның ерлігін мойындап,  
Сескенді алапат, сыйықсыз жауың да.  
Тоқтар, Рахымжан, Ізғұтты ерліктері,  
Қашалып жазылды өшпестей тарихқа.  
Жалынды ұранды сөзімен ерлікпен  
Мәлік, Баубек жігерін ерлердің ұштады.  
Ел жүрегі астанасы Мәскеуді қорғап қалу.  
Қазақтың ерлерінің қасиетті,ізгі борышы,  
Сол сәтте талап етті ақыл , қайрат жүректі,  
Қысылтаяңда Баукең қиыннан жол тапты. Түссе де талай рет қоршауға аман  
шықты,  
Күйретіп жауының зұлым әскерін, қорғанын,  
Аман –есен алып шықты қасиетті ерлерін.  
Қорғай білді ар- намысын ұлы қазақтың.  
Ерлікпен қорғады Отанның жүрегін Мәскеуді.  
28- батырың дұшпаннан саспады, қайтпады,  
Қанымен суарды қасиетті топырағын Отанның  
Ерлікпен ақтады құдіретті борышын- Атамекеннің.  
Заман еді тарылған, соғыстардан қажыған,  
Қару –жарак, офицерлер аз еді мүлдем тапшы.  
Бес солдатқа бір винтовка болса да қажымады,  
Қасиетті Отандысонда да қорғады , талмады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Күш алды туған жер топырағынан, хаттардан,  
Жігерленді өсиетті ата –баба жырларынан.  
Жас жанын пида етті болашақ ұрпақ үшін,  
Соғысты қасиетті Отанның топырағы үшін  
Тылда да Отан үшін қан майдан еңбек еді,  
Аталар мен әжелер белін буып, кіріскен.  
Жас келіншек , жас жеткіншек балалары,  
Отанның тылдағы ең мықты сарбаздары .  
Жарбиған өгіз басына ойынсыз бүлдіршін,  
Ұмытып бір сәтке өзінің балалық сәттерін.  
Соқамен жер жыртып, егін сап,ерлеген,  
Кешегі балалар бүгінгі асыл қарттарым.  
Қарыздар сіздерге жас ұрпақ, болашақ.  
Қарыздар әр тамшы термен жас үшін,  
Қарыздар әр таңда қанбаған ұйқы үшін.

Қарыздар әкесіз атқан әр мұңлы таң үшін  
Әкеден айрылған жас ұрпақ, балдырған,  
Атанып отбасы, шаңырақ иесі тым ерте,  
Есейдің қоштасып балалықпен тым ерте.  
Ойнамадың, сен, бала боп достармен  
Жүрмедің наздана еркелеп асыл анаңа  
Алмадың тәлімін құдіретті,текті әкенің,  
Аңсадың қауышуды бір сәт әкеңмен.

Осылай жылатты сұм соғыс баланы,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Осылай жылатты сұм соғыс ананы,  
Осылай жылатты сұм соғыс жесірді.  
Осылай жылатты сұм соғыс әкені.

Қирады теп –тегіс болып ауылдар,  
Жойылды жайқалған ну орманы.  
Бұзылды қалалар, заводтар, егістіктер,  
Күйреді баланың, жастардың арманы.

Болмасын ешқашан мұндай соғыс,  
Болмасын ешқашан мұндай апат.  
Жасасын бейбіт күн, арманым.  
Болсыншы ел аман- жұрт тыныш!

Балалар ойнасын еркін шаттанып.  
Күлкімен тербетсін ұлы даласын.  
Жарқын жүз ,күлкілер кетпесін,  
Жүзінен әжімді ақсақал қарияның.

Жайқалсын ну орманым!  
Жайнасын асқақ- Отаным!  
Құлпырсын қасиетті -ауылым!  
Болсыншы жанымда ата –анам!

**Ранджабар Али**

4 сынып, Өскемен қаласының  
«Бриг» жекеменшік мектебі,  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Жетекшісі: Жандаулетова Анар Торехановна

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына, мінеки, 71 жыл толды! Яғни, біз 71 жыл бойы бейбіт өмір сүріп жатырмыз. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Осыдан 75 жыл бұрын таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған.

Темір жол құрылысы жалғасты. 1942-1943 жылдары Мақат-Орск, Ақмола -Магнитогорск желілерінің құрылысы аяқталды. Соғыс жылдары Қазақстан жалпыодақтың мыс құймасының 30 пайызын, марганец кенінің 60 пайызын, мыс кенінің 50 пайызын, металл висмуттың 65 пайызын, полиметалл кендерінің 70 пайызын, мырыш өнімінің 85 пайызын берді. Қорғаныс өнеркәсібіне қажетті мыстың үштен бірі Қазақстанда өндірілді, сондықтан да соғыс жылдары әрбір 10 оқтың тоғызы Қазақстанда құйылды.

Республикада танк және ұшақ жасауға ақша жинау қозғалысы жүрді. 1941 жылдың күзінде Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағы (ВЛКСМ) атындағы танк дивизиясын құруға қаржы жинала бастады да, бір жылға жетер-жетпес уақыттың ішінде армия қазақстандық комсомолдардан 45 жаңа танк алды. Кейінірек халық қаражатына тағы 10 танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилия, торпедо катерлер

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

мен атаулы ұшақтар жасалды. Соғыс жылдары Қазақстан халқы жауынгерлік техникалар жасауға 480,3 миллион рубль жинап берді.

Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты. Атап айтқанда, еліміз 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3 194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн берді. Бұл соғысқа дейінгі бес жылдағы көрсеткіштен бірнеше есе көп. Республиканың барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды: бейбіт мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

КСРО-ның батыс өңірлерінен көшірілген халықпен қоса, 1941 жылдың күзінде Қазақстанға Полвольжеден жүздеген мың немістер мен поляктар жер аударылды. 1942-1944 жылдары 507 мың балқар, қарашай, ингуш, шешен халқы, 110 мың түрік-месхетиндер, 180 мың қырым татарлары күшпен жер аударылды. Оған қоса, күн сайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен офицерлер тиелген пойыздар ағылып жатты. Әскери госпитальдердің көбісі Алматыда құрылды.

Ұлы Отан соғысы аяқталып, Жеңістің туы желбірегеніне биыл - 71 жыл! Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – біз үшін ұлы мереке! Ұлы Отан соғысы біздің әр біріміз үшін ұмытылмастай ізін қалдырды.

Осы соғыста қаншама адам қаза тауып, қаншамасы мүгедек атанды. Қаншама ана жесір, балалар жетім қалды. Оңай келмеген жеңісте ерен ерлігімен көзге түсіп, ерекше сый-құрметке ие болған сан мыңдаған жауынгерлердің ішінде қазақ аталарымыз бен апаларымыз да көп. Ерлігін жыр қылып айтатын әрбір қазақ батырымызды ешбіріміз ешқашан ұмытпаймыз.

Қазір қазақ елді мекендерінде көптеген көшелер, ғимараттар, оқу орындарына Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақтардың есімдері де берілді. Ол деген біз үшін, яғни, кішкентай қазақстандықтар өз ата-апаларының ерліктерін ұмытпасын, біліп жүрсін, мақтан етсін деген мақсат. Қазіргі кезде сол батырларымыздың қатары сиреп, азайып қалды. Олар - біздің мақтанышымыз!

**Рүстемова Махаббат**

11 сынып, «№ 25 ЖОББМ» КММ, Семей қаласы

Шығыс Қазақстан облысы

Жетекшісі: Құнанбаева Нұргүл Кеңесбекқызы

### **Алтын Анам, Отаным, сенен аяр жаным жоқ**

Мен, Қазақ дейтін ұлы халықтың ұрпағымын. Осынау бес күндік фәниде қазақ болып туылғанымды мақтан етемін. Батыр бабаларымыздың арқасында, ашық аспан астында асып-тасып өмір сүрудеміз. Осынау байтақ еліміздің тарихының тамыры тереңнен бастау алады. Тәуелсіздік жолында қаншама қан төгілді, қаншама жас өмір қыршынынан қиылды. Талай-талай сұрапыл соғыстарды бастан кешірдік. Аштықтан өлген адамдарды да, түкке де пайдасы жоқ ядролық қарудан үлкен зардап шеккен бейкүнә адамдарды да көрдік. Алайда, қайсар халқымыз осы қиындықтардың барлығына шыдап, қарсы тұрды. Халқымыз ертеден аңсаған Егемендікке қол жеткізіп, еліміз үшін Тәуелсіздіктің арайлы таңы жарқырап атқанына Құдайға мың да бір шүкір ...

Халқымыздың бастан кешірген сұрапыл соғыстарының бірі- Ұлы Отан үшін болған соғыс.

71 жыл бұрын неміс әскерлері тұтқиылдан кеңес әскеріне шабуыл жасады. Еш ескертусіз, халық еш нәрседен сезіктенбей, шырт ұйқыда жатқан кезде, таңғы сағат төрттер шамасында, шекарадан өтіп кетті. Бұл суық хабар бүкіл елге өте аз уақыт ішінде таралды. Неміс әскерлерінің шабуылы тура 22 маусымда болды. Ал ол күні, жас түлектер мектеп бітіріп, үлкен өмірге аяқ басар кездің бастауы еді. Бұл суық хабарды ести сала кеудесінде «Елім» деп сокқан жүректері бар жас бозбалалар мен бойжеткендер қолдарына қару алып, туған өлкесін, ата-анасын, жастық шағын, арман-мақсаттарын тастап, майдан шебіне аттанды. Елінің болашағы қыл ұшында тұрса, қай азамат қол қусырып отыра алсын?

Соғыс деген барды жоқ қылатын, айналасындағылардың барлығын жалмап, жермен жексен ететін жалмауыз ғой. Ол ешқашан жақсылық әкелген емес, әкелмейді де. Ананы баладан, баланы әкеден айырды. Болашағынан үлкен үміт күттіретін жастардың өмірін жалмап, олардың болашағын, жастық шағын, армандарын аяқ асты етті. Ал бұл соғыстан қандай пайда болды? Соғысты бастамас бұрын неге неміс әскері бейкүнә халықты ойламады екен? Тек өз қара бастарын ойлады, арам ойларын жүзеге асыру үшін үлкен жауыздыққа барды. Ал бұл адам баласына тән қылық па? Бұл жерде олардың жыртқыш хайуаннан қандай ауырмашылығы болды? Адамды басқа тіршілік иелерінен ерекшелейтін оның санасы ғой. Әлде, билікке, мансапқа деген құмарлығы оларды көр соқыр, тас керең қылды ма?

Бұл сұрапыл соғыс 5 жылға созылды. Күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей өткен 5 жыл... 5 жыл бойы майдан даласында атылған қару мен жарылған бомба дауыстары еш толастамады. Қыстың қақаған аязында да, жаздың аптап ыстығында да, ішерге ас болмай, аштықтан іштері бұратылса да Батырларымыз қасық қаны қалғанша соғысты. Ердің нағыз сыналар сәті-ел басына күн туғанда деп ойлаймын. Олардың барлығы сын сағаттан сүрінбей өтуге тырысты. Алайда, олар іштей қандай сезімде болды екен? Әрине, оларда ата-анасын, бауырларын, туған өлкесін сағынды. Оларда ет пен сүйектен жаралған пенде ғой.

Бірақ, соғысқа тек ерлер ғана қатыспады. Ұлы Жеңісті жақындатуда нәзік жандылардың да үлесі көп болды. Бұрымды, қаракөз қыздарымызда өз еркілерімен қан майданға аттанып жатты. Соғысқа қатысқан батыр апаларымызды мақтан етемін. Себебі, табиғатынан нәзік, сұлулыққа жаны құмар қыз бала үшін қолына қару алып, өзен болып аққан қанды күнде-күнде көру оңай емес. Бірақ, қыз бала қанды майданда да қыз болып қала береді. Жақында орыс жазушысы Борис Васильевтің повесті бойынша түсірілген «А зори здесь тихие» деген фильмді көрдім. Бұл повест майданда соғысқан батыр, ержүрек қыздар жайлы. Осы фильмді көріп өз басым өте үлкен әсер алдым. Қолдары босап, барлығы жиналған кезде бір-бірін бояндырып, шаштарын әдемілеп өріп қыз балаға тән еркеліктерін көрсетеді. Ал жау шабуыл жасаған кезде, ерлермен тең дәрежеде соғысып, өз батырлықтарын көрсетеді. Негізгі сюжет арнайы тапсырманы орындауға жіберілген 5 қыз төңірегінде өрбиді. Бесеуі бір-біріне ұқсамайтын, тағдырлары да әр түрлі жандар. Алайды, оларды біріктіріп тұрған бір мақсат- туған жерді сақтап қалу. 5 қыз бала 16 неміс әскеріне қарсы шығады. Аяғында барлығы көз жұмса да, өз борыштарын абыроймен атқарып кетеді. Жаудың барлық әскерінің көзін жойып, ауылды аман сақтап қалды. Осы повесттен кейін көп нәрсені ұғып, көп дүниені көңіліме түйгендей болдым. Көзіме жас та келді. Осы Ұлы Жеңістің қаншама бейкүнә жастардың төгілген қаны арқылы келгенін ұқтым. Қазіргі бейбіт заманда көп нәрсенің қадіріне жете бермейді екенбіз. Шет елге еліктеп, солардың мәдениетіне қызығып өз өткенімізді, тарихымызды естеп шығарып аламыз. Сол үшін өз-өзімнен ұялдым. Көп нәрсенің қасиетін ұққандаймын.

Шығыстың қос жұлдызы – Әлия мен Мәншүк. Халқымыздың намысын қорғаған шығыс қыздарының бірегейі, қос шолпанымыз. Олардың есімін, ерліктерін білмеу-біз үшін үлкен ұят. Ондай адамдар арамызда жоқ деп жүрсем, қателескен екенмін. Өзім әлеуметтік желілерде отырамын. Бір күні желіден Мәншүк Мәметованың суретін көріп қалдым. Піріклерді қарап отырсам, бір адам «Бұл кім?» деп, халықтан сұрап отыр. Қалай? Мектепте оқығанда тарих кітабының бетін ашпаған ба сонда? Қанша өкінішті болса да, ондай тарихын білуге құштарлығы жоқ, санасыз адамдар біздің арамызда бар.

Сонымен қатар, ел үшін жан берген батырларымызды айтқанда Б.Момышұлы, М.Ғабдуллин, Т.Бигелдинов, Р.Қошқарбаев сынды

батырларымызды айтпай кету мүмкін емес. Ал ондай батырлардың саны бірнеше мыңнан асып жығылады. Жеңіс туының желбіреуіне өз үлесін қосқан қаншама батырлардың біз аттарын да білмейміз. Ең өкініштісі сол. Алайда, олардың сол отты жылдардағы ерліктері біздің жүрегімізде мәңгілік.

Майдан алаңында соғыс тоқтаусыз жүріп жатты. Алайда, елде қалған азаматтар қолға қару алып соғыспаса да, оларды қорғап жүрген солдаттардың жағдайын жасап, майданға киім-кешек, азық түлік жіберіп тұрды. Олар соғыста жүрген солдаттардан кем алаңдады дейсіз бе? Әрине жоқ. Олардың балалары, әкелері, ағалары, жарлары сол қызыл оттың арасында болды емес пе? Пошташы хат әкелгенде көздері жәудіреп, тек жақсы хабар күтті. Ал қаралы қағазды көргенде олар қандай халде болды екен? Ондай күйді бастан кешірмеген біздерге оларды түсіну өте қиын.

Қазір біз үшін жастық шақтарын құрбан еткен Ардагерлеріміз күннен-күнге азайып бара жатыр. Ең өкініштісі сол. Олар, біздің бүгінгі бақытты өміріміз бен жарқын болашағымыздың себепкерлері. Олар болмаса біз бүгінгідей алаңсыз өмір сүруші ма едік? Қанша жағдайларын жасап, асты-үстілеріне түссек те, біз олардың алдындағы парызымызды өтей алмаймыз. Дүниенің ең қымбат жақұты да олардың біз үшін істегенімен тең келмейді. Ардагерлердің батырлығының жанында олар жай ғана тас болып қалады. Себебі, олар біз үшін өз жандарын, жастық шақтарын берді. Соғысқа қатысқан батырлардың ішінде менің нағашы атам да бар. Ол-Қасымов Әділбек. Атамды өмірде ешқашан көрмеппін. Бірақ атамды мақтан тұтамын. Біз үшін майданда от кешті. Жеңісті жақындатуға басқа солдаттар сияқты өз үлесін қосты. Оның ерліктері, өмірде қандай адам болғандығы жайлы әжемнің әңгімелерінен білемін. Атам- менің үлкен мақтанышым.

Біз, ардагерлерді көзбен көріп, әңгімелерін өз құлағымызбен ести алатын ең соңғы буынбыз. Бізден кейінгі ұрпаққа ондай бақыт бұйырмаған. Сондықтан, оларды көзіміздің қарасындай қастерлейік. Оларды тек 9-мамыр қарсаңында еске алмай, жиі-жиі үйлеріне барып, қарапайым үй шаруаларына көмектесуге барлық жастардың ат салысқанын қалаймын. Олардың күлімдей қараған көздері, айтқан баталары маңдайымызға үлкен сауап болып жазылары сөзсіз. Барлығымыз білетіндей қазір қарттар үйі көбейіп бара жатыр. Ал сол «үйдің» тұрғындарының ішінде Ардагерлер де бар. Әрқайсысының тағдыры әр түрлі. Біреулерді балалары тастап кетсе, біреулерінде паналайтын жақындары жоқ. Тағдыр осыншама қатыгез болар ма деп ойлаймын.

Бізге Жеңісті сыйлаған жандарды ұмытпайық. Көздері тіріде қолдан келген жақсылықты істеуге тырысайық. Ұлы Жеңісіміз мәңгі болсын! Жеңіс Туы көгімізде мәңгі желбіресін

5 жылға созылған отты жылдар біздің жүрегімізде мәңгілік.

**Сағаткенов Шыңғыс**

10 класс, А.Ибраев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп

Новобаженово ауылы, Семей қаласы, ШҚО.

Жетекшісі: Құдайбергенова Бақыт Маликовна

Ерлік-ұрпаққа ұран.

Биыл ата-бабаларымыз қан майданда жанқиярлық ерлік үлгісін көрсеткен, миллиондаған құрбандықтармен жеткен Жеңістің 71 жылдығы үлкен ауқымда аталып өтпек. Үш ұрпақ ауысып үлгерер уақыт аясында күркіреп өткен соғысқа жаңаша көзқарастардың пайда болуы, оның ақтаңдақтары мен ақиқатының жаңғыра бастауы тарихи заңдылық екенін жоққа шығаруға болмас. Жеңістің аты-Жеңіс. Алыстаған сайын ұрпақ жадында асқақтай бермек. Бұл турасында Қазақстан Президенті Н.Назарбаев Мәскеу түбіндегі Завидоводағы резиденциясында Ресей басшысы Медведевпен кездесуінде кесіп айтқан еді. «Биыл Ұлы Жеңістің 65 жылдығы. Бәріміз үшін, Тәуелсіздігіміз үшін ата-бабаларымыз жандарын пайда еткен бұл соғыстың нәтижесінің тарихи тұрғыдан қайта қаралуына жол жоқ екенін біз жұртшылыққа паш етуіміз керек», - деп атап өткен болатын. Бұдан алты жыл бұрын айтылса да Елбасы Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің маңызы мен тағылымы Тәуелсіз Қазақстан үшін бір мысқал да кемімейтінін, керісінше, мән-мағынасы еселене түсетінін меңзесе керек. Қасым ақын айтпақшы «Күркіреп күндей өткен соғыста» қаншама отбасы отағасынан, баласынан айырылды десеңізші. Қазақтың ержүрек қыз-жігіттері майданға аттанып, өзінен кейінгі ұрпақтың бейбіт өмірі үшін жанын қиды. «Соғыс» деген жалғыз ауыз сөз болса да, адам баласы үшін соғыстан асқан кесапат, одан асқан қорқыныш жоқ шығар. Мұның артында қайғы, қасірет, қантөгіс, өлім-жітім деген ұғымдар тұр. Соғыс күн сайын жақын адамдарды бір-бірінен ажыратты. Бірақ қиындыққа мойымаған ұлы дала батырлары қан майданда ерлік туын құлатпады, рухын асқақ ұстады. Қанды қырғын 1418 күн мен түнге созылып, оқ қардай борады. Ұрыс даласында біздің сан мыңдаған қандастарымыз Отан үшін отқа түсіп, қаншама боздақтарымыз сұм соғыстың құрбаны болғаны шындық. Қалай десек те, бұл өте сұрапыл да қиын жылдар. Жауынгерлердің тек бір ғана мақсаты болды: Отанды қорғау және тек қана жеңіске жету. Олардың басым көпшілігі ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, халқымыздың ерлік рухын асқақтатты. Жеңіске жету жолында бар күш-жігерлерін аяған жоқ. Қарт Жамбылдың мына өлеңі бүкіл Қазақстанға ұранды дабыл салды:

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

... Жырымды жұртым енді есті:  
Өлім мен өмір белдесті!..  
Қан кешкен сонау майданда  
Айбынды Қызыл Армия  
Орында түгел талабын!

Фашистік басқыншылардың 22-маусымдағы алғашқы соққысына қарсы тұрған бөлімдердің қатарында соғыстың қарсаңында әскерге шақырылған 170000 қазақстандықтар болды. Азамат соғысы кезінде Қазақстан жерінде құрылған 21-атқыштар полкі 1941 жылдың 24-маусымында Шауляй қаласының оңтүстігінде елімізге басып кірген жауға қарсы алғашқы шайқасын бастады. Соғыстың алғашқы айларында-ақ Қазақстан жерінде 20 атқыштар және атты әскер дивизиялары мен бригадалары бірнеше артиллериялық және авиация полктері, ондаған батальондар құрылды. Жаудың қоршауында 22-маусымнан 20 шілдеге дейін берілмей күрескен Брест қамалында үш мыңнан астам қазақстандық жауынгерлер болды. Сол үш мыңнан соғыстың соңында 60-қа жуығы ғана тірі қалды.

Тағдырдан да , алыс-жақын, дос-жараннан да көл-көсір жақсылықты көп көре бермеген біздің жұртымыз басына іс түскен қай тұста да медетті өз қарымынан, көсемді өз бауырынан тапқан. Халқының басына түскен қарлы қаратау тауқыметті қайыспай көтеріп әкете барар нар тұлғалы азаматтардан ешқашан құралақан қалып көрген жоқ. Өйткені ел мүддесін жақтап білмей , ер танылмайды. Ертанылмай тұрып, елі танылмайды. Небары 20 жыл ғұмыр кешіп , ерлікпен қаза тапқан Айткеш Абайұлы Ибраев біздің ауылымыздың тумасы. Мен Новобаженово ауылындағы Кеңес Одағының батыры Айткеш Абайұлы Ибраев атындағы мектепте оқитынымды мақтан етемін. Былтырғы қоңыр күзде атамыздың 90 –жылдық мерейтойы мектебімізде кеңінен аталып өтті. Айткеш Абайұлы Ибраев 1924 жылы 15 мамырда Семей облысы, Жаңасемей ауданы Новобаженово ауылында қарапайым отбасында дүниеге келген. 1934 жылы Предгорный ауданы, «Красное поле» колхозының, Левобережный ауылдық кеңесінің мектебіне оқуға барып, 1941 жылы осы мектепті үздік бітіріп шықты. 1942 жылы Семей қаласының финанс техникумының 4 айлық бухгалтерлік курсына аяқтады. Оқуын бітіргеннен кейін өз ауылына оралып, Қызылқұйғында есепші болып жұмыс істейді.

1942 жылы Жаңасемей аудандық әскери комиссариаты арқылы мамыр айында Қызыл Армия қатарына шақырылып, Симферополь пулемет- миномет училищесіне оқуға жіберіледі. 1943 жылы сәуір айында А.Ибраев 1264 атқыштар полкімен бірге 3- батальон 380- атқыштар дивизиясына 45 мм қару командирі болып тағайындалды. 380 Орловск

Қызыл Ту Орденді Суворов пен Кутузов атқыштар полкімен Белоруссия жеріндегі Орел қаласын қорғауға қатысты. Минск қаласын қорғаған кезінде ерлік көрсетті. Айткеш Ибраев Варваровка ауылы, Лудчица және Нижние Погороны, Гродненск жерлеріндегі шайқастарда ерлік көрсетіп «Қызыл жұлдыз» орденімен, I, II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен наградталды.

«Қымбатты жолдастар! Семей облысының барлық жастарына, тыл жауынгерлеріне жалынды сәлем. Мен Қызыл Армия қатарына алынған соң Отан сеніп тапсырған техниканы меңгеру жолында бар күш-жігерімді жұмсап, жаумен бетпе-бет келер шақты асыға күттім. Сөйтіп, 1943 жылдың 12 июлі де келді. Сол күні мен жаудың от шашып жатқан бекініс тораптарын-дзоттарын, блиндаждарын жойдым. Менің зеңбірегімнің снарядтарынан жер жастанған фашистердің саны жүз елуден асты. Орел қаласын азат етуге қатыстым. Бір сөзбен айтқанда, қымбатты жерлестер, сіздердің маған артқан сенімдеріңізді шама – шарқымша атқарудамын. Жауынгерлік Қызыл Ту орденімен наградталдым. Мен өз басым сіздерді барлық жастық күш-қуатымды сүйікті Отанымызды неміс басқыншыларынан азат ету жолында сарп етемін деп сендіремін. 1944 жыл. 1 ақпан» деп Семей облысының жастарына жазған. 1944 жылы 6 шілдеде Могилев облысы, Смолович ауданы, Шеметово.

Пекалин деревнясы түбінде болған ұрыста Айткеш Ибраевтың взводы жаудың танкіге қарсы ататын 6-зеңбірегін, 19-автомашинасын, 12 пулемет ұясын, 55 – қару-жарақ тиеген арбаларын, 200-ге тарта фашистерді құртып жіберді. 1944 жылы 27 қазанда Польшаның Сувалки қаласын азат етуде ерлікпен қаза тапты. 1945 жылы наурыздың үшінші күні Айткеш Ибраевқа Кеңес Одағының Батыры деген жоғары атақ берілді. 1990 жылы 12 желтоқсанда Қазақстан Үкіметінің қаулысымен Новобаженовселосындағы орта мектепке Кеңес Одағының Батыры Айткеш Ибраев есімі берілді. 2001 жылы 3 мамырда Батырға арналған ескерткіш ашылды. Авторы – мүсінші Сайлаухан Қасымханов.

Алыс-жақынға бірдей аңқылдап, бірдей құшақ ашқан пейіліне сай пейіл таба бермеген халқымыз тарихтың қай кезде де ел жүгін қайыспай көтеріп әкете беретін қатепті қара нардай азаматтарға ешқашан кенде болып көрген жоқ. Осындай асыл азаматтар, ел перзенттері бейбіт күннің батырлары арамызда жүр. Оларға батырларымыздың ерлік істері үлгі-өнеге.

Орта Азия елдерінен соғысқа 3 млн жауынгер қатысса, соның 1 млн 366 000 қазақстандық екен. Ал солардың тең жартысы майдан даласында қаза болған. Соғыс жара салмаған, қара жамылдырмаған отбасыны кездестіру қиын. Ал тірі қалғандары еңбек етіп, балалары мен немерелерін тәрбиелеп, жастарды өмірдің даналығына үйретіп, оларға

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

жүрек жылуын беруде. Ал аты белгісіз көптеген жауынгерлер жеңістің жарқын күніне жете алмай кетті. Егер тірі болса, біз бүгін оларды соғыстың ақ шашты ардагерлерінің арасынан көрген болар едік. Амал қанша, бүгінде біз сарғайған фотосуреттерден олардың жарқын бейнесін көреміз, мұрағатта сақталып қалған майдан хаттары олардың сыртқа шығарып үлгермеген жастық сезімдерін бізге жеткізеді. Ұлы Жеңіс мерекесі жүрегі Отан деп соққан әрбір азаматтың үлкен қуанышы. Бүгінгі жас ұрпақ Жеңіс күнін аға ұрпақтың Отанымызға деген шексіз сүйіспеншілігінің үлгісіндей әрқашан есте тұтады. Ұлы Жеңістің тарихи маңызын бағалап, қадір-қасиетін дәріптеп, халқымыздың өшпес ерлігіне құрмет көрсету – парызымыз.

Жетпіс жыл бейбіт аспанның астында тіршілік етіп жатырмыз. Бейбітшілік. Тыныштық. Қандай қасиетті асыл сөздер! Тәуелсіздік мойынға артқан асқаралы міндеттерді осы бейбітшілік арқасында жүзеге асырып жатырмыз. Міне, сол үшін де кешегі қанды қырғынды бастан кешірген аяулы майдангерлерге мәңгілік қарыздармыз. Ұрпақ үшін жаумен жағаласып шейіт болған боздақтарымыздың арамызда жүрген ардагерлеріміздің еңбегі өлшеусіз. Оларды ардақтап, бағалай білуге міндеттіміз. Кеше жері үшін отқа түскен ардагерлердің бүгінгі әр күні таусылмас ұлы мереке екеніне дау жоқ. Кешегі қан майданның куәгерлері бүгінгі бейбіт өмірде де аянбай қызмет етті. Ұрпақ өсірді. Үлгі-өнеге бола білді. Бүгінде арамызда жүргендердің қатары күн санап сиреп барады. Бар қиындықтарға мойымай, жүрегі Отаным деп соққан барша ата-апаларымыздың есімдері біз үшін әрдайым қастерлі. Ұлы Отан соғысындағы Жеңісті тарих ешқашан ұмытпайды. Сұрапыл соғыс азабын көргендерді бүгінгі ұрпақ аялап, қамқорлыққа алып, барынша назардан тыс қалдырмай келеді. Күн сайын азайып келе жатқан ардагерлерге барынша құрмет көрсетіп, олардың ерлік істерін ұрпаққа өнеге етіп қалдыру бізге парыз. Жеңімпаздарға мың мәрте тағзым!

Қадыр Мырза – Өлінің:  
Туған жердің тылсым сырын ұғып көр,  
Бұлтын оның бұлт демей бір түбіт дер.  
Қарап тұрып мынау биік тауларға,  
Қалай төмен боламыз, ей, жігіттер!

-дегеніндей батырлар тағылымы бізді әманда тауларға бастап, терең ойдың соңына телміртіп салып жібереді.

Сейлханова Алтынай

9 сынып КММ «Краснопол орта мектебі»  
ШҚО, Бородулиха ауданы, Зенковка ауылы  
Жетекшісі: Оразалина Найля Женысовна

Жастарды қазақстандық патриотизмге шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстан-2030” стратегиясы

Бүгінгі таңдағы мемлекеттің өзекті мәселелерінің бірі Қазақстан Республикасының азаматтарының патриоттық рухын көтеру болып табылады. Елбасы Н. Назарбаев жылдағы Жолдауында патриоттық тәрбиеге көп көңіл бөледі. Менің ойымша патриоттық сезім әр адамда бола бермейді, ал оны оята білу ата анамыздың, ұстаздардың және өзіміздің қолымызда. Патриоттық деген ұғым әр адамның елін, жерін, отанын сүюінің негізі болып табылады. Қазақтың ұлтжандылығы, отансүйгіштігі ежелден қалыптасқан. Оған қазақтың ежелден сақталған нақыл сөздері: *«Ер қазақ ежелден еркіндік аңсаған»*. Қазақ халқының өз елін шапқыншылықтан қорғауда ерлігі аңыз болып жастайынан халық тәрбиесінің бесігінде тербеліп өскен. Ұлы Отан Соғысы туралы айтатын болсақ 1941-1945 жылдардағы 1 миллион 200 мың қазақстандықтар қатысып, соның жартысынан көбі елге ормалмай, соғыста мерт болды.

1941-1945 жылғы соғыста 500 дей қазақстандықтар Кеңес Одағының батыры атанды. Бұл тізімде біздің жерлестерімізде бар. Батырлар санынан Қазақстан Одақтағы халықтар арасында үшінші орында.

Туған халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, отансүйгіштіктің керемет үлгілерін соғысқа қатысқан ата бабаларымыздан көреміз. Бүгінгі күні егеменді ел болып, қазақ деген ұлт болып отыруымыздың өзі ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ ерлігінің арқасы. Ондағы батырлардың ешқайсы бүгінгідей жүйелі патриотизмге тәрбиелеудің негізіне салынбаған.

Қай заманда болса да адамзат өз алдына – есті, еңбек сүйгіш, қайырымды бала тәрбиелеуді қояды. Соның ішінде қазақ халқы өз ұрпағын, үлкенді құрметтейтін, инабатты, әділ, ержүрек, намысшыл, ізгі ниетті болып өсуін қалайды. Бұл қасиеттер дұрыс тәрбие арқылы ғана қалыптасады. Осындай көптеген тарихи тәжірибелерден, сол кездегі отбасы тәрбиесіндегі отансүйгіштік сезімнің қалыптасуына отбасындағы тәрбиенің ықпалын елемей қоюға болмайды. Отан үшін жанын пида еткен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

батырдың *ерлігі* бүгінгі бейбіт күннің жастарына үлгі-өнеге, олардың бірі біздің жерлесіміз-Иван Васильевич Косенков.

Иван Васильевич Косенков- 2015 жылдың 18 қыркүйегіне дейін Қазақстанда тұратын жалғыз тірі Кеңес Одағының Батыры ретінде есептелінді. Иван Васильевичті – біздің ауданымыздың мақтан тұтар ұлы тұлғасы санаймыз. Өйткені 18 жасар патриоттық сезімін корсетіп Отан қоғауға соғысқа кеткен ұлы адамнан неге үлгі алмасқа, оның ерлік үлгісі біздей оқушыларға мақтаныш сезімін тудырады. Үлгі алатын атамыз туралы қысқаша айтып өтсем...

Иван Васильевич- 1923 жылдың 30 желтоқсанында дүниеге келген. 1941 жылы Кеңес әскері қатарына шақыртылады. Днепро өзенін кесіп өткен кездегі көрсеткен ерлігі оның даңқын шығарды. Сол жолы артиллериялық есепте екі адам ғана қалады, олар - Иван Косенков пен оның жолдасы Михаил Голяков. Екеуі бір апта бойы снарядпен үш танкіні, машинаны, бронетранспортерді жойып, жаумен кескілескен айқас жүргізді. Кейін Запорожьеде де осындай айқаста ерлік көрсетті. 1944 жылғы 22 ақпанда оның дивизиясына КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығы оқылды: оған Днепрді кесіп өту кезінде неміс-фашистік басқыншылармен айқаста ерлік көрсеткені үшін Кеңес Одағының батыры атағы берілді. 1944 жылы Косенков демобилизацияға ұшырады. Өмірінің соңына дейін Үштөбе қаласында тұрды. Зейнетке шығар алдында тракторист ретінде, одан кейін Алматы станциясында ағаш отырғызу қорғанысында мастер болып жұмыс істеді.

2014 жылдың 10 қарашадан бастап Талғат Бигелдинов дүниеден өткен соң Қазақстанда тұратын жалғыз тірі Кеңес Одағының Батыры ретінде есептелінді.

Иван Васильевич Косенков - жұмысшы-шаруа қызыл әскерінің сержанты, Ұлы Отан соғысына қатысушысы, Кеңес Одағының Батыры. 2015 жылдың 18 қыркүйегінде дүниеден өтті.

Отанға деген сүйіспеншілігін, яғни патриоттық санасын дарытуда халқымыздың біртуар ұлы, ержүрек қолбасшы, жазушы, Қазақстанның Халық Қаһарманы батыр Бауыржан Момышұлы ағамыздың кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырып кеткен өсиеттерінің және ерлікке толы шығармаларының алатын орны ерекше. «Ұлттық патриотизм» және «Қазақстандық патриотизм» ұғымдары арқылы Отан, туған өлке, туған халқы туралы нақты түсініктер берудің тиімділігі арта түспек. Сөйтіп, ұлттық патриотизм және қазақстандық патриотизм ұғымдарына анықтама берсем: өз ұлтын, ана тілін, мұсылман дінін, туған жерін жанындай сүйетін, қорғай білетін, өз ұлтын әлемге танытатын, отансүйгіштік ой-санасы жетілген, ары таза, ен бастысы- қазақ батырларының ерлігін, үлгі-өсиетін өнеге тұтатын болуы керек.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Иван Васильевич сияқты ұлы атамыздан ерлік пен батылдықтың өлшеусіз үлгісін алып, қазіргі бейбітшілік өмірде тұрып жатқанымызға, бас иеміз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз – қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азамат өзін - өзі айқын билеуін қалыптастырады» деп нақты көрсетті. Бүгінгі күні жеке тұлғаны қазақстандық патриотизм мен отансүйгіштік рухта даму әр оқушының парызы деп ойлаймын.

**Синегуб Вероника**

10-сынып, «Буркотово аулы №3 ЖББОМ»КММ

ШҚО Бородулиха ауданы Буркотова аулы

Жетекшісі: Сабырбаев Канат Зекенович

### **Ер есімі ел есінде...**

Уақыт зымырап өтіп барады... Флейтаның жыртылып қалған сымындай өмір өтіп жатыр. Өйткені, уақыт дегеніміз – тағдырдың аямай берген сыйы, сонымен қатар ол – біздің сынаушымыз болып табылады.

Осы зымырап өтіп жатқан өмірдің ағымында сондай көп нәрсені жасап үлгеру қажет: орта мектептегі оқуымызды ойдағыдай тәмәмдап, жоғары оқу орнына түсіп, жоғары білім алып, ата- анамыздың демеушісі болып әріқарай жұмыс істеу қажет. Осының барлығына жету үшін өзімізде міндеттілік, адалдық және отансүйгіштік борыштың сезімін дамытуға қажет. Егерде біреу отансүйгіштік дегенді қалай ұғуға болатынын сұраса, ол- басқа ұлттарды құрметтеумен қатар өз ұлтыңа деген ерекше құрмет – әр қазақстандық азаматқа тиісті қасиет. Отансүйгіш адам – өз жерін, ұлтын бай мәдениетін, салттары мен дәстүрлерін және тарихын, сонымен қатар ұлы отандастын сыйлап, қошеметтейтін адам. Бірақ не үшін, неге біз отансүйгіш болуымыз керек? Менің ойымша, тек қана өз отаныңды сүйіп және оны мақтан етумен ғана біз өмірде тиісті орын таба алып, өз отанымыздың одар әрі көркеюіне жәрдем жасай аламыз. Өйткені, біздің мемлекет – ерекше мемлекет. Біздің мемлекет үшін біздің аталарымыз және арғы аталарымыз бір мың тоғызжүз қырық бірінші – бір мың тоғыз жүз қырық бесінші жылдар аралығында қандарын төккен. Олар отан, ұлы мақсат, өз балалары және немерелері мен шөберелерінің ашық аспаны үшін, бүкіл әлемде бейбітшілік орнатуды аңсап өз өмірлерін аямай беруге дейін барған нағыз отансүйгіштер болған.

Майдан шайқастарының орындарында бірнеше миллион адам қаза тапқан, олардың мыңдағаны біздің Шығыс Қазақстан облысында тұрғандар адамдар. Олардың ішінде, Бородулиха ауданынан Деменьтев Иван Клементьевич, қарапайым әскери азамат, Бородулиха ауылының 1906 жылғы тумасы, ол 1942 жылғы ақпан айында хабарсыз кеткен, Иванкин Сергей асильевич, сержант, 1923 жылы Сахновка ауылының тумасы, 1122 СП, 334 С Дивизиясының құрамында болған, 1944 жылғы 12 қаңтарда қаза тапқан, Леонтьев Иван Алексеевич, қатарлы әскери азамат, 1908 жылы Новошульба ауданының тумасы, 1152 С Полктың 344 С Дивизиясының құрамында шайқасқан, 1944 жылғы тамыздың сегізінде қаза тапқаны туралы еске алғым келеді. Өйткені, олардың барлығы біздің жарық болашағымыз үшін, осы қымбатты адамдар өз отанын сүйген сияқты өз отанымызды сүйе білсін деген мақсатпен өз жандарын қыйды. Соның өзі отансүйгіштік емеспе?

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Олармен қатарласып біздің отандастар, жас қыздар – Маншук Маметова мен Алия Молдагуловалар шайқастарда қатысып, өз өмірлерін қыйған жандар. Олардың жасаған ерліктері ешқашан да ұмытылмайды. Өйткені, олар өздерінің отанын сүйгендерін көрсете білді, олар өздерінің күш –жігерлерін, тайсалмас жүректерінің мықтылығын және отанға деген махаббаттарын дәлелдей білді. Біздің аталарымыздың, әжелеріміздің апаларымыздың өмір жолдарын, олардың өмірбаяндарын білгеніміз біз үшін отансүйіспеншіліктің рухының дамуына үлкен үлес қосады. Егер біз – отанымыздың келешек ұрпағы аталарымыздың қандай күшпен және қандай көз жастарымен біздің жерлерді сақтап қалғанын білсек, біз өз мемлекетімізді қастерлеуге, оны сүйуге, ол туралы дүниежүзіне мақтанышпен айтуға және сонымен қатар өзіміз туралы –« Мен Қазақстан республикасының азаматымын, мен өз отанымды сүйемін және сонымен мақтанамын! » деп айта аламыз.

Синицкая Анжелика

9-сынып, 3 ЖББОМ КММ ШҚО Бородулиха ауданы Буркотова аулы  
Жетекшісі: Сабырбаев Канат Зекенович

### 70 жылдан соң...

Ұлы Отан соғысы менің ойымша – барлық халықтардың, сонымен қатар біздің қазақ халқының жүректерінде жүрген жазылмайтын жара болып қалды. Осы қатаң апат бір мың тоғыз жүз қырық бірінші жылғы жиырма екінші маусымда басталып төрт жылға созылып, бір мың боғыз жүз қырық бесінші жылғы тоғызыншы мамырда ғана аяқталуы туралы біздің барлығымызға белгілі. Өйткені, бұл ең созылмалы соғыс болды. Оның майдандарында көптеген адамдардың жүректері қағуын қойды. Бұл майдандарда біздің де құралпастар қатысқаны біз үшін ойлауға да өте қиын жағдай болып саналады. Олардың кейбіреулері небары он үш, он төрт жаста ғана болды. Олар өз өмірлерін өз Отаны үшін, отандастары, бала, әке, аналары, келер ұрпақтар үшін берді. Сондықтан да көптеген қалалардың аттары майданда қатысқан батырлардың есімдерімен аталған.

Халық өте көп қайғы көргені барлығымызға әйгілі. Ленинградтықтардың тайсалмас тұрақтылықтарын да еске алуға болады. Олардың тоғыз жүз күнге созылған қоршауда болған жағдайына Ұлы Жамбыл да өз үлесін қосты. Ол «Ленинградтық өрендерім» атты өлеңін арнаған. Жамбыл өте мұқият Ұлы отан соғысының оқиғаларын бақылады. Мың тоғыз жүз қырық бірінші жылдың қыркүйек айында радиодан Кеңес одағының ақпараттық бюросының Ленинградқа төнген қауіп туралы естіп, өзінің өлеңі арқылы Ленинград майдангерлерін демеді, оларға Ленинградты ұстап қалуды баулыды. Осы өлеңнің сөзі радио арқылы айтылған және көптеген газеттерде басылды. Үйлердің қабырғаларында желімделген Жамбылдың сөздерімен плакаттар қала қорғаушыларға жақсы әсер етті, олар қаланы ұстап қалды. Осыны еске алғанда жан дүниеміз қозғалады. Қалай ғана адамдар қатты аязға, тамақсыз, жаудың бомбылауына шыдаған екен? Сонымен қатар, Сталинградты да еске алсақ. Басқа да көптеген қалалардың тағдыры біздің есімізде. Олардың барлығының алдында біз бас иеміз. Ойланып көрсек, біздің көз алдымыздан олардың барлығы қандай қиындықпен сол жеңіске жеткендері өтеді. Барлық халық бір жұдырықтай жұмылып, қолдан келгеннің барлығын жеңіс үшін жолдаған. Адамдар үшін өз жандарын да жеңіс үшін қыю – қасиетті іс болып табылған. Қаншама миллион халық осы соғыста қаза тапты... Аналар мен жарларға өздерінің туған балаларын және күйеулерін жоңтауға да уақыт табылмаған, олардың өздері де қолдарына қару –жарақтарын алып жауға қарсы шыққан. Барлық халық бірігіп фашистік әскерді өз жерінен қуды, сонымен қатар соғыстан, фашизмнан зардап шеккен барлық мемлекеттерді құтқарды.

Өкінішке орай, көптеген жауынгерлер Берлинге дейін жете алмады, бірақ олар туралы естелік біздің жүректерімізде қазірге дейін сақталған. Келешек ұрпақтарға да біз өз білгенімізді жеткіземіз.

Біздің Қазақстандық екі жас қызының ерлігі де Ұлы Отан соғысының тарихына кірді. Алия Молдағұлова – қазақтың бірінші әйел адамы ретінде өлгеннен кейін Кеңес Одағының батырының атағын алды. Ол өз батальонын фашисттерімен күреске апарды. Өзі жараланса да, Алия Молдағұлова өзін жаралаған фашист офицерін автоматпен атып өлтірген. Бұл оның өміріндегі ақырғы жау болды...

Тағы да бір батыр қазақ қыздың есімі Маншүк Маметова. Ол да өз ерлігімен жиырма бір жасында тарихта қалды. Ол фашисттардың қоршауында жалғыз қалып қалды. Бірақ үш пулеметпен жалғыз қалып, ол үш сағат бойы жаудың қатты атакасына қарсы тұрды. Пулемет құлап қалғанда қыздың бетін қан жапты. Маншук қаза тапты, бірақ Невель қаласының тұрғындарының есінде осы күнге дейін батыр қазақ қызының есімі.

Менің ойымша, біз де осындай жағдайлар кезіксе, барлық күш жігерімізді жинап қажетті іс- әрекеттер жасауға дайынбыз. Өйткені, біздің ортақ Отанымыз - Қазақстан біздің туған бесігіміз, біздің ұлан байтақ жеріміз, біздің өмірге келген жеріміз. Оны қорғау – біздің ең басты міндетіміз. Қазіргі кезде біздің ең басымды мақсатымыз – шамамыз келгенше білім алу, білім алу шындарына жету. Ол үшін барлық жағдайларды қолдану қажет. Сабақта ұстаздардың барлық берген білімдерін қабылдау, олардың ақыл- кеңестерін қолдану, сабақтан тыс уақытта қосымша көптеген Ғаламтор материалдарын қолданып, дүниежүзіндегі болып жатқан барлық оқиғалардан тыс қалмауға тырысу керек деп санаймын. Алған барлық білімізді қолданып өз Отанымыз –Қазақстанның құлпыруына көп көмек келтіреміз. Өйткені, біздің Қазақстан қазір өзінің даму кезеңінде. Оның әріқарай құлпыруы үшін әлі де көптеген біз сияқты қыз- ұлдардың талпынып, биік шындарға жетуі қажет. Осы мақсаттарға ақырғы уақытта дамып келе жатқан Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың үштілді болуымызды талап еткені бізге өте маңызды.

Өзіме келсем, барлық мүмкіндіктерді қолдана отырып, осы бағытта мен де ат салысып отырмын. Ана тілім - орыс тілі екен демей мен қазақ тілін де, сонымен қатар ағылшын тілін де меңгеруге тырысып жүрмін. Сондықтан да осы шығармамды мемлекеттік тілде жазуға шешімге келіп, ойыммен бөлісіп отырмын.

Талапбек Мария

10 -сынып оқушысы Шығыс Қазақстан обл. Күршім ауданы Боран ауылы  
Құмаш Нұрғалиев атындағы гимназия Республикалық интернет байқаулар  
Жетекшісі: Бейсембаева Алтынай Лятаевна

Ерлікке тағзым  
Пай! Пай! Пай! Киелі неткен жер!  
Батырлар дүрілдеп өткен жер,  
Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер.  
Бас иіп, иіскеп топырағын,  
Тағзым жасамай өтпендер!

-деген еді атақты ақынымыз Мұқағали Мақатаев. Ақынның жүрегін жарып шыққан осы бір жыр жолынан киелі туған жерінің, қасиетті елінің құдіретін ту етіп көтерген азаматтық үнін ұғамыз. Осылай «елім» деп еңіреген қаншама боздақтарымыздың өміріне арналған жыр жолдары маржан болып төгіліп, тарих бетінде із болып қалды десеңізші...

«Ерлік білекте емес, жүректе» екенін жанымен, жүрегімен ұғына білген ержүрек батыр аталарымыз осындай өмір мен өлім белдескен шақта, халқымыздың тағдыры таразыға түскен қауіпті де қатерлі тұста, тарих сахнасына жарқ етіп шықты. Халқының қамын, елінің елдігін ойлаған, елі үшін еңіреп туған ерлерімнің қажымайтын, қажырлы қайраты келешек ұрпақ біздерге, үлгі болып табылмақ. Қатерлі сәтте халқының басына ауыр күн туып, қауіп-қатер төнген екі талай заманда туған жерін, өскен елін қорғап, жауға қарсы тайсалмай қан майданға шыққан ерлеріміздің бірі бүгінде аты Одаққа мәлім КСРО Халық Мұғалімі, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озаты, қарт ұстаз, елінің ардағына айналған Құмаш Нұрғалиұлы Нұрғалиев еді. Отты жылдардың от-жалынынан мүгедек болып оралып, қазақ мектебінің мәртебесін арттырған білікті де білгір ұстазымыздың ерлікпен өткізген өмірі үшін бүкіл еліміз, оның ішінде шәкірттері мақтаныш етеміз.

Құмаш ата! Менің балғын да пәк жүрегім өзіңізге деген қадір-құрметтен жаралған. Сіздің баға жетпес ерлігіңізге бас иіп, тағзым етемін. Сіздің тұғыры биік тұлғаңызды үлгі-өнеге ете отырып, Отанымды сүйеге, оны жан-тәніммен қорғауға, туған еліме қалтқысыз еңбек етуге және қазақ атты халықтың адал ұлы мен қызы болып ғұмыр кешуге ант беремін. Осынау бір кішкентай жүрегімнен шыққан жыр жолдары өзіңіздің ерлікке толы өміріңізге арналады.

Шығысым, шұрайлы өлке, шаңқай төсі,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Тамаша, шіркін, неткен Алтай кеші.  
Көк түндігін жамылып, ай жарқырап,  
Жымыңдасқан сан жұлдыз тілдеседі.

Ақ балтырлы қайындар сыңғырлайды,  
Сай-саладан өзен-су былдырлайды.  
Таң қалдырған талайды Марқа деген,  
Сұлулығын сұқтана түн де ұрлайды.

Сол Марқакөл баурайында Сармөңке атты,  
Кіп-кішкене шалғайда ауыл жатты.  
Тіл жетпес көз байлаған табиғаты,  
Көрген жанды баурап алып таңырқатты.

Таулары бар зеңгір көкпен таласқан,  
Орманы бар кіріп кетсең адасқан.  
Шөліркеген жанға суы шипадай,  
Қолмен жасап қойғандайын жарасқан.

1925 ерекше, ерекше ед жыл,  
Қуанды барша туыс, барша өңір.  
Нұрғалиев әулетіне бір ханзада,  
Қарашығы көзіндей сыйлады ұл.

Ат қойып, айдар тақты Құмаш деген,  
Жылдар өтті солай-солай сырғып ағып  
Құмаштайын ерлерім тумас па екен,  
Құмаш ата- мәңгілік Нұрлы жарық.

Шалғайда ауыл жатыр Шыңғыстайдай,  
Ат талығып жететін алыс жолдан,  
Сол Шыңғыстай дарындылар мекені еді.

Оралханның тал бесігі аталған,  
Алтайдың Мұзбалағы атанған.  
Сұлтанмахмұт білім нәрін еккен жер,  
Шыңғыстайда орта мектеп атанған.

Өрлікті биік-биік тауларынан үйренген,  
Сыр шертейік өткендегі күндерден.  
Жеті жастан Құмаш барды мектепке,  
Атпен барып қалып қоймай , үлгерген.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Байқасам Құмаш ата бұл ісінен,  
Отансүйгіш, қажырлық пен қайраттықты,  
Патриот болғандығын түсінем мен.

Сағаттар сырғиды, минуттар жылжиды,  
Замандар өтеді басынан мың қилы.  
Сынағы Алланың тағы да,  
Небәрі он бес жасында,  
Жалынды бозбала шағында,  
Әкесіз қалдырды ардақты.

Не керек Құмаш сонымен,  
Оқуды солай тоқтатып.  
Білімнің сара жолымен,  
Қош айтысты қиналып.

Әкенің жоғын білдірмей,  
Үй ішін асыраған-ды.  
Артынан ерген үлгідей,  
Күш-жігерін жанады.

Есепші боп ауылдық советте,  
Түсті Құмаш аяқ асты әлекке.  
Азамат боп аялады анасын,  
Балалық та қалды еркелік әдет те.

Ерлік деген табиғат сыйы емес,  
Бұл өзіңнің ар- намысың қиын егес.  
Бұл өзі әр адамда бола бермес,  
Бұл өзі сатып алар бұйым емес.

Үш жыл да соныменен өте шықты,  
Құмаш та азамат болды мықты.  
1941 жылдың маусымында,  
Бір сұмдық селк еткізді ,ел дүрлікті.

Сұрапыл сұм соғыс келген еді,  
Аяқ асты ауылға да енген еді.  
Қолдарына қару ұстай алатын,  
Әр ауылдан ерлерді терген еді.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Бұл соғысқа Құмаш та аттанады,  
Жарамдының бәрін де ап барады.  
Ащы сыйлық Құмаш үшін бар ма тағы,  
Бар ма еді өмірден татпағаны?!

Түтінсіз ауыл қалды жамыраған,  
Тіледі болсыншы деп жаны аман.  
Бір үйдің арқа сүйер тірегі еді,  
Құмаш та кете барды амалсыздан.  
Шешесі зарлап жатты естіледі,  
Қу дүние, қайыршы-ай жарымаған...

Осылай майданда жүргенінде,  
Үй ішіне ара-тұра хат жазады.  
Анда-санда келетін пошташы жоқ,  
Көптен бері болмады хат-хабары  
Алаңды ана ұйқысыз таң атырған,  
Қайырылғандай болып қос қанатынан,  
Ер еді ғой асылдан жаратылған.

Бұл кезде Құмаш жатты ауыр халде,  
Бір қол мен екі аяқтан айырылған,  
Өмір ме ,күтіп тұрған өлім бе әлде?!

Екі аяқ, бір қолын берген жанға,  
Сонда да нұр сыйлайды көрген жанға.  
Қайыспас, қайсар мінез Құмаш ата,  
Үмітпенен қарайды атқан таңға.

Госпитальде Москваның жатады,  
Қансырайды, көп қан жоғалтады.  
Шевельева медбикесі орыстың,  
Қан құяды, құтқарады атамды.

Ес- түссіз біраз күндер өтеді,  
Лиза да қан беріп , көмектесіп.  
Есін жиып қарағанда жалғыз қолы,  
Бозбаланы бұл көрініс сенделтеді.

Орыстың екі сыныбын бітіреді,  
Госпитальде жатқанда сол кездері.  
Қайсар мінез, қайраты Құмаш ата,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Бұл соққы оны нағыз ер етеді.

Жігерлі жас келеді ауылына,  
Ерлік жасап ол ғұмыр жарығында.  
Аяққа тұрмаққа ол талпынады,  
Жүрмекке адамдық қалыбында.  
1946 қарашаның айында,  
Ойлайды ол ауылдық мектеп жайын да.  
Бел буады ұстаз болып мектепте,  
Еске алып достарының сөзін «мойыма».

Мектеп те дегеніндей салғызады,  
Артына Құмаш атын қалдырады.  
Ерлігі ұмытылмас Марғасқаның,  
Тебіrentпей қоймайды әрбір жанды.

Алматыдай арман қуған қаласына,  
Тарихтан білім алып мұғалімдік.

5-ке оқып үздікке бітіреді,  
Бір белес бұл да қазақ баласына.

Осылай талайларды бағындырған,  
Таң қалдырған біреуді табындырған.  
Қайран Құмаш қайсар мінез, арың таза,  
Жаралғандай тап-таза жаның нұрдан.

Мәлік Ғабдуллин атадан,  
Диплом алып қолынан.  
« Айың тусын оңыңнан!»  
Хат жазып дереу соңынан.

Балаларға арнайды бар ғұмырын,  
Тер төккен жан аямай күні- түні.  
Бетінен қақпаған —ды ешқашанда,  
Көтеріп еркелігін сан қылығын.

Қуат беріп бабалар айбатымен,  
Жігер отын жандырып, қайратып ең.  
Жас өркенге сіңіріп қайраттықты,  
Патриоттыққа жастарды тәрбиелеп ең

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Өтті ер мына жалған дүниеден,  
Ұрпақтары ұлы ісін жалғастырған.  
Бір сәтте мойымаған, иілмеген,  
Тіліп өтер күш –жігері найзағайдан

Тілейді шәкірттерің ата саған,  
Ашылсын жұмақ қақпағы сан мыңдаған.  
Қолдап әркез жүргейсіз желеп-жебеп,  
Ұрпақтардың амандығын бір Алладан!

**Тоқтарғазынова Раушан**

10 сынып, «Көкжайық орта мектебі»  
ШҚО, Көкпекті ауданы, Көкжайық ауылы  
Жетекшісі: Нұрлан Ермек Сыдықұлы

### **Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды!**

Бүгін - Ұлы Отан соғысының басталғанына 71 жыл: қазақстандықтардың майдан даласындағы ерліктері мен тылдағы табандылықтары ешқашан да ұмытылмайды!

Бүгін - Ұлы Отан соғысының басталғанына 71 жыл 22 маусым - барлық посткеңестің елдердің тарихындағы ең қайғылы датаның бірі. Осыдан 71 жыл бұрын, дәл осы күні таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық-шекарашылар болды.

Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын күл-талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест камалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі беларусь жерінде қалған. Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

1939 жылдың дерегі бойынша, біздің республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар жасақталған. Фашистермен болған шайқастарда 328-ші, 310-шы, 312-ші, 314-ші, 316-шы, 387-ші, 391-ші, 8-ші, 29-шы, 102-ші, 405-ші атқыштар дивизиясы, 100-ші және 101-ші ұлттық, 81-ші, 105-ші, 106-шы кавалериялық дивизиялар, 74-ші және 75-ші теңіз атқыштар бригадасы, 209-шы Зайсан, 219-шы минометтік, 85-ші зениттік, 662-ші, 991-ші және 992-ші авиациялық полктер ерекше көзге түсті. Майданға 14 100 жүк және жеңіл автокөлік, 1500 шынжыр табанды трактор, 110 400 жылқы, 16 200 арба жөнелтілді.

Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам – «Даңқ»- орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында, партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда да жүргені мәлім. Гитлерліктер КСРО-ның батыс аудандарын басып алғаннан кейін, Сібір мен Қазақстанның ел экономикасындағы маңызы күрт артқан. Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады. Қысқа мерзімнің ішінде Қазақстанның аумағына 142 кәсіпорын жайғастырылды, 532 506 адам көшірілді. Оған қоса, жаңа өнеркәсіптік нысандардың құрылыстары жеделдетілді.

Республикада танк және ұшақ жасауға ақша жинау қозғалысы жүрді. 1941 жылдың күзінде Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағы(ВЛКСМ)атындағы танк дивизиясын құруға қаржы жинала бастады да, бір жылға жетер-жетпес уақыттың ішінде армия қазақстандық комсомолдардан 45 жаңа танк алды. Кейінірек халық қаражатына тағы 10 танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилия, торпедо катерлер мен атаулы ұшақтар жасалды. Соғыс жылдары Қазақстан халқы жауынгерлік техникалар жасауға 480,3 миллион рубль жинап берді.

Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты. Атап айтқанда, еліміз 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн берді. Бұл соғысқа дейінгі бес жылдағы көрсеткіштен бірнеше есе көп. Республиканың барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды: бейбіт мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1 710 қала және 70 мыңнан астам село-деревнялар, 31 850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың шақырым темір жол, 4 100 теміржол стансасы, 36 мың пошта-телеграф мекемесі, телефон стансасы және басқа да байланыс бекеттері жермен-жексен болған немесе жартылай қираған. 40 мыңдай аурухана немесе басқа да емдеу мекемелері, 74 мың мектеп, техникум, жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу институттары, 42 мың кітапхана және басқа да көптеген нысандарды жойып жіберілген, тоналған. Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

**Толқын Ынтымақ**

10 сынып, Өскемен қаласы әкімдігінің КММ «№35 орта мектеп»  
Жетекші: Канкетаева Назгуль Кайрбековна

**Сұм соғыс болмасын қайтадан!**

Орағың берік болса, қарың талмайды,  
Отаның берік болса, жауың алмайды.  
Халық мақалы

Тіршілік жанданып, жер жүзі құлпырып тағы да бір керемет көктем келді. Тынысыңды ашар қоңырқай таза ауа мен құстардың тәтті үні кеудеңді еріксіз қуанышқа толтырады. Көңілінде күй ойнап, жүрегіңді жымындай күлдіретін осы бір бейбіт күнді, бейбіт көктемді көргеніңе масайрап мәз боласың. Қуаныштың күлкісінен басқа дыбыс естілмейтін мүлгіген тыныштық құдды бір ықылым заманнан бері орнаған сияқтанады. Бірақ, олай емес. Маңдайымызды қыздырып, жанымызға нұрын сыйлаған алтын күніміздің бетінен кеселді қара бұлттың арылғанына биыл жетпіс бір жыл толып отыр. Бір кездері, дамылсыз дөңгеленген дүниені дүр сілкіндіріп, жер бетін қанға бөгіп кетпек болған қорқынышты қызыл өрт шығып еді. Иә, сол қырық бірінші жылғы жалынды айтамын. Жалын емес-ау, тиген жерінің күлін де қалдырмайтын айдаһардың аузынан бүркер оты еді ғой. Мезгілсіз кезде мамыражай елдің мазасын алған осындай өртті қанша боздақ өз қандарымен сөндірді десеңізші?! Соғыс деген сұр жыланның аты аталысымен, қасиетті Отан үшін сапқа тұрып, сарбаз болған біздің қырандар. Қылталарынан қан кешіп жүрсе де, жау алдында тізесін бүкпей, тізесі тұрмақ басын да иземей, қаһарлы да, қаһарман халықтың ұрпағы екенін дәлелдеп өтті. Қазақ атамыз “Құр қасық ауыз жыртар” деп бекер айтпаған ғой. Менің айтып отырған сөздерімнің дәлелдерін тарихтан келтіре кетсем артық болмас.

Ұлы Отан Соғысы десе, есіме ең бірінші түсетіні – Бауыржан Момышұлы. Ол кісі аға майдангер, даңқты жауынгер, білікті қолбасшы. Қанды соғысқа 1941 жылдың күрең күзінен бастап қатысты. Баукеңнің жауынгерлік шеберлігіне бүгінгі ұрпақ әлі күнге дейін таңданыспен, қызыға қараймыз. Шибөрідей қаптаған қалың жаудың ортаснан өзіне адал берілген сарбаздарын аса үлкен шығынсыз аман алып шығу екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. Тіпті, қарша бораған қалың оқтың арасында соғыс жоспарын ойламақ түгіл, күннің қай жақтан шығып, қай жаққа батарын болжаудың өзі бір мұң емес пе, пенде үшін?! Бірақ, ол кісінің қасиеті сол, қандай жағдай болмасын, солдаттардың есінен ең маңызды істерін шығарған

жоқ. Олардың қанатының астында қастерлі қара жер мен қара домалақ балалар жасырынып жатқанын сезіндіріп, сол арқылы жігіттердің намысын қайрап, жігерін жандырды. Өзі басқарған батальонымен бірге жеңістің жолын ашып, болашақ үшін белсенді қадам басты.

Менің тілге тиек етер тағы бір батырым – Рақымжан Қошқарбаев. Ол да, өзінің қандай елдің ұрпағы екенін нағыз ердің ісімен дәлелдеді. Төбесінен нөсер болып сорғалаған оқтарға қарамастан, басын бәйгеге қойып жүріп, жау көзінше жеңістің туын тікті. Дегенмен, оның ерлігін өзге істеді деп, сол кезде мойындағысы келмесе де, оның ерлігін ел мойындады. Біртуар батырым деп төбесіне көтерді. Ол елім деп еңірегенге батырдың бірі болып өтті өмірден. Айбаты арыстандай, қайраты жолбарыстай қазақтың қыраны көптің көкейінен мәңгілікке өшпейтіні анық. Сұрапыл соғыс басталғанда азаматтарымызбен бірге қазақтың қайсар қыздары да майдан шебіне бірге аттанды. Олардың ішінен есімдерін бөліп айтарым, әрине, Әлия мен Мәншүк еді. Бөрі қолына мылтығын алып, жауын жасырын жер жаттанса да, енді бірі пулеметін қандыбалақ қарсыласына қарсы қойып, ажал отын қарша боратты. Осындай қаһарман қыздардың қыршын қиылғаны біз үшін ең өкінішті оқиға болып қалды...

Міне, бүгінгі біздің бейбіт заман осындай өртті сөндіргеннен кейін орнады. Ұрпақтарының болашағы үшін ел мен жерді қасық қаны қалғанша қорғаған батыр бабаларымыздың еңбегінің жемісін бүгін біз көріп жатырмыз. Біз осы күнімізге шүкіршілік етіп, ата-бабамыздың аманаты киелі жерімізді қорғап, келер ұрпаққа тапсыруымыз міндет. Бізден кейінгі көшті де жаратқан қолдап қорғаштап жүруін тілейміз қазіргі ұрпақ... Шығармамды өз туындыммен тәмамдайын:

Көк жүзін көк тұман торлап-ап,  
Сезінгем бір кезде тамшыны.  
Бомбалар төбеден сорғалап,  
Жер-ана кеудесін шаншыды.  
Көктемде қоңырқай келіп күз,  
Жүп-жұмыр бұлттарын төндіріп,  
Сол кезде туған жер еріксіз,  
Көзіне жас алды мөлдіреп.

Қапыда көп көңіл қайғы алды.  
Сабылып сан-сақта саналар,  
Жетім мен жесірге айналды,  
Бір күнде ана мен балалар.

Көбейіп найзағай, күркілдер,  
Көп кетті сан боздақ сүрініп.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Сілкінтті жер жүзін дүмпулер,  
Мүлгіген тыныштық бұзылып.

Майданда ел мен жер арысты,  
Қолпаштап санаға ой салды.  
Ақыры азулы алыпты,  
Толағай жігіттер тойтарды.

Көркейтіп Отанның келбетін,  
Күн шықсын созылып арқадан.  
Тәтті әуен тербетіп жер бетін,  
Сұм соғыс болмасын қайтадан!

**Түрленбаева Зарина**

Катонқарағай ауданы Ново – Хайрузовка ауылы  
«Ново – Хайрузовка орта мектебі» КММ 9 сыныбы  
Жетекшісі: Кусманова Назым Аскатовна

### **Ешкім де ешқашан да ұмытылмайды**

Қазақтың бай, ұланғайыр кең даласы өзіне жау шақырмай тұра алмайды. Осындай жерге қызығушылар өзшең алпауыт елдер болған. Жан – жақтан анталаған жаулардың соққысына да, патшалы Ресейдің отаршылдық саясатына да қазақ елі шыдады. Ат ауыздығымен су кешкен, ер толарсақтан саз кешкен заманда көреген хандарымыз жаңылмай әмір бере білді. Алпауыт мемлекеттердің ықпалына, АҚШ пен Еуропаның бопсасына, сырттан теуіп, тексіздер іштен сатып жатқанда босамастай етіп қазақ елі қарсы тұра алды. Осындай қанды шайқастардың бірі Ұлы Отан Соғысы. Талайлардың өмірін қиратқан бұл қанды балақты соғыс ешкімнің есінен кетпестей болды. Қыршындай ұл – қыздарымыздың қаны судай ақты. Талайларды жер аударып, талайларын қинаған соғысты кім жақсы көрсін.?!?!

Ел үшін сыз топырақ жастанайық  
Соғыс жылы кеткен еді қас қарайып  
Ортамызда бүгін жоқ сол мың боздақ

Қазіргі кезде шалқып өмір сүріп жатқанымыз сол ата – бабаларымыздың арқасы екенін еш ұмытпайық.

Қазағымның көңіліндей кең даласына көз жіберсең, әр тасы, сарқырап аққан өзені, хош иісті жусаны өткен тарих беттерінен сыр шертіп жатқандай. Кешегі тарихта «Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұлама» атымен қалған жоңғар шапқыншылығы... Елін, даласының әр тасын әр тал шөбін жоңғар шапқыншылығынан қасық қандары қалғанша қорғаған - Қабанбай, Бөгенбай бабаларымыз, қанды қол неміс басқыншыларымен болған екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында қайталанбас ерліктің ізін қалтырған ағаларымыз – Бауыржан Момышұлы, Төлеген Тоқтаравтар, шығыстың қос шынары атанған аяулы апаларымыз - Әлия мен Мәншүк келер ұрпақтың осындай ғажайып Тәуелсіз елде өмір сүретініне әсте күмән келтірмеген болар деп ойлаймын.

Тарих үнемі жаңаланып отырады. Десе де, ұмытылмайтын, ескірмейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бірі әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыс. 1941 жылы 22 – маусымда таңғы сағат 4 –те бейбіт жатқан елімізге фашистік Германия тұтқиылдан соғыс ашты. Суық хабар сол күні байтақ елімізге, жер – жерге тарады. Ер азаматтар асығыс соғысқа аттанды. Жауынгерлеріміз қасық қаны, шыбындай жаны қалғанша шайқасып, батырлықтың үлгісін көрсетті. Сол кездегі Кеңес елінің бірлігі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

мен достығының арқасында бұл соғыс 1945 жылы 9 – мамырда Ұлы жеңіспен аяқталды. Осы соғыста Кеңес одағының басқа республикаларымен бірге біздің Қазақстан да аянбай жаумен шайқасты. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдары бір миллион екіжүзмыңдай қазақстандық майданға аттанған. Дерек бойынша олардың 410 мыңы майдан даласында қаза тапса, 125 мыңы із – түссіз кеткен деп көрсетіледі, шын мәнінде бұданда көп боздақтар қанды шайқасқа аттанған. Соғыстың қасіреті мен Ұлы жеңістің қасиетін, батыр ағаларымыз бен апаларымызды ешкімде ешқашан ұмытпақ емес. Ұлы Отан соғысында жүріп осы соғыс тақырыбына қалам сілтеген ардагерлеріміздің шығармаларының тәрбиеләк мәні өте зор. Солардың бірі Ұлы Отан соғысына қатысып, елге жеңіспен оралған ата – апаларымыз соғыста көрген ащы көріністерді кейінгі ұрпаққа баяндап кеткен. Сонымен қатар ел үшін, Отаны үшін шайқаста қаза тапқан ата – апаларымыздың соғыс кезінде жазған кішкене күнделік тәрізді жазбаларыда сақталған болатын. Қазіргі таңда сол естеліктер көркем тарихи шығарма ретінде өңделіп жарыққа шығуда.

Бостандыққа еркін бір дем алғаны  
Орындалып мың жылдық ел арманы  
Тәуелсіздік жолында қанын төккен

Бабаларым бұл күнді көре алмады. Дегендей бұл жыр жолдарын оқығанда кез келген көкірегі ояу қазақ баласының көзіне жас келеді, жүрегі мұңға толады.

Бабаларымыз жеткен арманға бүгінде біздер, ұрпақтар жетіп, азат елдің ұланы атандық. Бұл жиырмасыншы ғасырдағы тарихтың бізге силаған баға жетпес сиы еді. Қазақстанның Тәуелсіздік алуына оның аумағында тұратын басқа ұлт өкілдері де едәуір үлес қосты. Суын ішіп, жерін жайлап төріне шығарған қазақ халқын сиялай білетін, олардың басым көпшілігі тәуелсіздігімізді шын жүрегімен қабылдады.

Тағдыр мені аямады қорлады  
Жалынсамда жыласамда болмады  
Қараңғы өмір, бағытым жоқ, жоқ менің  
Армандаған ақ сәулеге жетпедім

Деп шер төккен Қайрат Рысқұлбеквтың маңдайына тәуелсіздіктің таңын көруді жазбаған еді. Адамзат тарихында теңдесі жоқ ең қаһарлы, қанды қырғын болған екінші дүние жүзілік соғыс әлемге қисапсыз қайғы қасырет әкелді. Бүгінде күллі әлем қазақ елін татулықты ту еткен ел ғана емес өз сал – санасын, тарихын тілін ұлықтаған ұлы халық деп мойындайды.

Жиырма төрт жыл түледі қазақ тұғырында  
Тарихтың алтын тас боп тұнығында

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Астанам зәулім шаһар ел таныған  
Әлемнің бәрі бүгін қызығуда  
Тәуелсіздік таңатқан жиырма төрт жылың  
Бабалар арман қылған мұны бұрын  
Жиырма төрт жылда жалының сәуле шашып  
Жиырма төрт ғасыр іс – қылсын тәңір бүгін  
Тәуелсіз елге бүгін әлем ғажап  
Тең болса терезесі төрін алат  
Тарихтың қойнауында таңбас нұра  
Мәңгілік Тәуелсіз болып қазақ қалат  
Өмірдің ашылады күн тақтасы  
Тағдырдың ашылғандай гүл қақпасы  
Тәуелсіз Қазақстан Нұр ағам дер  
Әлемнің берген баға көшбасшысы  
Бибіт ел, бибіт мекен дала құшқан  
Болмасын үрей боп сана тышқан  
Жасай бер, жаса мәңгі Тәуелсіздік  
Бақытың баянды боп Қазақстан

Қазақстан қазақ халқының ата – баба мекені. Бұл ата – бабамыз туған, өскен, өмір сүрген, топырағында кіндігі кесілген жер – жазира жері. Бүгінгі күні Қазақстан – бір тұтас жер, бір тұтас халық, бір тұтас болашақ.

**Үмбетова Мадина**

11 класс оқушысы «№39ЖОББМ» КММ Семей қаласы

Шығыс Қазақстан облысы

Жетекшісі: Ережепова Динара Жүгенбайқызы

Біз әрқашанда Жеңіс күнін аға буынның Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің, жастарды ерлік пен патриотизм рухында тәрбиелеудің өлшеусіз өнегесі деп білеміз  
Н. Назарбаев

Біздің ата-бабаларымыз түрлі қанқұйлы соғысты басынан өткерді. Жер бетін тып-типыл етуге ұмтылған, араны ашылып, әлем біткенді жалмаған екінші дүниежүзілік соғыс туралы шығарма жазуды бастағанымда, бұл тақырыпты он бетке тіпті жүз бетке сыйғызу мүмкін емес екендігін түсіндім.

Қанды кешкен бір кезде майдангерлер,  
Елге аяулы бұл күнде ардагерлер.  
Отан үшін алға деп аттандыңдар,  
Елге төнген сонау бір отты күнде,  
Қалған жоқсың аянып ешбірің де,

-деген өлең шумақтарым есіме жиі-жиі орала береді...

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндердің бірі болды. Жеңіс үшін өмірін, жастық шағын қиған, тағдырдың ауыр да азапты тауқыметінен өтіп, Отанға деген ыстық махаббатпен от басып, су кешіп жүріп дәлелдеген ардагерлеріміз жылдан-жылға, күннен-күнге азаюда, олардың тірі қалғандары, арамызда жүріп жеңістің тәтті дәмін татып жүргендері саусақпен санарлықтай. Соғыстың аяқталғанына қанша уақыт өтсе де, отты жылдардың елесі әлі күнге халық жүрегінде өшпегендігін түсіндім.

Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Шаттық әнін қайғылы үнге, нұрлы күнді қара түнге айналдырады. Адам баласы үшін соғыстан асқан кесапат жоқ шығар, сірә. Дүниедегі бейбітшілік бағына сұрапыл соғыс қаһарын төкті.

Соғыс! Жалғыз ауыз сөз. Бірақ қандай қорқынышты. Біздің Қазақстанда да соғыс оты шарпымаған шаңырақ кемде кем. Еңкейген кәрі, өрімдей жас, еңбектеген балаға дейін елі, жері, Отаны үшін арпалысты. Еліміздің арыстары басын тау мен тасқа ұрып, тар жол тайғақ кеше жүріп, еліміздің болашағы, келер ұрпақтың бақытты ғұмыры үшін аянбай күресіп табандылық пен асқан қайсарлық, шыдамдылық пен беріктік танытты, қасық қаны, шыбындай жаны қалғанша шайқасты. Жеңіс оңайлықпен келмегендігі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

айқын. Сондықтан Ұлы Отан соғысында елім деп жанын пидә еткен қайтпас қыран азаматтар мен үшін «Ер тұлғалар».

Ерлерім – ай елім деп еңіреген,  
Қиын күнде жауына берілмеген.  
Ордасында сол жауды жеңдік ақыр,  
Отан үшін деген бір сенімменен.  
Жеңдік жауды салютпен гүл аттырдың,  
Бөркінді аспанға лақтырдың.  
Шейіт болған достарың еске түсіп,

Өкініш пен бірақта жылап тұрдың-деген өлең жолдарым, осының айғағы.

Қаншама уақыт, қаншама ғасыр өтсе де қарапайым халықтың басынан өткен атаулы оқиғалар тарих бетінде ызғарлы әріптермен жазылып қала бермек... Өйткені олар ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Міне, осындай ата-әже, аға-апаларымыздың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігіміздің нұрындай боп мәңгі шуағын шашып тұрған жоқ па?! Ұлы Отан соғысына қатысқан: Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова сияқты өз жерлестеріміз барынша күресе білді. Себебі, олар Отан үшін от кешкендер емес пе?!

Иә, бұл жылдары жүрегі елім деп соққан әрбір азамат өз борышын, антын орындап шықты. Батырлар «Отаным» деген асыл сөзді асқақтата мақтанышпен айтты.

Кеуде тосқан жаудың оқ – жебесіне,  
Ерліктерің мәңгілік ел есінде.  
Қошқарбаев Рахымжан емес пе еді,  
Рейхстагтың ту тіккен төбесіне.  
Жастық шақтың жалынын арнап бәрін,  
Кім білмейді ерлігін Талғаттардың!  
Қаншама рет Берлиннің аспанында,  
Ұшағыңмен ұшыртып самғатқанын

– дей отырып, батыр бабаларымың қайсарлығы мен өжеттілігін осы өлең шумақтарымымен тармақтағым келеді.

Қос қыршын қыз Мәншүк пен Әлиямыз,  
Жастар еді – ау Отаншыл жаны нағыз.  
Солар тірі шіркін – ай, жүрсе бүгін,  
Ақ шашты ана болмас па еді қариямыз,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

- деген өлең жолдарым арқылы шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк есімі бүгінгі ұрпаққа ерліктің ғажайып үлгісі деп айтар едім. Менің ойымша, ешкімнен тайсалмай, тек алға деп ұмтылған ардагергерлерге өз өмірімізді құрбан етсек те бұл құрметіміз жеткіліксіз болар. «Кеңес Одағы» деген үлкен мемлекеттің миллиондаған халқымен бірге, Қазақстан да бұл сұрапыл соғыстағы жеңіске өзінің үлкен үлесін қосты. Мен осы батырларымның қан төгіспен, қасық қаны қалғанша шайқасып ауыр азаппен өткізген әрбір күніне қарыздармын. Олар Отанымыздың байтақ жерін қорғады, ақ сүт берген, пәк жүзді арай баласын қорғады. Жауынгерлер келер ұрпаққа батырлықтың, батылдықтың үлгісін көрсете білді. Қасиетті де қас-тер-лі Отан үшін жан беріп, жанын пидә еткен шейіттерді жыл сай-ын еске алып, олардың рухына тағзым ету – біздің, кейінгі ұр-пақ-тың ең басты парызы деп түсінемін. Өйткені әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті мен Ұлы Жеңістің қасиетін, батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін, ешкім де ешқашан ұмытпақ емес.

Бұл сұрапыл соғысты кім білмейді,  
Жылжысын ай, апталап мың күн мейлі.  
Болашақта әлі де ерлік жайлы,  
Талай дастан, роман, жыр гүлдейді.  
Соғыс өрті бұрқ етсе бір түпкірде,  
Жүрек шіркін селк етер үркіп мүлде.  
Жан дүниең қасқайып қасіреттен,  
Аза бойың қаза боп сыңсып бірден.  
Керек бізге әлемнің тыныштығы,  
Керек бізге адамзат туыстығы.  
Сендер тұрған бүгінгі азат елдің,  
Желбірейді көгінде күміс туы

– деп, болашақ ұрпағы үшін бейбітшілікті, тәуелсіздікті сыйлаған ардагерлерімізге басымды мың мәрте иіп тағзым етемін! «Отан - оттан да ыстық» деген дана халқымыз, адам баласының жүрегінде ең бірінші, ақ сүт берген туған анасына деген сезім орын алса, екінші, Отанға деген жалынды, ыстық сезім орын алады екен. Батыр майдангерлеріміз жайлы сан қилы шығармалар, өлең шумақтары жазылары анық. Әйтсе де өз өлеңдерім де ешқашан толастар емес. Батырларым жайлы айтарым да мақтанарым да көп-ақ! Ендігі жеңіс те ерлік те біздің қолда.

Көз алартып адамзат достығына,  
Қақысы бар кімдердің жоқ қылуға.  
Тыныштықпен алаңсыз өмір сүрген,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Күллі әлемнің не жетсін достығына.  
Ерліктерің, ағалар, санамызда,  
Арқау болған өмірің сан аңызға.  
Өмір жолың жастарға үлгі болып,  
Әлі тірі жүре беріңіз арамызда!!!

Жеңіс мерекесі – жеңімпаз әкелер мен аға буынның және сол ағалар ісін алға апаратын жас буынның мерекесі... Бұл мереке екінші дүниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығын өз мойнымен көтеріп, Отан үшін от кешіп, соғыстың қанға бөккен даласында қайсарлықпен шайқасқан, Жеңістің туын желбіреткен, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерекше мейрамы. Осындай Ұлы батырларымыздың арқасында қаһарман ерлік пен еңбек жеңіп шықты. Зұлымдық, басқыншылық тізе бүкті. Бірлік, ерлік, халықтар достығы да нығая түсті. Жеңіске жету жолындағы Қазақстандықтардың да асқан ерлігі мен әскери жанқиярлығы Отан соғысы тарихында жарқын беттеріне айналды деп білемін.

Файзоллин Мағжан

«Балғын орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
10- сынып оқушысы

### Белгісіз солдатқа хат

«Жеті атасын білмеген- жетесіз» дейді халық даналығы. Менің атамның да осы сөзді жиі айтатын әдеті бар еді. Және ол менің жеті атамды білуімді талап етті. Кішкентайымнан санама сіңіріп , Қали, Уәли атты аталарымның соғыста қаза болғанын айтып, көзіне жас алатын. Уәли атты ағасынан естелікке сурет те қалмағанын, қай жерде жерленгенін де білмейтінін өзегі өртеніп әңгімелейтін. Сұм соғыстың құрбаны болған аталарым туралы бүгінгі күні көп ойланамын. Сәті келгенде олардың ерлік істерін аңыз етіп айтатын да мен екенімді жақсы түсінемін. Біздің бүгінгі тыныш өміріміз үшін, бақытты балалығымыз үшін олар кеше қаза болған жоқ па?!

Біздің Балғын ауылы Алтайдың бөктерін ала биіктеген Сұлушоқы шыңының етегінде орналасқан. Табиғатта бір керемет сұлу мекен болса, ол біздің өлке шығар. Басын қар басқан биік шың қысы- жазы аппақ болып алыстан мұнартып тұрады. Кейде салы суға кеткен көңілсіз адамдай тұнжырап, басына бұлт ілінеді. Сондай сәттерде соғыста қаза болған аталарымды, оларды сағынып әңгімелеп отыратын өз атамды еске аламын. Бала көңілім егілгендей болады. Естелікке суреті де қалмаған Уәли атамды ойлаймын. Тарих қойнауына үңіліп, суретін тауып алып, кеудесіндегі ағасына деген сағыныш дертін баса алмай кеткен өз атама сүйіншілеп суретін көрсетсем деймін. Ол менің , сірә, орындалмайтын, тек бір асыл қиялымда ғана орындалатын арманым шығар? Сондықтан да, мен бүгін Уәли атаммен бірге жауға қарсы аттанған белгісіз жауынгерге хат жазбақшымын. Ол маған жауап бермейтінін де білемін. Бірақ мен өзімнің елі үшін қолына қару алып жауға қарсы аттанған атамның Отан үшін кеудесін оққа төсегенін жақсы білемін және мақтан етемін. Суреті қалмаса да қаһармандықпен қаза болған атамның жарқын бейнесі менің санамда сайрап тұр.

Қадірменді , Белгісіз солдат! ХХІ ғасыр ұрпағының атынан сізге хат жолдаймын. Бәлкім, кешегі кескілескен ұрыста менің атам сенімен бірге болған шығар? Мүмкін Алтай тауы жайлы, өз туған ауылында қалған анасы туралы әңгімелескен де боларсыңдар. Анасы жылай- жылай қос жанарынан айрылғанын оның сағынышқа толы жүрегі сезген де болар. Курск шайқасын бірге бастан кешіргендерінді де білемін. Ары қарай қараңғы түнек, белгісіздік. Белгісіздік, үзілген үміт , сағыныш. Осы үшеуі қосылып, адамның өзегін тілгілейтін бір сұр жылан. Алапат соғыстың сен де құрбанысың, Белгісіз солдат! Сендер ерлікпен қаза болдыңдар. Сендерді біз ешқашан ұмытпаймыз! Сендерді ұмытпаймыз деп, мәңгілік алау жаққан ұрпағың бар. Тарихты зерделеп білуші, құрметтеуші, өркендеп өсіп келе жатқан ұл-

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

қыздарың бар. Сендердің ерліктерің- ұрпаққа аманат, мәңгі ұмытылмас тарих. Жеңіс туын желбіреткенімізге 71 жыл өтсе де, соғыс зардабы туралы көзге жас алмай, көңілді мұң шалмай айту мүмкін емес. Жаңа деректер бойынша сол соғыста 30 миллион адам құрбан болған екен. Адамзат тарихындағы осыдан асқан қасіретті соғыс болмаған шығар.

Белгісіз солдат! Мен соғысты жек көрем. Сендер де жек көрдіңдер. Бірақ жауға туған жеріңді таптатпау үшін қолыңа қару алдың. Қолыңа қару алып тұрып, мәңгі мүсінге айналдың. Қазіргі ұрпаққа сендердің елім деп соққан жүректеріңдегі рухты берсе деп ойлаймын. Қайсар мінездеріңді, төзімділігіңнің титтей болса да, бір бөлшегін берсе деймін. Біз осы сіздердей бола аламыз ба? Осы сұрақ санамды тілгілейді. Әрине, боламыз. Әрине, елімізді жауға бермейміз. Бірақ мен адамзатқа соғыс тілемеймін. Бейбіт өміріміздің аспанында ақ көгершін қалықтап ұша берсін. Сендердің ерлік істерің- бізге аманат, аңыз етіп айту, жүректерде сақтау- ұрпағыңның қасиетті парызы .

Хамитов Диас

7 - сынып оқушысы «Бобровка орта мектебі»КММ

Глубокое ауданы Шығыс Қазақстан облысы

Жетекшісі: Бекжанова Гульнар Зайнолдановна

### Ұлы Жеңіс қарсаңындағы естелік

Соғыс... Соғысты мен көрген жоқпын. Бірақ менің санамда соғыс туралы кинофильмдерден көрген жантүршігерлік көріністер мен көркем шығармалардағы соғысты суреттеген жолдар қалған. Үлкендер «Егер сол соғыста жеңбесек, бейбіт заманда өмір сүрер ме едік. Сондықтан жеңіске үлес қосқан ардагерлерімізді құрмет тұтуымыз керек» деп ұдайы айтып келеді. Соғыс туралы шығармалардан қаншама боздақтардың толарсақтан қан кешіп, қаншама жас қыршын өмірдің майдан даласында қиылғанын, қаншама жауынгердің хабарсыз кеткенін, қаншама ананың соғыстан оралмаған баласын күтіп өмірден өткендігін оқып білдім...

Бейбіт күннің тағы бір таңы атып келе жатқан. Бұл – 1941 жылдың маусым айының 22-сі күні болатын. Фашистік Германия тұтқиылдан Кеңес Одағына соғыс ашты. Соғыстың алғашқы күндерінен- ақ Кеңес халқы жан-тәнімен өз Отанын қорғауға аттанды. Бейбіт өмір үшін шыбын жанын шүберекке түйіп, кеудесін от пен оққа тосып, қасық қаны қалғанша жаумен шайқасқан есіл ерлердің қатарында қазақ батырлары да бар. Қатардағы жауынгер Александр Матросовтың өшпес ерлігін үш жүзге жуық жауынгер, оның ішінде Қазақстаннан Акеділ Суқамбаев, Сұлтан Баймағамбетов, Иван Бабин және басқалар, ал капитан Гастеллоның ерлігін қазақстандық Нұркен Әбдіров пен Михаил Янно қайталады. Талғат Бигелдинов, Қасым Қайсенов, Ізғұтты Айтықов, Төлеген Тоқтаров, Баубек Бұлқышев сынды батырларымызды біз, кейінгі ұрпақ мақтаныш етеміз. Бұл соғыста жауға қарсы бас көтерген ер-азаматтардың қатарында нәзік қыздарымыз да болды. Олар-шығыстың қос шынары Әлия мен Мәншүк еді. Өз халқының батырлығы мен ерлігін әлемге әйгілі еткен қазақтың батыр қыздары туралы ақиқат пен аңыз халыққа кең таралды. Фашизмнің ордасы рейхстагқа батыр ағамыз Рақымжан Қошқарбаев алғашқылардың бірі болып ту тікті. Соғыс жылдары қазақстандық бес әскери құрамаға «Гвардиялық» деген құрметті атақ берілді. Соның ішінде атақты «Гвардиялық Панфилов дивизиясы» бар. Сол гвардия құрамынан шыққан, батальон, кейін дивизия командирі болған Бауыржан Момышұлының, Мәлік Ғабдуллиннің есімдері соғыс тарихынан мәңгілік орын алды.

Міне, Ұлы Жеңіске биыл 71 жыл толады. Бұл Жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. Осы соғыста 20 миллионнан астам Кеңес адамы құрбан болды. Соғыс кезінде жақын адамынан айырылмаған жанұя жоқ шығар, сірә! Жыл өткен сайын ардагерлер қатары сиреп барады. Біздің

Бобровка ауылында да соғыс ардагерлері саусақпен санарлықтай. Жеңісті жақындатуға тыл еңбеккерлерінің үлесі ерекше болды. Өздері қара су мен қара нанды талғажу еткен халық бар жақсысын, бар жылысын 1418 күн бойы майданға жіберді. Соғыс жылдарындағы аналар еңбегі ерекше еді. Олар өз жарларының, балаларының, немерелерінің қанды майданнан аман – сау оралуын тілеп, елдегі еңкейген қарттар мен еңбектеген балаларға басшы бола білді. Мен бұл шығармамда Жеңіске үлес қосқан тыл ардагері Бобровка ауылының тұрғыны Бақтыбаев Шайхымұрат туралы жазғым келеді. Шайхымұрат ақсақал Тарбағатай ауданы Максим Горький ауылдық кеңесіне қарасты Ахметбұлақ ауылында дүниеге келген екен. Әкесі Бақтыбай соғыс басталғанда соғысқа аттанып, соғыстан оралмапты. Ақсақал сол жылдарды «Соғыс кезінде колхоз соғыс жауынгерлеріне азық-түлік дайындауда қой сүтінен ірімшік, дайындайтын еді. Ағам екеуіміз сол сауын қойлардың қозысын бақтық. Шешем ауылдағы әйелдермен бірге қой сауып, қаладан келген орыс қыздары қой сүтінен ірімшік (брынза) жасаушы еді. Біз істемеген жұмыс қалмады. Шиеттей балалар қабырғасы қайысса да, шаршап, қажыса да шыдаушы еді. Шөп шабу, егін жинау кезінде жұмысшыларға өгіз жегілген екі аяқты арбамен арбамен сүт, айран, қымыз сияқты сусындар тасыдым. Бір күні сусын апара жатқанда арбаға жегілген өгізім оқыралап жарға түсіп кетіп, арбам аударылып, бір бөшке қымыз төгіліп, өзім арбаның астында қалдым. Жақын жерде шекара бекеті орналасқан болатын. Жанұшырған дауысымды естіп шекарашы екі солдат келіп, арбаның астынан алып шығып, жаным қалғаны бар-ды. Шөп, егін шабу науқанында ат машинаға отырып «погонщик» те болдым. Атым «бороздадан» шығып кетіп, сол үшін машинистен таяқ жеген кездерім де болды. Қой терісінен тігілген тері шалбар, аяғымызға сиыр терісінен жасалған шарқай кидік қой. Әлі есімде, қарнымыз тойып тамақ та ішпеуші едік. Бидай көже, арпаның талқаны, көк ірімшік жейтінбіз. Нан тапшы болатын. Балаларға тойып нан жеу арман еді. Кейін ойласам, Жеңіс күнін жақындатуға біз де өз үлесімізді қосыппыз» деп есіне алады. Ол кісі жеті жылдықты бітіргеннен кейін мал маманын дайындайтын оқуды бітіріп, әр жылдары мал санитары, ферма зоотехнигі, ферма меңгерушісі болып ауыл шаруашылығының өркендеуіне өз еңбегін сіңіріпті. 1972-80 жылдары Покровка ауылдық кеңесінде кеңес төрағасы болып қызмет етіпті. Кейінгі жылдары Покровка жұмысшылар кооперативі бастығы болған. 1993 жылы зейнеткерлік демалысқа шығыпты. Бүгінде Шайхымұрат ақсақал - жанұясында алты бала өсіріп, тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып отырған бақытты отағасы. Жеңістің 70 жылдығына орай елі үшін аянбай еңбек еткен тыл ардагері «Еңбекте ерлігі үшін» медалімен марапатталған еді.

Мына жаһандану заманында, ақыл-ойды ғаламтор жайлап алған кезде көп балалар Ұлы Жеңістің маңызына терең бойламауы да мүмкін. Біз өткенімізді ұмытпай, Ұлы Жеңіс жолында құрбан болғандарды жыл сайын

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

еске алып, құрметтеуіміз керек. Етігімен су кешіп, от басып, ат ауыздығымен су ішкен, сұр шинельді төсек етіп, ақ қар, көк мұз жастанып, жаумен шайқасқан күндердің естелігі, ескерткіші ретінде, ең алдымен кешегі өткен сұрапыл соғыста ғажап ерліктің үлгісін көрсеткен асыл әкелер мен ағалардың, абзал азаматтар мен есіл ерлеріміздің батырлық, қаһармандық жолын үлгі етеміз. Отан үшін отқа түскен, келешек бақытты өміріміз үшін жанын пидеткен батыр апа-аталарымызға мың да бір алғыс айтып, басымызды иеміз. Отан дегеніміз не? Отан сөзі-әр адамның жанына жақын, жүрегіне жылы тиер сөз... Осы сөзді естігенде көз алдарыңа не келеді? Иә, көз алдымызға кілемдей өрнектелген көк шалғын, айдын көлде кикүлаған аққу-қаз, үйіріле жусаған отар-отар қой, құлын-тайы ойнақтаған үйір-үйір жылқы, жібектей толқыған ақ бидай елестеп, қоңыраулатқан бозторғай үні келеді. Жалғанның жартысындай жасыл жазира даласын ғасырлар бойы шегарасында қамал-қорған салмай-ақ, жанкешті батырлары жан пиде болып қорғай білген ата-бабамыз қандай ержүрек болған десеңші! Отан үшін отқа түскен, келешек бақытты өміріміз үшін жанын пидеткен батыр апа-аталарымызға мың да бір алғыс айтып, басымызды иіп, тағзым етеміз. «Отаным маған қандай жақсылық жасай алады деп сұрама. Мен Отаным не жасай аламын деп сұра» деген ұлы сөз бар екен. Менің туған жерім-Қазақстан Республикасы.. Қазір Қазақстан- дербес, тәуелсіз үлкен мемлекет.. Мұндай бейбіт елде өмір сүріп жатқан әрбір Қазақстан азаматында арман жоқ шығар. Қазақстанның өркендеп, дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы үшін еңбек етіп атын шығарып жүрген еліміздің елеулі азаматтары баршылық. Мен де жақсы оқуыммен, үлгілі тәртібіммен, ата-анама мейірімді перзент атанып, үлкенге ізетті, кішіге қамқор болып, Қазақстанның Мәңгілік ел болуына титтей де болса өз үлесімді қосқым келеді. Осы ұлы мереке қарсаңында мен барлық қазақстандықтарға, әлем халқына мәңгілік тыныштық, бейбітшілік тілегім келеді. Ғасырдан ғасыр өтіп, тарих шежіресіне әлі талай ерлік пен қаһармандықтың үлгісі жазылар. Бірақ жер жүзін фашизм апатынан аман алып қалған ұлы Жеңіс халық қаһармандығының өшпес өнегесіндей болып мәңгі жарқырай берері, бейбіт өмірдің қадір-қасиетін көтере түсері кәміл. Енді ешқашан соғыс болмаса екен, аналар баласын жоқтамаса екен, жазықсыз жандар жапа шекпесе екен, сәбилер жыламаса екен!

**Шәріпханова Динара**

10- сынып, М.В.Ломоносов мектебі  
ШҚО, Зайсан ауданы, Зайсан қаласы  
Жетекшісі: Жатабаева Гулназ Зиядабекқызы

### **Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес**

Жеңіс! Осы бір сөз әрбір адам үшін қасиетті де құдіретті! Жеңіс деген сөзді халқымыз төрт жыл бойы күтті емес пе?! От пен жалынға оранған 1418 күннің әрбір сағаты, әр минуты қауіп - қатерге толы болғанын қолына қару алып соғысқа аттанған аталарымыз жақсы біледі. Жеңіс оңай келген жоқ. Бүкіл еліміз жұдырықтай жұмылып жауға қарсы тұра білудің арқасында ғана мүмкін болды. Ер-азаматтар майдан даласында су кешіп, жаумен бетпе-бет соғысса, тылда қалған қарт адамдар, аналар, жас балалар ер-азаматтардың орнын басып еңбек етті.

Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радио, телехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, еш нәрсе де ұмытылған жоқ.

Біз соғысты көрген жоқпыз, бірақ сол соғыс ауыртпалығын көзімен көріп, басынан кешірген майдангер жазушы, қаламгер ағаларымыздың шығармаларынан көп оқыдық, білеміз. Қанды қырғын қан майданда талай боздақ етігімен қан кешіп жүріп өздерінің жастығын, күш-жігерін жұмсады. Сол соғыстан оралмаған солдаттарды күтіп артында аңыраған ана мен әкелер, желкілдеп өсіп балалар, махаббатын, сүйгенін күтіп бойжеткен қыздар қалды.

Ақиық ақын М.Мақатаевтың «Өмір жайлы» өлеңінде:

Өмір жайлы сұрай берме сен менен,  
Өмірді мен әлі зерттеп көрмеп ем.  
Өмір жайлы білгің келсе қартқа бар,  
Қан майданнан жалғыз ұлы келмеген.  
Жесір келін, бір нәресте көрмеген,  
Жетім шалды бала орнына тербеген,

- деп соғыс жылдарындағы ел тағдырын суреттейді. Сай - сүйегің сырқырайтын осы бір көрініс – халық басына төнген тарихтың тасқын бір селі. Соғыс деген – лаулаған өрт, жойқын апат, ақын тілімен айтқанды жетім шал, жесір келін, жетім бала, құлазыған тіршілік, құлаған кереге, опырылған шаңырақ, аштық, жалаңаштық, жоғалған жастық – соның бәрі де ақынның

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

туған ауылының лайсаң кешіп өткен бақытсыз жолы, тұманды күні тартқан дерті. «Неңді сенің сағынамын, бала шағым, Бұлдыраған айналам ала сағым» деп ол күндерді еске алудың өзі қандай ауыр екенін айтады.

Соғыс жылдары аналар не көрмеді?! Көз алдымызға дауылға да, жауынға да қарсы жүрген қайсар да қайратты, жігерлі, өмірдің тұтқасын берік ұстап тұрған аналар елестейді. Олар белді бекем байлап ер- азаматтың жұмысын істеді. Бар қуатын бойына жиып ап, қай жерден ажал қарсы шығар болса да, бетпе -бет арпалысуға дайын тұрды. Төрт жыл бойы соғыс қырғыны жауынгерлердің қатарын селдіреткені, ал мұның өзі қалалар мен ауыл, селоларға «қара қағаз» болып жетіп, жесірлердің көз жасына айналып жатқаны да кешегі ақиқат.

Ұлы Отан соғысы... Бұл – сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің, бала батыр,  
Қариялар азайып бара жатыр.  
Бірі мініп келместің кемесіне,  
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген

Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын, әсіресе, олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған аталарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл - Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш, әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс – он бес одақтас болған

Мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Москва, сенің іргеңді  
Ел, ер болып сақтаймыз.

Сенен аяр жан да жоқ,  
Барлығы да сен үшін,  
Саған қауіп төнгенде  
Жау таянып келгенде,  
Қамсыз тыныш жатпаймыз.  
Алпыс ұлттың адамы  
Қол ұстасып үн қосып  
Қорғауға сені дайынбыз,

- деп жазған Нүрпейіс Байғаниннің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті.

Қазақ – ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Қазақ жауынгерлерінің майдандағы ерлігі мен тапқырлығы, жауынан тайсалмайтындығы мен сұстылығы достарымызды сүйсіндіріп, дұшпанымызды күйіндірді. Қазақтар шын мәнінде жаратылысы батыр, ерлік дәстүрі қалыптасқан ержүрек халық екенін дәлелдей білді. Соғыс жылдары кеңес-герман майданында болып, ондағы жағдайды өз көзімен көрген Александр Верд деген ағылшын журналисі өзінің 1967 жылы Мәскеуден шыққан «Россия в войне 1941-1945 годов» атты ғұмырнамалық кітабында былай деп жазды: «Ең мықты солдаттар қазақтар, олар соғыстың өн бойында өздерін толығымен жақсы жағынан көрсетті». «Правда» газеті 1943 жылы 6 ақпанда «Даңқты қазақ халқы Советтік Отан үшін шайқаста» атты бас мақаласында «Қазақтар майданда жақсы шайқасады. Қазақстан өз жерінің бүкіл байлығымен, тауларының бүкіл қазынасымен майданға қуатты тірек болып отыр... » деп ерекше атап көрсетті. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парактарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Ұлы Отан соғысының ерлікке толы қаһарлы жылдары барған сайын алыстап, тарихқа барады. Бірақ сол бір естен кетпес жылдар неғұрлым алыстаған сайын, соғыс салған жара неғұрлым жазылған сайын кеңес халқының ғажайып ерлігі соғұрлым аса ұлы болып көрінеді. Халықтарды езіп-жаншудан өз қанын төгумен аман сақтап қалғандарды адамзат баласы ешқашан ұмытпақ емес. Жеңіс күні бізге ең алдымен бейбітшіліктің бағасын ұқтырды. Болашақ өмір, ұрпақ үшін жанын қиған ата - бабамыздың ерліктері ұмытылмастай тарихта жазылды. Соғыс ұлы сын мектебі, ерліктің,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

батырлықтың мектебі болды, соғысқандар үшін ғана емес, соңғы келер буын үшін де мектеп. Қан майданның төрінде жаумен жанын қия айқасқан батыр ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас ие мәңгілік тағзым етеміз.